

2020
2021

БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫ

ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫ БОЙЫНША ЕСЕП



АДАМДАР ФОКУСТА



АДАМДАР ФОКУСТА

МАЗМҰНЫ

5	Есеп туралы
6	Инкай санмен
10	БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесіміз
14	Бас директордың үндеуі
16	Біз – Инкай
16	Біз туралы
21	Даму стратегиясы
22	Экономикалық қызмет
28	Цифрлық инфрақұрылым
30	Пандемия жағдайларына бейімделу
34	Корпоративтік басқару
37	Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті басқару
40	Тәуекелдерді басқару
44	Этика және нормалар
45	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
46	Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу
52	Қауымдастықтарға мүшелік және сыртқы бастамалар

55	Қоршаған орта
54	Қоршаған ортаны қорғауды басқару
59	Экологиялық әсер
61	Қоршаған ортаның экологиялық мониторингі
71	Қоршаған ортаны қорғау саласындағы радиациялық қауіпсіздік
73	Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бастамалар мен шығыстар

82	Өндірістегі қауіпсіздік
83	Еңбекті қорғау және өнер-кәсіптік қауіпсіздік мәселелерін басқару
90	Өндірістік тәуекелдер
92	Жарақаттану көрсеткіштері
93	Оқыту
95	ТЖ-ға дайындық

101	Персоналды басқару
100	Персоналды басқару жүйесі
109	Жұмыскерлерді оқыту және дамыту
112	Ұжымдық шарттар
114	Әлеуметтік сканерлеу

116	Қосымшалар
-----	------------

3

4

5

ЕСЕП ТУРАЛЫ

ОСЫ ЕСЕП ТҰРАҚТЫ
ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ
ЕСЕПТІЛІК ЖӨНІНДЕГІ
ЖАҢАНДЫҚ
БАСТАМАНЫҢ (БҰДАН
ӘРІ — GRI STANDARDS)
СТАНДАРТТАРЫНА
СӘЙКЕС
ДАЙЫНДАЛҒАН, АШУ
ДЕҢГЕЙІ — НЕГІЗГІ
(CORE)

АДАМДАР ФОКУСТА

СІЗДЕРДІҢ НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА «ИНКАЙ» БК» ЖШС-НІҢ 2020 ЖЫЛ ЖӘНЕ 2021 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫ БОЙЫНША ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП ҰСЫНЫЛҒАН (БҰДАН ӘРІ – ЕСЕП, ТДЕ). ОСЫ ЕСЕП КОМПАНИЯНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ, ЭКОЛОГИЯЛЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТІЛЕРІ ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ ҰСТАНЫМДАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ БАЯНДАЙТЫН АЛҒАШҚЫ ҚҰЖАТ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПТЫ БИЗНЕС БОЛА ОТЫРЫП, КОМПАНИЯ ОСЫ ЕСЕПТІ ЖАРИЯЛАУ АРҚЫЛЫ ӨЗ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯ ЕТУДІҢ АШЫҚТЫҒЫН АРТТЫРУ БЕЙІЛДІЛІГІН БІЛДІРЕДІ.

ЕСЕПТЕ КОМПАНИЯНЫҢ 2020 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАРДАН БАСТАП 2021 ЖЫЛҒЫ 1 ШІЛДЕГЕ ДЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ ҰСЫНЫЛҒАН. ЕСЕПТІҢ ШЕКАРАСЫ ҚАЗАҚСТАНДА ТІРКЕЛГЕН ЗАҢДЫ ТҰЛҒА – «ИНКАЙ» БК» ЖШС-ІН ҒАНА ҚАМТИДЫ. ҚАРЖЫЛЫҚ ДЕРЕКТЕР ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕС ДАЙЫНДАЛҒАН КОМПАНИЯНЫҢ АУДИТТЕЛГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНЕ СӘЙКЕС ҰСЫНЫЛҒАН.


ЕСЕПТІҢ МАЗМҰНЫ GRI STANDARDS ҚОЛДАНАТЫН ТАЛАПТАРҒА СӘЙКЕС КЕЛЕТІН МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАРДЫҢ ДАЙЫНДАЛҒАН ТІЗІМІ НЕГІЗІНДЕ АНЫҚТАЛДЫ. МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАР ТУРАЛЫ ТОЛЫҒЫРАҚ АҚПАРАТ МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАРДЫ АНЫҚТАУ БӨЛІМІНДЕ ҰСЫНЫЛҒАН.

ЕСЕП ТУРАЛЫ


ИНКАЙ САНМЕН

ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР


- Уран өндіру көлемі (тонна)




- Дайын өнім өндірісінің көлемі (тонна)




- Тікелей экономикалық құн (млрд теңге)




- Бөлінбеген экономикалық құн (млрд теңге)



- Тауарларды сатып алудағы жергілікті қамтудың үлесі (%)





- Жалақы және басқа төлемдер (млрд теңге)




ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР


- Шығарындылар (тCO₂ экв.)




- Энергияны тұтыну (мың ГДж)





- Энергия сыйымдылығы (мың ГДж/т)



- Қалдықтар (тонна)



- Су тарту (мың м³)



¹ Парниктік газдардың тікелей шығарындылары - компанияның иелігіндегі немесе бақылауындағы көздерден парниктік газдардың шығарындылары.
² Парниктік газдардың жанама шығарындылары - компания өз тұтынуы үшін сатып алған энергия өндіруден парниктік газдардың шығарындылары.

ӘЛЕУМЕТТІК КӨРСЕТКІШТЕР

- 2021 жылдың 1 шілдесіне жұмыскерлер саны

741

адам



- ЕҚ және ӨҚ саласындағы менеджмент жүйесімен қамтылған

100 %

жұмыскерлер үлесі



- Әлеуметтік бағдарламаларға бағытталған қаржы

2020 ж.

73,2 млн тг

1/2 2021 ж.

68,1 млн тг



- LTIR көрсеткіші 200 000 адам-сағатқа

2020 ж.

0,3

1/2 2021 ж.

0



- Жанармай шығыны, (%)

26 %

2018 жылдан 2020 жылға дейін дизель отынын тұтынудың қысқартылуы

18 %

бензин тұтынудың қысқартылуы



«Үнемді өндіріс» концепциясына сәйкес қызмет

«Үздік ұжымдық шарт» номинациясында бірінші орын және «Парыз 2020» байқауының қорытындысы бойынша үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорындардың бірі



БҰҰ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІМІЗ

БІЗ БІРІККЕН ҰЛТТАР
ҰЙЫМЫНЫҢ
ТҰРАҚТЫ ДАМУ
МАҚСАТТАРЫНА
(БҰДАН ӘРІ - БҰҰ ТДМ)
ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ ҮЛЕС
ҚОСУҒА ҰМТЫЛАМЫЗ.
ҚОРШАҒАН ОРТАҒА
ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ
ҚОҒАМДАСТЫҚТАРҒА
ӘСЕРДІ БАРЫНША
АЗАЙТУ ЖӨНІНДЕГІ
ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ
АСЫРУ АРҚЫЛЫ
БІЗ ЖАҒАНДЫҚ
ДЕҢГЕЙДЕ ОРНЫҚТЫ
ДАМУҒА БЕЙІЛДІЛІКТІ
БІЛДІРЕМІЗ.
БІЗ МАҚСАТЫН
БАСЫМДЫҚТАРЫН
БЕЛГІЛЕП,
КОМПАНИЯНЫҢ
ОЛАРҒА ЖЕТУГЕ
АЙТАРЛЫҚТАЙ ҮЛЕС
ҚОСЫП ЖАТҚАН 10
НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫН
АНЫҚТАДЫҚ.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ




Салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және кез келген жастағы әр адам үшін қолайлы жағдай жасау

- Компанияның барлық жұмыскерлерін медициналық сақтандырумен қамтамасыз ету
- Салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған жобаларды қолдау
- Қатысатын өңірде спорт объектілерін салуға инвестициялар



Сапалы білім беру адамдардың өмір сүру жағдайын жақсартудың және орнықты дамуды қамтамасыз етудің негізін құрайды

- Білім беру грантын бөлу
- Компания жұмыскерлерінің балаларын оқытуды қаржыландыру бағдарламасы
- Компания жұмыскерлеріне кәсіби білім беру



Барлығына арзан, сенімді, тұрақты және заманауи энергия көздеріне жалпыға бірдей қол жетімділікті қамтамасыз ету

- Электр тұтынуды төмендету бойынша бастамаларды іске асыру
- Электр энергиясының баламалы көздерін енгізу
- Энергоаудиттер өткізу



Прогрессивті, жан-жақты және тұрақты экономикалық өсуге, толық және өнімді жұмыспен қамтуға және барлығына лайықты жұмыс істеуге жәрдемдесу

- Қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету
- Әртүрлі әлеуметтік жәрдемақылар мен бағдарламаларды қамтитын кепілдендірілген әлеуметтік пакетті ұсыну
- Қатысатын өңірлерде жұмыс орындарын құру
- Салық міндеттемелерін орындау



Тұрақты инфрақұрылым құру, барлығын қамтитын және тұрақты индустрияландыру мен инновацияларға жәрдемдесу

- Қатысу аймағының әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосу
- Біз қатысатын өңірдегі инфрақұрылымды жақсарту
- Жергілікті билік органдарымен келісім жасасу арқылы аймақтағы өмір сүру деңгейін жақсартуды қамтамасыз ету
- Әлеуметтік тұрақтылық индексін анықтау бойынша зерттеу жүргізу



Тұрақты инфрақұрылым құру, барлығын қамтитын және тұрақты индустрияландыру мен инновацияларға жәрдемдесу

- «Үнемді өндіріс» жобасы. Жобаның концепциясы еңбек өнімділігін арттыру, шығындарды азайту, өнім сапасын жақсарту
- Қалдықтарды басқару: азайту және жою



Климаттың өзгеруіне және оның салдарына қарсы күрес жөнінде шұғыл шаралар қабылдау

- Парниктік газдар шығарындылары бойынша бағалау және есеп беру



Құрлық экожүйелерін қорғау және қалпына келтіру және оларды ұтымды пайдалануға жәрдемдесу, орманды ұтымды пайдалану, шөлейттенуге қарсы күрес, жердің тозу процесін тоқтату және кері бұру, биоәртүрлілікті жоғалту процесін тоқтату

- Қолда бар бастапқы және жаңа деректерді талдау, мақсаты көшпелі мал шаруашылығы үшін пайдаланылатын мекендеу ортасына, өсімдіктерге және жануарлардың қорғалатын түрлеріне, қоршаған жерлерге тау-кен әзірлемелерінің қызметінен болатын әсерлердің деңгейі мен болуын нақты анықтау
- Тау-кен жұмыстарымен бұзылған әртүрлі мекендеу орындары (орталары) контурланған мекендеу орындарының карталарын жасау



Тұрақты даму мүддесінде бейбітшілік сүйгіш және ашық қоғам құруға жәрдемдесу, барлығы үшін сот төрелігіне қол жеткізуді қамтамасыз ету және барлық деңгейлерде тиімді, есеп беретін және көпшіліктің қатысуына негізделген мекемелер құру

- Адам құқықтары мен заңнаманы сақтау
- Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл
- Мүдделер қақтығысының алдын алу
- Әділ және кәсіби қатынастар



Орнықты даму мүддесінде Жаһандық әріптестік шеңберінде жүзеге асыру құралдарын нығайту және жұмысты жандандыру

- Тұрақты даму саласындағы бастамаларды енгізу және қолдау





GRI 102-14

Құрметті оқырман!

«Инкай»БҚ» ЖШС сіздің назарыңызға Global Reporting Initiative есеп беру жөніндегі танылған халықаралық нұсқаулыққа – GRI стандарттарына сәйкес дайындалған тұрақты даму туралы алғашқы Есепті ұсынады. Бұл Есеп мүдделі тараптарға – біздің қатысушыларымызға, жұмыскерлерімізге және жергілікті халыққа Компанияның қызметі туралы және біздің әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салалардағы ықпалымыз туралы ақпаратты ұсынады.

Өткен жылы бүкіл әлем жаңа COVID-19 коронавирустық инфекциясының пандемиясына тап болды. Өміріміздің барлық саласының беріктігін сынаған пандемияға қарсы бұрын-соңды болмаған шара ретінде бірқатар шектеулер қойылды. Бұл өз кезегінде әлемдік экономикаға ауыр зардабын тигізді, Компаниямыз да әрине зардап шекті.

Пандемия кезінде бізге қарым-қатынастың жаңа тәсілдерін табуға, бизнес-процестерді өзгертуге, ақпаратты қашықтықтан алып оны тез өңдеуге, өндірістік және қаржылық мақсаттарға қол жеткізуге тура келді. Біз қатаң локдаунның ең дағдарысты кезеңдерінің өзінде де өндірістік процестің үздіксіздігін қамтамасыз ете алдық.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕП
2020 ЖЫЛ ЖӘНЕ 2021 ЖЫЛДЫҢ
БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫ

SAFETY FIRST – БҰЛ БІЗДІҢ ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТІМІЗДІҢ БІРІНШІ ҚАҒИДАСЫ ЖӘНЕ БІЗ ОНЫ 2020 ЖЫЛЫ ЦИФРЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДА ҰСТАНДЫҚ.

Жұмыскерлердің денсаулығын қорғау мақсатында Компанияда қауіпсіздікті күшейту және өндірістік алаңдарда эпидемияға жол бермеу бойынша шаралар кешені әзірленіп, енгізілді. Осындай шешімдердің бірі қолданыстағы көлікті медициналық мамандандырылған жедел жәрдем автомашиналарына өзгертіп жабдықтау мен оларды ЭКГ аппараттары, дефибриллятор және өкпені жасанды желдету аппараты сияқты соңғы медициналық құралдармен жабдықтау болды. Бұл ауарайы, жол шарттарына қарамастан кеніштің кез келген жерінде, геотехнологиялық полигондардың аумағын қоса алғанда, түрлі жағдайларда жедел әрекет етуге мүмкіндік берді.

Шектеулі шарттарда **«Қашықтан сарапшы», «Дербес бейнетіркегіштер», «Білім базасы»** сияқты жаңа енгізілген цифрлық шешімдер өздерін өте жақсы көрсетті және персоналдың денсаулығы мен өндірістік процестер тәуекелдерін барынша азайтты.

Қашықтан кеңес идеясын жүзеге асыру үшін қауіпсіздік каскасы бар өндірістік толықтырылған шындық көзілдіріктері мен веб-қосымшаны қамтитын **«Қашықтағы сарапшы»** модулі қолданылады.

«Жеке бейнетіркегіштер» – бұл өндірістік тәуекелмен байланысты жұмыстарды жүргізу кезінде пайдаланылатын, оқиға орнынан

бейне-, аудио- және фотоматериалдарды түсіруге, сақтауға, жіберуге, сондай-ақ желі бойынша диспетчерлік және командалық функцияларды жүзеге асыруға, қиын жағдайларда шұғыл сигнал беруге мүмкіндік беретін төс бейне-жетондар.

Қазіргі құбылмалы кезеңде өзгерістерге реакция жылдамдығы Компанияның тұрақтылығының көрсеткіші болып табылады, сондықтан «Білім базасы» ақпараттық жобасы бүгінгі күннің талаптарына сәйкес келеді және кез келген уақытта 24/7, кез келген жерде жұмыскерлерді істерге реакция жылдамдығы Компанияның тұрақтылығының көрсеткіші болып табылады.

Үнемді өндіріс бағдарламасы аясында уақыт ысырабына қарсы күрес 2020 жылы да жалғасты. Қойма шаруашылығы процестерін жедел, автоматтандырылған және ашық еткен цифрлық жобалардың бірі қойманы штрихкодтау болды. Сондай-ақ, жұмысты оңтайландыруға мүмкіндік берді. Тиімділікті басқару шеңберінде бүкіл Компанияны көп өлшемді талдауға, бизнес-жоспарлауға және бюджеттеуге мүмкіндік беретін VINKOM (Visual Inkaı Operational Management) жүйесі табысты жұмыс істейді. Бұл бірыңғай жүйе нақты уақытта кәсіпорынды басқаруға мүмкіндік береді: жоспарлау, есеп жүргізу, өндірістік аумақтардағы жақсартуларға мониторинг жүргізу, DMAIC әдіснамасы бойынша жобаларды басқару, деректерді құрылымдау және жинақтау, жинақталған деректер бойынша кәсіпорынның мінез-құлық сипаттамаларына талдау жүргізу, адамдар мен техника паркін диспетчерлендіру.

Өткен жылы анықталған жасырын мүмкіндіктер катализатор болып, жаңа бағыттардың дамуын жеделдеткенін көрсетті. Нәтижесінде сыртқы жағымсыз факторлардың әсері бизнес үшін жойқын болмады, ал саладағы қол жеткізілген көшбасшылық ұстанымдар сақталды. Біз тұрақтылықты және жоғары қаржылық жетістіктерді көрсеттік, бұл біздің бизнесіміздің орнықтылығын және жұмыскерлеріміздің жоғары кәсіби құзыреттілігін көрсетеді. Пандемияға қатысты барлық жерде жұмыс орындары қысқарған кезде, біз барлық жұмыскерлерді сақтап, Кеніштің үздіксіз тіршілігін қамтамасыз етіп, қиын сценарийге дайын болдық.

Компаниямыз әрі қарай да уақыт талабына сай болуға ниетті. Біз Экологиялық және әлеуметтік салалардағы (ESAP) іс-қимыл жоспарын іске асыру шеңберінде іс-шаралар өткізуді жалғастыруды, жаңа жұмыскерлерді бейімдеу жүйесін автоматтандыруды жалғастыруды, жарақаттану қаупін азайтуға және еңбек қауіпсіздігін арттыруға бағытталған түрлі цифрлық технологияларды енгізуді, сондай-ақ жұмыскерлердің жайлылығын қамтамасыз етуді жоспарлап отырмыз.

Біз корпоративтік басқарудың озық тәжірибелерін енгізіп және барлық функционалдық салаларда басқару тәсілдерін жетілдіре отырып, өзімізді жауапты бизнес ретінде танытамыз. Біз бизнес пен саланы дамытуға қосқан оң үлесімізді жақсарту, сондай-ақ теріс экологиялық ізді азайту үшін жұмыс істейміз.

Компанияның бірінші басшысы ретінде «Инкай» БҚ» ЖШС рухын, көзқарасы мен құндылықтарын бейнелейтін Тұрақты даму туралы есепті оқырман назарына ұсыну мен үшін аса құнды.

Сізге көңіліңіз сүйсініп
оқуды тілеймін!

Құрметпен,
Ельнар Пернеш

БІЗ ТУРАЛЫ

«ИНКАЙ» БІРЛЕСКЕН
КӘСІПОРНЫ» ЖШС
(БҰДАН ӘРІ – КОМПАНИЯ,
ИНКАЙ) 1996 ЖЫЛЫ
«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП»
ҰЛТТЫҚ АТОМ
КОМПАНИЯСЫ»
АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫМЕН (БҰДАН ӘРІ
– ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП,
ҚАӨ) ЖӘНЕ «САМЕСО»
КАНАДАЛЫҚ
КОРПОРАЦИЯСЫМЕН
(БҰДАН ӘРІ – САМЕСО)
ҚҰРЫЛДЫ. ӨЗ КЕЗЕГІНДЕ
ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІПТІҢ
МАЖОРИТАРЛЫҚ АКЦИОНЕРІ
«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ
БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

ҚАЗІРГІ УАҚИТТА КОМПАНИЯ
ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ҮЛЕСІ

60 %



40 %



GRI 102-2, 102-4, 102-5, 102-7, 102-8

КОМПАНИЯНЫҢ
НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТІ –
ТАБИҒИ УРАНДЫ
ӨНДІРУ ЖӘНЕ
ҚАЙТА ӨНДЕУ
ЖӘНЕ ОСЫҒАН
БАЙЛАНЫСТЫ
БАРЛАУ ЖӘНЕ ТАУ-
КЕН ДАЙЫНДЫҚ
ЖҰМЫСТАРЫ
БОЙЫНША ҚЫЗМЕТ
ТҮРЛЕРІ


АДАМДАР ФОКУСТА

БІЗ – ИНКАЙ

КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ:



- Инкай кеніші шегінде уранды геологиялық зерттеу және барлау



- Уран өндіру, сондай-ақ басқа да химиялық өнімдер өндіру



- Қара және түсті металл кендерін көтерме сату

Компания Түркістан облысындағы «Инкай» кен орнында өнімді (құрамында уран бар) ерітінділерді ала отырып, күкірт қышқылымен жерасты ұңғымалық шаймалау әдісімен уран өндіруді жүзеге асырады.

Компанияның уран өнімдері негізінен Сол-түстік Америка континенті мен Еуропа елдеріне экспортталады. Компания тау-кен өндіру саласы мен уран секторының тұтынушылары үшін шикізат жеткізеді. Компания өнімдерінің ең ірі сатып алушылары Қазатомөнеркәсіп және Самесо болып табылады.

КОМПАНИЯНЫҢ МИССИЯСЫ

«Біз таза ядролық энергетика отыны үшін шикізат жеткізуге белсенді қатысу үшін құрылдық»



КОМПАНИЯНЫҢ ТҰЖЫРЫМЫ

«Біз Компаниямыздың әлемнің уран өндіру саласында көшбасшы болуы үшін дамып келеміз»



КОМПАНИЯНЫҢ КОРПОРАТИВТІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

- Қауіпсіздік
- Жауапкершілік
- Кәсібилік
- Даму
- Команда



Біз өз қызметімізді келесі принциптерді сақтай отырып жүзеге асырамыз³:



Адам құқықтары

- Компания Қазақстан Республикасының Конституциясында және халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын құрметтеуге және оларды қорғауға тиіс;
- Компания адам құқықтарының бұзылуына қатыспауы тиіс;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

- Компания сыбайлас жемқорлықтың барлық нысандарына, соның ішінде бопсалау мен парақорлыққа қарсы тұруы тиіс.



Қоршаған орта

- Компания сақтық принципіне негізделген экологиялық мәселелерге деген көзқарасты қолдауы тиіс;
- Компания қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды қабылдауы тиіс;
- Компания экологиялық қауіпсіз технологиялардың дамуы мен таралуына жәрдемдесуі тиіс;

Жұмыс стандарттары

- Компания бірлестік еркіндігін және ұжымдық шарттар жасасу құқығын нақты тануды қолдауы тиіс;
- Компания мәжбүрлі және міндетті еңбектің барлық нысандарын жоюды қолдауы тиіс;
- Компания балалар еңбегін толығымен жоюды қолдауы тиіс;
- Компания еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюды қолдауы тиіс;



ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

2018 жылы біз стратегиялық мақсаттар мен әлеуетті мүмкіндіктер арасында сәйкестікті құруға және қолдауға бағдарланған дамудың жалпы бағыттарын, қызметтің негізгі көрсеткіштерін және қойылған мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған іс-шаралар тізбесін айқындайтын 2028 жылға дейінгі Даму бағдарламасын қабылдадық.

Компанияның 2028 жылға дейінгі негізгі стратегиялық мақсаттары:

1. ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ЖОҒАРЫ СТАНДАРТТАРЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТТАНУДЫ ТОЛЫҚ БОЛДЫРМАУ
2. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚОСЫЛҒАН ҚҰН КӨРСЕТКІШІН (EVA) 42 МЛРД ТЕҢГЕГЕ ДЕЙІН АРТТЫРУ
3. ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІН ЖЫЛ САЙЫН АРТТЫРУ
4. ӨНДІРІСТІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫН ТӨМЕНДЕТУ



БІЗДІҢ БІРІНШІ КЕЗЕКТЕГІ МІНДЕТТЕРІМІЗ:

1. Персоналды **дамыту** (өндіріс мәдениетін жетілдіру және арттыру);
2. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін **дамыту**;
3. U3O8 түріндегі неғұрлым пайдалы түпкілікті өнімге **көшу**, уранның шала тотығы-тотығы (УТШТ);
4. Бөгде қайта өңдеусіз жылына кемінде 3200 тонна өндіруді қамтамасыз ету үшін өндірістік процестегі «тар жерлерді⁴» **жою**;
5. Жылына 4000 тоннаға шығуға **дайындық**;
6. Ресурстар мен қорлар портфелін **оңтайландыру**;
7. Геотехнологиялық полигондарды жобалауды **жақсарту**;
8. РМВок⁵ халықаралық стандартына сәйкес жобаларды (Project Management) басқару есебінен тиімді инвестициялық бағдарламаны іске **асыру**;
9. Дайын өнімді (ДӨ) шығарудың өзіндік құнын **төмендету**;
10. Өндірістік емес шығындарды **оңтайландыру**;
11. Компанияның бизнес-үдерістерін және жедел деректерді басқарудың ақпараттық жүйесін **енгізу**;
12. Жұмыс мәдениетін **өзгерту**: операциялық жетілдіруді енгізу және ғылыми-зерттеу жұмысының концепциясын әзірлеу;
13. Сатып алу мен аутсорсингтің бәсекелестік жағдайларын қамтамасыз **ету**;
14. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында толық жауапты компания болу, сондай-ақ Vision Zero бағдарламасын іске **асыру**;
15. Менеджменттің интеграцияланған жүйесін **дамыту** және тұрақты жетілдіру.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ҚЫЗМЕТ

GRI 102-6, 201-1

Бухгалтерлік есепте есепке алу тәртібі мен принциптері, активтер мен міндеттемелерді тану ҚК бекіткен Компанияның Есептілік саясатымен реттеледі. Қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалады. Есеп және есептілік басқармасы қаржылық есептілікті дайындауға жауапты құрылымдық бөлімше болып табылады. Қаржылық есептілік аудиторлық компанияларды тарта отырып, жыл сайынғы негізде аудиттеледі.

Еліміздің аса ірі уран өндіруші кәсіпорындарының бірі бола отырып, Компания мемлекеттік бюджетке міндетті төлемдерді төлеу, жұмыс орындарын құру және қолдау, қызмет жасап жатқан өңірлерін⁶ дамыту арқылы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына маңызды үлес қосады. Операциялық қызметті жүзеге асыру барысында Компания мүдделі тараптар үшін құндылық жасайды. Біз мемлекет тарапынан қаржылық көмек алмаймыз және мемлекеттік/саяси қажеттіліктерге қайырымдылық жасамаймыз.

Компания қызметінің нәтижелерін сипаттайтын негізгі индикаторлар құрылған және бөлінген

Құрылған және бөлінген экономикалық құн⁷

Көрсеткіштер	1/2 2021*	2020	2019	2018	Өлшем бірлігі
Құрылған тікелей экономикалық құн	24,5	78,9	75,8	55,1	млрд теңге
Бөлінген экономикалық құн:	11,9	43,0	40,6	36,7	млрд теңге
Оның ішінде:					
Жұмыскерлердің жалақысы және басқа да төлемдері	2,7	5,4	5,2	4,4	млрд теңге
Әлеуметтік қызметті қоса алғанда әлеуметтік салаға салынған инвестициялар	0,068	0,073	-	0,186	млрд теңге
Бөлінбеген экономикалық құн**	12,6	36,0	35,2	18,4	млрд теңге

экономикалық құн болып табылады. Компания уран өнімдерін сатудан және тасымалдаудан түсім алады. 2020 жылы Компанияның кірісі 78,9 млрд теңгені құрады, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 3,1 млрд-қа артық. Біздің түсіміміз Қазатомөнеркәсіптің және Самесо-ның еншілес кәсіпорны - Самесо Еуропа қатысушыларына уран сатудан, сондай-ақ Қазатомөнеркәсіпке тасымалдау қызметтерін ұсынумен құралады. Компанияның уран өнімін сату бағасы 2019 жылғы 23 506 теңге/кг-мен салыстырғанда 2020 жылы 29 225 теңге/кг-ға дейін өсті, соның нәтижесінде Компанияның уран өнімін сатудан түскен түсімі 2019 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 4 %-ға өсті, ал уран өнімін сатудың өзіндік құны өткізу көлемінің төмендеуіне байланысты 2 %-ға азайды. 2021 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша құрылған тікелей экономикалық құн 24,5 млрд теңгені құрады.

Бөлінген экономикалық құн 2020 жылы 43 млрд теңгені құрады, бұл 2019 жылға қарағанда 5,6 % -ға артық. Бөлінген экономикалық құн құрылымында негізгі үлесті сату бойынша өзіндік құн мен пайдаға салынатын салық бойынша шығыстар алады. Оның ішінде Компания жұмыскерлерінің жалақысы мен басқа да төлемдері 2020 жылы 5,4 млрд және 2019 жылы 5,2 млрд теңгені құрады. 2020 жылы әлеуметтік салаға инвестициялар 73,2 млн теңгені, ал 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында 68,1 млн теңгені құрады.



➤ БӨЛІНБЕГЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰН
2020 ЖЫЛЫ

36 МЛРД ТЕҢГЕНІ
ҚҰРАДЫ,

БҰЛ 2019 ЖЫЛДЫҢ ҰҚСАС
КӨРСЕТКІШІНЕН СӘЛ АРТЫҚ,
2021 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ
ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНДА

12,6 МЛРД ТЕҢГЕНІ
ҚҰРАДЫ

Салықтар

GRI 207-1

Салық есебін жүргізу кезінде нормативтік құқықтық актілерге және Компанияның ішкі құжаттарына сәйкестікті сақтаймыз, соның ішінде:


- Салық кодексі;
- Салық кодексін қолданысқа енгізу туралы заң;
- Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары (ҚЕХС);
- ҚР «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» заңы;
- ҚР «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодексі;
- Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттар;
- Корпоративтік есеп саясаты;
- ҚР «Трансферттік баға белгілеу туралы» заңы;
- Табиғи (U3O8) уран концентратына баға белгілеу қағидалары (әдістемесі);

- Жоғарыда аталған құжаттарға нормативтік актілер, әдістемелік ұсынымдар, нұсқаулықтар және бухгалтерлік және салықтық есепке алу-ды ұйымдастыру жөніндегі басқа да нормативтік актілер;
- ҚР ратификациялаған халықаралық шарттар;
- «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік салықтық есепке алу саясаты.

Компания ішінде салық есебін жүргізудің ережелерін, тәртібі мен принциптерін регламенттейтін негізгі ішкі құжат Салық есеп саясаты болып табылады. Бұл саясат ҚР Салық кодексінің талаптарына сәйкес келеді және ҚР Салық кодексіне өзгерістердің енгізілуіне қарай Компанияның Қадағалау кеңесі тарапынан бекітіледі. Салықтық есеп саясатына сәйкес бұйрықтың орындалуына жауапкершілік салық секторының басшысына жүктеледі. Салықтық есепке алуды жүргізуге және Компания қызметі бойынша салықтық міндеттемелерді орындауға тікелей немесе жанама қатысы бар Компанияның барлық жұмыскерлері Салықтық есепке алу саясатының ережелерін қолдануға жауапты.

Компания салық заңнамасына сәйкес келеді. 2018 - 2020 жылдар аралығында мемлекеттік бюджетке жалпы алғанда 56,6 млрд теңгеден астам қаржы төленді. 2021 жылдың 1 шілдесіне 9,5 млрд теңге салық есептелді. Жер қойнауын пайдаланушы ретінде біз уран мен жер асты суларына пайдалы қазбаларды өндіру салығы (ПҚӨС) бойынша міндеттемелерді төлейміз. Төленген ПҚӨС 2020 жылы 3,6 млрд теңгені және 2019 жылы 3,4 млрд теңгені құрады.

Салық аударымдары, млрд теңге



* Деректер 2021 жылғы 1 шілдеге ұсынылған.
** Бөлінбеген экономикалық құн = Құрылған тікелей экономикалық құн - Бөлінген экономикалық құн.

⁶ Қатысу өңірлері – операциялық қызметті жүргізу өңірі (облысы, ауданы).
⁷ Деректер «Инкай» БК» ЖШС-нің 2018, 2019 және 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішіндегі аудиттелген қаржылық есептілігінен және 2021 жылдың алғашқы 6 айы үшін бухгалтерлік есеп жүйесінен қабылданды.

Сатып алу тәжірибесі

GRI 102-9, 102-10, 102-11

Тауарлар мен қызметтерді сатып алу процесін басқару

Өндірістік қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету мақсатында барлық құн тізбегінің жұмыс істеуін жаппай қолдай отырып, Компания сатып алуды жүзеге асыру процесін жауапкершілікпен басқаруға ұмтылады. Компания сатып алу қызметін жүргізу кезінде әділдікті, ашықтықты және парасаттылықты қамтамасыз ету принципін басшылыққа алады. Ішкі реттеуші құжаттармен қатар, Компанияның сатып алу қызметін регламенттейтін негізгі ережелер «Самұрық-Қазына» ҰАҚ» АҚ сатып алу қызметін басқару стандарты және «Самұрық-Қазына» ҰАҚ» АҚ⁸ сатып алуды жүзеге асыру тәртібі болып табылады.

Әлеуметтік жауапты бизнес бола отырып, Компания сатып алу саясатын жүргізу шеңберінде бірқатар шаралар қабылдауда. Аталған шаралар:

- «Инкай» БК» ЖШС жеткізуші кодексін енгізу;
- әлеуетті жеткізушіні мемлекеттік және сол сияқты халықаралық деңгейде сыбайлас

жемқорлыққа қарсы заңнамаға сәйкестігі тұрғысынан алдын ала бағалау;

- Холдингінің сенімсіз әлеуетті жеткізушілерінің тізімінде әлеуетті жеткізушінің болуына талдау;
- жеткізушілерді экономикалық қауіпсіздікке тексеру;
- жеткізушінің жұмыскерлері үшін өндірістік қауіпсіздік мәселелері бойынша оқыту іс-шараларын өткізу;
- тиісті біліктілік пен жұмыстарды жүзеге асыруға рұқсатты растайтын рұқсат беру;
- құжаттарының (оның ішінде құрал-саймандарға, жабдыққа, көлікке рұқсат беру құжаттарының) болуы және сәйкестігі туралы тексеру;
- әлеуетті жеткізушінің жұмыс орындарын ЕҚ, ӨҚ, ҚОҚ және РҚ саласындағы стандарттарға сәйкестігі мәніне тексеру жүргізу;
- жұмыскерлердің жеке қорғану құралдарының сәйкестігін бағалау.



⁸ «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларына сәйкес.

Сатып алу процесіне қатысушылар, олардың функциялары және жауапкершілік саласы.

Сатып алу процесіне Тапсырыс беруші тарапынан қатысушылар	Функциялар және жауапкершілік саласы
Қадағалау кеңесі	• тапсырыс берушінің белгілі бір кезеңге арналған тұтыну бюджетін бекіту • тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді (ТЖҚ) сатып алуға арналған сатып алу тізбесі • ТЖҚ сатып алу туралы шешім қабылдау
Бас директор (немесе міндетін атқарушы тұлға)	• жылдық және ұзақмерзімді сатып алу жоспарларын бекіту • сатып алу тиімділігінің негізгі көрсеткіштерінің орындалуын бақылауды жүзеге асыру • сатып алуды басқару процестерінің тиімділігі жөніндегі есептерді қарау • нормалардың сақталуын қамтамасыз ету • ашық тендер тәсілімен сатып алу, өткізу туралы шешімдер қабылдау және тендерлік құжаттаманы бекіту • сатып алу қорытындыларын бекіту • ТЖҚ сатып алу туралы шешім қабылдау
Сатып алу және қорлар басқармасының бастығы	• сатып алу қызметі процесіне басшылық ету және бақылау, контрагенттермен шарттар жасасу • ТЖҚ сатып алу тәсілі туралы шешім қабылдау • маркетингтік бағаны келісу
Сатып алу және қорлар басқармасының жұмыскерлері	• келіп түскен тендерлік өтінімдерге талдау жүргізу, ТЖҚ сатып алу процесін жүргізу, әлеуетті жеткізушілермен хат-хабар алмасулар • сатып алу процессін жүргізу • ТЖҚ сатып алуды жоспарлау, кестесін әзірлеу бойынша жұмыстарды орындау, есептілікті қалыптастыру, нарықтың бағалық мониторингін жүргізу • барлық тиісті ақпаратты құжаттау және сақтау

Жергілікті қамту

GRI 203-1, 204-1

Компания мен жергілікті тауар жеткізушілер арасындағы ынтымақтастық аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етеді. Біз корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік талаптарына сәйкес келетін жергілікті жеткізушілерден тауарлар мен қызметтерді сатып алуға басымдық береміз.

2018 жылдан бастап 2021 жылдың бірінші жартыжылдығын қоса алғандағы кезеңде жергілікті жеткізушілерден сатып алудың жалпы сомасы 47 млн теңгеден астам қаржыны құрайды. 2020 жылы тауарларды сатып алудағы жергілікті қамту үлесі 78 % құрады, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі үлес 52 %-ға тең. 2020 жылы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуда

жергілікті қамту үлесінің төмендеуі су көлігі және теңіз жүк көлігі қызметтері саласындағы сюрвейерлік қызметтер бойынша шетелдік мамандарды тарту көлемінің ұлғаюына байланысты болды. Сондай-ақ, пандемия кезеңінде карантин енгізілуіне байланысты құрылыс-монтаждау жұмыстарының көпшілігі (жергілікті қамту үлесі 90 - 100 %) тоқтатылды.

Тауарлар мен қызметтерді сатып алудың жалпы құрылымында сомасы бойынша ең ірі санаттар:


- Реагенттер;
- Ұңғыманы (құрылысты) салу жөніндегі жұмыстар/ бұрғылау жөніндегі жұмыстар;
- Көліктік-экспедиторлық қызмет көрсету бойынша қызметтер/теңіз тасымалдау/сюрве-

йерлік қызметтер;

- Электр қуаты;
- Құбыр өнімдері;
- Жұмыскерлерді емдік-профилактикалық тағаммен (арнайы тамақпен) қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер;
- Тасымалдау бойынша қызметтер;
- Сақтандыру қызметтері.

Біз жергілікті жеткізушілерден сатып алу тәжірибесін қолдауды және дамытуды, сондай-ақ тұрақты даму аспектілерін жеткізілім тізбегіне біріктіруді жалғастыруды жоспарлап отырмыз.

Сатып алулардағы жергілікті қамтудың үлесі, %



● жұмыс және қызметтер ● тауарлар



АДАМДАР ФОКУСТА

ЦИФРЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Компанияда АТ шешімдері келесі бағыттарда қолданылады:

1. Киберқауіпсіздік

Қауіпсіздік шараларын күшейту үшін биыл **Cisco Identity Services Engine (Cisco ISE)** — корпоративтік желіге кіруді бақылау мәселелерінің толық спектрін жабатын көпфункционалды шешім енгізіледі. Стратегиялық ішкі және сыртқы байланысы бар Компания желісі қолжетімділігі жоғары режимде **NGFW Cisco Firepower 2110** бақылауында тұр. Бұл шешім интернет-ресурстарды пайдалану кезінде барлық ішкі және сыртқы трафикті толық бақылайды. **NGFW Cisco Firepower 2110 AMP, IPS/IDS, AV** трафигін талдауға арналған бірқатар мүмкіндіктерге ие. Ең маңызды қызметтердің бірі болып табылатын корпоративтік пошта **Cisco Email Security Appliance** антиспам жүйесімен қорғалған, ол қосымша кіріс хат-хабарлар үшін **AV, DLP** рөлін атқарады. Сондай-ақ, ағымдағы жылы **BYOD (Bring Your Own Device)**⁹ концепциясын енгізу жоспарланып отыр.

2. Коммуникация жүйелері

Motorola радиостанциясын және **Black View** қорғалған ұялы телефондарын пайдалана отырып, өндірістік учаскелерді жедел байланыспен, сондай-ақ **Alcatel ATC** меншікті базасында ішкі стационарлық телефон байланысымен қамтамасыз ету. Кеніштің конференц-залдарын оқшауланған автономды **TrueConf** бейне-конференция серверімен **Clever Touch** жоғары деңгейдегі **online/offline** мәжілістерді өткізу үшін озық жүйемен жабдықтау.

3. Резервтік көшірме жасау

Veritas Backup Exec — ақпараттық активтерді қорғау, тұрақты негізде резервтік көшіру функциясы.

4. Жұмыскерлердің саулығы және еңбекті қорғауды, қауіпсіздікті қамтамасыз ету

Vision Zero — Халықаралық әлеуметтік қамсыздандыру қауымдастығы (**ХӘҚК**) әзірлеген және өндірістегі жазатайым оқиғалардың алдын алуға және жұмыскерлердің кәсіби ауруларының алдын алуға бағытталған нөлдік жарақаттануға қол жеткізу бағдарламасы. Жарақаттану көрсеткіштерін төмендету бойынша негізге алатын принциптер бағдарламаның жеті «алтын қағидаларында» көрсетілген.

5. Корпоративтік интранет портал

VINKOM — өнеркәсіптік қауіпсіздік және өндірістік көрсеткіштер, экологиялық менеджмент бойынша деректер корпоративтік интернет порталда тіркеледі.

6. Оқыту

«Білім базасы» жобасы — өндірістік персоналды оқытуға арналған корпоративтік онлайн кітапхана (Өндіруді басқару үшін модуль құрылды).

7. Жалақы секторы процестерін автоматтандыру

1С ӨКБ — экономикалық және қаржылық деректер енгізіледі және базада сақталады. Бұл жүйе пандемия кезінде қашықтан жұмыс режиміне тиісінше ауысуға айтарлықтай үлес қосты.

8. Кеңселік басып шығару процестерін оңтайландыру

Y-Soft SafeQ — Konica Minolta сериялы дәліздік типтегі құрылғыларда басып шығаруды бақылау және мониторингілеу. Бұл жүйе басып шығару және техникалық қызмет көрсету принтерлерін үнемдеуге қол жеткізу үшін пайдаланылады.

Біздің IT жетістіктеріміз

- Медициналық персоналға жұмыскерлердің дене температурасына қашықтықтан мониторинг жүргізуге мүмкіндік беретін жылуға ден қойғыш түсіргіші бар камераны орнатудың пилоттық жобасын іске асыру.
- Кеніштің және вахталық лагерьдің барлық өндірістік учаскелерін 3G Kcell желісімен жабу.
- Қойма қорларын есепке алу үшін штрихкодтауды пайдалану.
- Өзіне-өзі қызмет көрсету HR терминалдарын орнату.
- Zormap жүйесімен басқарылатын фискалдық жады бар ӨҚД үшін бейнетіркегіштерді пайдалану.
- Вахталық лагерьде кеніш жұмыскерлерін Wi-Fi арқылы интернетке қол жеткізумен қамтамасыз ету.
- Вахталық лагерьде жұмыскерлерге вахталық уақытта Digital TV режимінде теледидарды көруге мүмкіндік беретін Terra жабдығы базасында цифрлық спутниктік теледидар станциясын орнату.
- Өндірістік процестерді цифрландырудың жаңа дәуіріне арналған платформа болатын Private LTE 5G (кеніштегі оқшауланған ұялы желі) жобасының ТЭН үшін деректерді дайындау және жинау.

⁹ BYOD (bring your own device) — өз меншікті құрылғыңызды әкеліңіз концепциясы өзінің меншікті есептеу құрылғыларын (смартфондар, ноутбуктар және PDA) корпоративті желіге қосу және пайдалану үшін жұмыс орнына әкелетін жұмыскерлерді белгілеу үшін қабылданады.

ПАНДЕМИЯ ЖАҒДАЙЫНА БЕЙІМДЕЛУ

2020 жылы әлемдік деңгейдегі басты оқиға Covid-19 коронавирус пандемиясы болды. Бұл оқиға экономиканың барлық секторларына айтарлықтай әсер етті, Компаниямыз да бұдан тыс қалмады.

Вирустың таралуын болдырмау үшін Компания басшылығы санитарлық-инфекциялық қауіпсіздіктің уәкілетті органдарымен бірлесіп, бірқатар басқармалық шаралар қабылдады, жұмыскерлеріміз және қызмет атқарылатын аймақ тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қаржылық және қаржылық емес едәуір ресурстар жұмсалды. Қабылдаған шараларымыз өз тиімділігін дәлелдеді. Әрбір жұмыскер өзінің ұйымдас-тырушылық иерархия деңгейінде санитарлық қауіпсіздік шараларымен таныс және медицина-лық нұсқамалар мен біздің қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықтарымызға сәйкес әрекет етеді.

Коронавирустық пандемия кезеңінде өндірістік процестерімізді қамтамасыз ету қиын болды. Осылайша, елімізде жарияланған карантиндік іс-шаралардың салдарынан және кеніш аумағы-на қолжетімділіктің шектелуіне байланысты өндірістік объектілердің бұрын жоспарланған құрылыс-монтаждау жұмыстары, ұңғымалардағы бұрғылау жұмыстары және әлеуметтік бағыттағы объектілердің жұмысы тоқтатылды. Осының сал-дарынан шектеулердің негізгі әсері уран өндіру мен өндіру көлемінің 16 %-ға төмендеуі болды.

Компанияның жұмысындағы пандемияға байла-нысты негізгі өзгеріс жұмысшылардың көп бөлігін қашықтық режиміне ауыстырумен байланысты болды. Қосымша ноутбуктер сатып алу, сондай-ақ корпоративтік желіге қауіпсіз қосылуды ұйымдас-тыру қажеттілігі туындады. Компания қажетті ноутбуктерді сатып алды және Cisco AnyConnect шешімі арқылы желіге қашықтан қорғалған қо-сылуды қамтамасыз етті.

Кеніш аумағына кіріп-шығу 2020 жылдың нау-рызынан бастап шектелді, соның нәтижесінде Компания жұмыскерлерінің вахталық ауысым

режиміне уақытша өзгерістер енгізілді. Вахталық ауысымға кірудің жаңа тәртібі міндетті түрде ПТР тест тапсырумен және 2 күндік карантиннен өту-мен толықтырылды.

Жұмысы уақытша тоқтатылған жұмыскерлер үшін басшылық қиын уақытта әлеуметтік қолдаудың көрінісі ретінде өтемақы төлемдерін төлеуге шешім қабылдады. Осылайша, вахталық ауы-сымға кіру мүмкіндігі болмаған жұмыскерлерге мәжбүрлі бос тұрып қалу кезеңінде жалақының 70 % мөлшерінде өтемақы төлемдері жүзеге асырылды, ал вахталық ауысымды ұзарту кезеңін-де басқа жұмыскерлерге заңнама мен ұжымдық шарттың талаптарына сәйкес екі есе мөлшерде жалақы төленді.

2020 жылы Компания жұмыскерлері мен мерді-гер ұйымдардың жаппай вирус жұқтыруын бол-дырмау мақсатында жұмсалған шығындардың жалпы сомасы 830 мың теңгеден асты. Бұған вах-талық ауысымға кірер алдында карантин кезінде қонақ үйде тұру және ПТР тестілеу шығындары,

Бұдан басқа, өз жұмысын жалғастырғандар үшін барынша санитарлық-инфекциялық қа-уіпсіздік үшін тиісті жағдайлар жасалған. Жұ-мыскерлер мен жұмыс орындары вирустың таралуына қарсы барлық қажетті құралдар-мен қамтамасыз етілді, оларға бетперделер, қолғаптар, тепловизорлар дәрі-дәрмектер, антисептикалық құралдар, кварц аппараттары және басқа да медициналық және техни-калық жабдықтар берілді. Біз үй-жайларды тазалауды бірнеше рет күшейттік, түсіндіру жұмыстарын жүргіземіз, өңірлік және респуб-ликалық санитарлық дәрігерлердің талапта-рын белсенді қадағалаймыз.

БІЗДІҢ ЖҰМЫСКЕРЛЕРІМІЗ ҮШІН БІРІНШІ ДӘРЕЖЕЛІ ҚҰНДЫЛЫҚ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫСЫМНЫҢ АРТУЫНА ҚАРАМАСТАН, БІЗ ҚҰНДЫ КАДРЛАРДЫ ҰСТАП ҚАЛУҒА ЖӘНЕ ОЛАРҒА ҚОЛЫМЫЗДАН КЕЛГЕНШЕ КӨМЕК КӨРСЕТУГЕ ТЫРЫСАМЫЗ

жұмыскерлерді қашықтан жұмыс істеу режимі жүйелеріне дайындау және тағы басқалар кірді. 2021 жылдың бірінші жартыжылдығына шығын-дар 100 мың теңгеден асты.

СОНЫМЕН ҚАТАР, 2021
ЖЫЛДЫҢ БАСЫНДА
ҚАУІПСІЗДІК МҮДДЕСІНДЕ
КОМПАНИЯНЫҢ ШЫМКЕНТ
ҚАЛАСЫНДАҒЫ КЕҢСЕСІ
БАСҚА ҒИМАРАТҚА
КӨШІРІЛДІ, ОНДА
КОМПАНИЯНЫҢ
ПЕРСОНАЛЫ ҒАНА
СЫРТҚЫ ҰЙЫМДАРДЫҢ
ҚАТЫСУЫНСЫЗ
ОРНАЛАСҚАН. БҰРЫНҒЫ
ҒИМАРАТ АДАМДАР
САҢЫНЫҢ КӨБЕЮІНЕ
БАЙЛАНЫСТЫ ЖҰҚТЫРУ
ҚАУПІН ТУДЫРДЫ.






➤ Әкімшілік үй-жайлар мен асханаларға өткізу пункттері термометриямен жабдықталған. Оның үстіне, жұмыстарды ұйымдастыру, объектілерде адамдардың қозғалысы және санитариялық талаптарды сақтау процесі барысында біздің жұмыскерлерімізге мониторингтік, кеңес беріп өзге де көмек көрсететін «Индастриал Медикал Солюшенз» ЖШС-нің медицина персоналын бақылауға шақырдық.

Қажеттілік туындаған жағдайда кеніштен науқастарды медициналық эвакуациялау мүмкіндігін жақсарту үшін өтімділігі жоғары екі автокөлік құралы жедел медициналық жәрдем автомобильдеріне қайта жабдықталған. Бұл автомобильдер барлық қажетті заманауи медициналық жабдықтармен жасақталған.

Пандемия сынақтары кезінде біз барлық қызметтік қозғалыстар мен іссапарларды барынша азайттық, жұмыскерлеріміз толық қашықтықтан жұмыс істеу режиміне көшті, шұғыл қажеттілігі жоқ кез келген байланыстар барынша азайтылды. Әкімшілік кеңселердің жұмыскерлері коронавирусқа қарсы антиденелердің болуына ПТР-тестілеуден тұрақты негізде өтеді.

Осылайша, Инкай өз жұмыскерлерінің денсаулығына барынша алаңдаушылық білдіріп, COVID-19 коронавирусының таралуын болдырмау үшін барлық қажетті шараларды қолданады деп айта аламыз. Әрине, біздің шаралар толық қауіпсіздікке кепілдік бере алмайды, өйткені жұқтыру қаупі бірқатар факторларға байланысты, алайда біз үшін осы бағытта толық белсенділікті, жабдықтау мен дайындықты қамтамасыз ету маңызды.

01.07.2021 ж. жағдай бойынша компаниядағы вакцинация статистикасы





GRI 102-18, 102-16

АДАМДАР ФОКУСТА

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ:



ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ
ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

ШЕШІМДЕР



ЕСЕПТІЛІК



ҚАДАҒАЛАУ КЕҢЕСІ

ТЕКСЕРУ
КОМИССИЯСЫ

ТЕХНИКАЛЫҚ
КОМИТЕТ

ШЕШІМДЕР



ЕСЕПТІЛІК



БАС ДИРЕКТОР

Компанияның басқару органдары:

- 1. Қатысушылардың жалпы жиналысы (ҚЖЖ)** – Компанияның жоғарғы органы. ҚЖЖ Жарғыда оның құзыреті қалай анықталғанына қарамастан, Компанияның қызметіне байланысты кез келген мәселені қарауға қабылдауға құқылы, алайда ҚЖЖ кейбір мәселелер бойынша Қадағалау кеңесінің шешімдерін қарауға немесе жоюға бастамашы болмауы тиіс.
- 2. Қадағалау кеңесі (бұдан әрі – ҚК, Кеңес)** Компанияның қызметін, оның ішінде Бас директордың қызметін жалпы басқаруды жүзеге асыратын Компанияның жоғарғы басқару органы болып табылады. ҚК жұмысының тәртібі және Кеңес мүшелерінің өкілеттіктері Компания Жарғысына, Қазақстан Республикасының заңнамасына және ҚК туралы Ережеге сәйкес регламенттеледі. ҚК ағымдағы қызметті басқарады және ҚЖЖ-ға есеп береді. ҚК мүшелерін Компанияның Жарғысына сәйкес ҚЖЖ тағайындайды. Жарғыда келесілер көрсетілген:
 - ҚК құрамына бес мүше кіреді, олардың екеуі Самесо ұсынысы бойынша және үш мүше Қазатомөнеркәсіптің ұсынысы бойынша тағайындалады.
 - Мүшелер бес жылдан аспайтын мерзімге тағайындалып, шектеусіз рет қайта сайлана алады.
 - Компания жұмыскерлері, оның ішінде бас директор мүше бола алмайды.
 - Төраға ҚК мүшесі болуы тиіс және оны мүшелер сайлайды. Төраға бастапқыда Самесо ұсынысы бойынша сайланады, содан кейін осы құқық Қазатомөнеркәсіп пен Самесо арасында әр екі жылда ауысып отырады, бұл ретте құқықтың келесі ауысуы Самесо бірінші төрағаның үміткерін ұсынғаннан кейін екі жыл өте жүзеге асады.

ҚК отырыстары жылына кемінде төрт рет өткізіліп, тиімді басқару үшін қаншалықты қажет болса, соншалықты жиі өткізілуі мүмкін. ҚК шешімдері Жарғыда мүшелердің бірауыздан келісімін талап ететін мәселелерді қоспағанда, отырысқа қатысушы мүшелердің көпшілік дауысымен қабылданады.

Жарғыға сәйкес, ҚК бюджеттер мен жұмыс жоспарларын, даму стратегияларын, саясаттар мен өзге де ішкі құжаттарды, жұмыскерлердің штат саны мен олардың кестесін бекіту мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ мәмілелер жасасу, қандай да бір келісімдерден бас тарту туралы және құжатта көзделген өзге де мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

- 3. Бақылауды Тексеру комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия)** жүзеге асырады. ҚЖЖ комиссия мүшелері мен төрағасын тағайындайды. Комиссияның жұмыс тәртібін регламенттейтін негізгі ішкі құжаттар Компанияның Жарғысы және Тексеру комиссиясы туралы ереже болып табылады. Жарғыға сәйкес, Комиссия құрамында кемінде екі мүше болуы тиіс, олардың кем дегенде біреуі әрбір қатысушының ұсынысы бойынша сайланған, ал оның мүшелері Компаниямыздың жұмыскерлері болып табылатын тұлғалар бола алмайды. Комиссия мүшелері бес жылдан аспайтын мерзімге тағайындалады. Комиссия қаржылық есептілік жүйелерінің, ақпаратты басқару жүйелерінің және ішкі бақылау жүйелерінің тиімділігі мен тұтастығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік рәсімдерін, ішкі аудитторларды және аудиттің ішкі бағдарламасын бақылауға, заңдар мен нормативтік құжаттардың және оның мінез-құлық және іскерлік әдеп кодексі саласындағы саясатының сақталуына мониторинг жүргізуге және қауіпсіздік мәселелерін анықтау бойынша профилактикалық іс-шаралар жүргізуге жауапты.

Комиссия кез келген уақытта Компанияның қаржылық және бухгалтерлік операцияларын тексеруге құқылы. Комиссия, сондай-ақ ҚК және ҚЖЖ өз жұмысы туралы тұрақты түрде есеп береді.

Ішкі бақылау және аудит

Операциялық тиімділік пен нәтижелілікке, сенімді қаржылық есептілікке және заңдардың, нормативтік актілер мен саясаттардың сақталуына қатысты ұйымның мақсаттарын қамтамасыз ету үшін Компанияда ішкі бақылау және аудит жүйесі жұмыс істейді.

- Ішкі аудит пен бақылауды Комиссияға есеп беретін уәкілетті тұлға жүргізеді. 2019 жылдың соңынан Компанияда Ішкі аудитор лауазымы қалыптасты.

Ішкі аудитордың қызметі туралы есеп тоқсан сайын Комиссияға жіберіледі. Комиссия алдағы жылға арналған Аудиторлық жоспарды бекітеді. Жылдық жоспар Компанияның экономикалық, экологиялық және әлеуметтік дамуына әсер ететін Компания ішіндегі процестерге аса назар аударатын тәуекелге бағытталған тәсіл негізінде жасалады. Қажет болған жағдайда Комиссия қосымша тапсырмалар бере алады.

Жақын арада Ішкі аудитор туралы ережені Комиссияның мақұлдауына шығару жоспарланып отыр. Аталған ереже ішкі аудитордың жұмысын ұйымдастыру тәртібін, құқықтық мәртебесі мен қызметінің негіздерін (өкілеттіктері, міндеттері, функциялары мен жауапкершілігі) айқындауға шақырады. Жұмыс барысында ішкі аудитор Халықаралық ішкі аудиторлар институты әзірлеген ішкі аудиттің кәсіби тәжірибесінің халықаралық негіздерін басшылыққа алады.

Компанияның қызметіне қатысты техникалық және экономикалық мәселелерді бақылау бойынша міндеттерді орындауда ҚК жәрдемдесуді Техникалық комитет (ТК) жүзеге асырады. Техникалық комитет туралы ереже ТК жұмысының тәртібін регламенттейтін негізгі ішкі құжат болып табылады. ҚК ТК-ті тағайындайды. Әрбір қатысушы Комитетке кемінде бір өкілдің кандидатурасын ұсынады, ал Компания екі мүшенің кандидатурасын ұсынады. ҚК әдетте Бас директор (БД) немесе БД тағайындаған тұлға болып табылатын ТК төрағасын тағайындайды. Комитеттің міндеттеріне Компания қызметіне қатысты техникалық және экономикалық мәселелер бойынша деректерді зерделеу, талдау және ұсыну, жобалау алдындағы шешімдер бойынша және тау-кен жұмыстарының жылдық және көпжылдық жоспарлары, зерттеу жұмыстарының жылдық сметасы бойынша ҚК ұсынымдар беру, сондай-ақ жыл соңындағы қорлар мен ресурстар бойынша есепті талдау жатады.

Жоғарыда аталған мәселелерге байланысты ҚК, ҚЖЖ ұсынымдарын және (егер техникалық, экономикалық және өзге де мәселелерді түсіндіруге жәрдемдесу талап етілсе) Комиссияға ұсыныстар беру.

КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ БАСҚАРУ

КОМПАНИЯМЫЗДЫҢ
ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНДА
**КОРПОРАТИВТІК
ӘЛЕУМЕТТІК
ЖАУАПКЕРШІЛІК
(КӘЖ)** БОЙЫНША ҚЫЗМЕТТІ
ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ӘЛЕУМЕТТІК
ЖОБАЛАР БӨЛІМІ БАР.

Уран саласындағы әлемнің екі жетекші компаниясының бірлескен кәсіпорны бола отырып, біз өз қатысушыларымыз сияқты жан-жақты және тұрақты дамуға ұмтыламыз, сол арқылы өз қызметінің барлық аспектілерінде әлеуметтік-бағдарланған мінез-құлық туралы шешімді ерікті түрде қабылдаймыз.

Өзінің миссиясына, пайымына және корпоративтік құндылықтарына сәйкес келу мақсатында Компания алдына бизнестің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі саласындағы жоғары стандарттарға сәйкес келу мақсатын қояды.

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы негізгі принциптер мен аспектілер КӘЖ саясатымен регламенттелген.

Басқару жүйесінің тиімді жұмыс істеуі үшін біз әрбір жұмыскердің және тиісті құрылымдық бөлімшенің «қатысу» принципін қолдаймыз. Осылайша, осы немесе басқа бөлімшенің жауапкершілік саласына ұйымдағы тиісті қызмет салалары кіреді.

Компанияның КӘЖ саласындағы саясаты келесі стратегиялық мақсаттарды белгілейді:

- қажетті іс-шаралар мен жобалар кешенін іске асыру жолымен әлеуметтік тұрақтылық рейтингіне «жоғары» деңгейден төмен емес қол жеткізу және қолдау. Әлеуметтік тұрақтылық рейтингін айқындау жөніндегі зерттеулерді «Самұрық-Қазына» АҚ тобының әдіснамасы бойынша бөгде ұйымдар жүзеге асыруы тиіс;
- еңбек пен бос уақыттың жайлы және қауіпсіз жағдайларын жасау және дамыту, денсаулықты қолдау, Компания жұмыскерлерінің уәждемесін арттыру, жұмыскерлердің әлеуметтік көңіл-күйіне теріс әсер ететін факторлардың алдын алу арқылы еңбек өнімділігін арттыру;
- жергілікті атқарушы органдармен және/немесе қоғамдық ұйымдармен келісілген қажетті іс-шаралар мен жобалар кешенін іске асыру арқылы жергілікті қоғамдастық тарапынан әлеуметтік жауапты кәсіпорын ретінде тануға қол жеткізу және қолдау;
- КӘЖ саясатын іске асыру және БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарын ілгерілету жөніндегі келісімге және «Әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі нұсқаулық» ISO26000:2010 халықаралық стандартына сәйкес келу арқылы Компанияның, бизнес қоғамдастықтың дайын өнімін сатып алушы-клиенттерінің қанағаттануына қол жеткізу және компанияның имиджін халықаралық деңгейде нығайту.

КӘЖ саласындағы қызметтің негізгі бағыттары

- Сапа менеджменті, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жүйесінің жұмыс істеуі;
- Қоршаған ортаны қорғау және энергияны үнемдеу;
- Үнемді өндіріс;
- Кадрларды дамыту;
- Жұмыскерлер мен жұмыс беруші арасындағы өзара қарым-қатынас жүйесі;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және іс жүргізудің ашықтығы;
- Түркістан облысы Созақ ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосу;
- Корпоративтік мәдениет.



Бөлім

Жауапкершілік саласы

Әлеуметтік жобалар бөлімі

- КӘЖ саласындағы Саясаттың орындалуын қамтамасыз етуге жәрдемдесу
- Компанияның және Тайқоңыр кентінің әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылымын дамытуға жәрдемдесу
- Мемлекеттік органдармен, қауымдастықтармен, салалық кәсіподақтармен, қоғамдастықтармен, жергілікті халықпен, жұмыскерлермен және басқа да мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды ұйымдастыру
- Компанияның ішкі коммуникацияларын ұйымдастыру және дамыту
- Әлеуметтік тұрақтылық индексін тұрақтандыру және жақсарту жөніндегі іс-шараларды үйлестіру
- Ұжымдағы әлеуметтік тұрақтылыққа, Компанияның, олардың қатысушыларының имиджі мен беделіне кері әсер ететін тәуекелдер мен факторларды басқару

Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы

- Заңдарға, ережелер мен қағидаларға сәйкестік

Жұмыскерлермен жұмыс жүргізу департаменті

- Жергілікті қамту
- Материалдық жеңілдіктер
- Теңдік және әртүрлілік
- Персоналды оқыту және дамыту
- Қызметтің еңбек заңнамасына сәйкестігі

Өндірістік қауіпсіздік департаменті

- Жұмыс орнындағы қауіпсіздік
- Қалдықтарды басқару
- Заңдарға, ережелер мен қағидаларға сәйкестік

Сатып алулар және қорлар басқармасы

- Сенімді және әлеуметтік жауапты жеткізушілерден сатып алу
- Жергілікті қамту бойынша талапқа сәйкестік
- Заңдарға, ережелер мен қағидаларға сәйкестік

Сапа менеджменті секторы

- Аудит
- Түзету шаралары

Әлеуметтік ресурстар басқармасы

- Көлік құралдарының қауіпсіздігі
- Көлікке қолданылатын заңдарға, ережелер мен қағидаларға сәйкестік

Барлығы

- Түркістан облысының мектептері мен колледждерінде кәсіптік бағдарлау жұмыстарын жүргізу

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

GRI 102-15

Компанияның корпоративтік басқару жүйесінің негізгі құрауыштарының бірі тәуекелдерді басқару жүйесі (ТБЖ) болып табылады. Тәуекелдерді жоспарлау және басқару үшін ТБЖ шеңберінде Компанияда Тәуекелдерді басқару комитеті құрылған және жұмысын атқарады. Сонымен қатар, қазіргі уақытта барлық деңгейде қабылданатын шешімдер сапасын едәуір арттыруға және бизнес-процестердің жұмыс істеу тиімділігін жақсартуға мүмкіндік беретін PM2 жүйесін Компанияда енгізгелі жатырмыз.

Тәуекел-менеджмент жүйесін қолдау үшін Компанияда тәуекелдерді басқару саясаты қабылданған. Саясат ТБЖ-ның мақсаттары мен міндеттерін, негізгі принциптерін, бағалауды, басқаруды, тәуекелдер мониторингін, ТБЖ құрылымын, жұмыс істеуін және басқа да аспектілерін қамтиды.


Компаниядағы ТБЖ құрылымы тігінен және көлденеңінен ақпарат ағынын қамтамасыз етеді. Төменнен жоғары қарай тігінен келіп түсетін ақпарат Компания басшылығын, тәуекелдерді басқару комитетін, ҚК және ҚЖЖ: ағымдағы қызмет туралы, қызмет барысында қабылданған тәуекелдер, оларды бағалау, бақылау, ден қою әдістері және оларды басқару деңгейі туралы мәліметтермен қамтамасыз етеді. Жоғарыдан төменге бағытталған шешімдер Компанияның құрылымдық бөлімшелеріне мақсаттарды, стратегияларды және міндеттерді жеткізуді қамтамасыз етеді. Ақпаратты көлденеңінен беру құрылымдық бөлімшелердің, тәуекелдерді басқару бойынша жауапты жұмыскерлердің өзара іс-қимылын білдіреді.



КОМПАНИЯДА
«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАҚ» АҚ
БАС КОМПАНИЯСЫНДАҒЫДАЙ
ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ
ІШКІ БАҚЫЛАУ САЛАСЫНДА
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАР
МЕН ПРАКТИКАЛАРЫ
ҚОЛДАНЫЛАДЫ. ОЛАРҒА
COSO ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ
ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ
СТАНДАРТТАРЫ, ISO 31000:2018
«ТӘУЕКЕЛ-МЕНЕДЖМЕНТ
– ПРИНЦИПТЕР ЖӘНЕ
БАСШЫЛЫҚ» СТАНДАРТЫ
(2018 ЖЫЛ); СОНДАЙ-АҚ
«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» ҰАҚ» АҚ
ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ
ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӨНІНДЕГІ
НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАРЫ
ЖАТАДЫ.




АДАМДАР ФОКУСТА



Негізгі тәуекелдер және оларды оңтайландыру жөніндегі шаралар

Компанияның барлық сәйкестендірілген тәуекелдері бес негізгі санатқа бөлінеді (COSO әдіснамасына сәйкес): стратегиялық, қаржылық, операциялық, инвестициялық және құқықтық. Компанияда тоқсан сайын тәуекелдерді бағалау жүргізіледі, тәуекелдер тіркелімдері мен карталары әзірленеді және бекітіледі.



Компанияның негізгі тәуекелдері және тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар

Тәуекелдерді басқару стратегиялар, даму жоспарлары және басқа да ішкі құжаттар шеңберіндегі белгілі бір мақсаттар мен міндеттер аясында жү-

зеге асырылады. Тәуекелдер тізілімімен бірге жыл сайын Компанияның тәуекел-тәбеті анықталады. Көшпелі тәуекелдерді басқару үшін Компания жыл сайын іс-шаралар жоспарын әзірлейді. Тәуекелдерді басқару жөніндегі алдын алу іс-шараларының орындалуына тәуекел иелері жауапты болады.

- Біз тұрақты даму саласындағы маңызды тәуекелдерді негізгі ретінде бөліп көрсетеміз:
- Өңірдегі жұмыскерлердің, жергілікті халықтың санкцияланбаған ереуілдері
 - Өндірістік жарақаттанушылық
 - Экологиялық тәуекел
 - Уранды сату бағасының 2020 жылға жоспарланғаннан төмен болуы
 - Жұмыскерлер немесе үшінші тұлғалар тарапынан жосықсыз іс-әрекеттермен Компанияға экономикалық залал келтіру

- Ақпараттық активтердің құпиялылығы, тұтастығы немесе қолжетімділігі қасиеттерінің бұзылуы
- Компанияның негізгі жұмыскерлері арасында кадрлардың тұрақтамауын арттыру
- Комплаенс тәуекел
- Пандемия тәуекелдері
- Заңнаманы сақтамаудың құқықтық салдарының басталуы

**САЛЫҚТЫҚ ТӘУЕКЕЛ
ТӘЖІРИБЕДЕН АЛЫНҒАН
МЫСАЛДАР**

Экологиялық тәуекелдерді басқару үшін СЗЗ шығарындылар көздері мен бақылау нүктелерінде өндірістік экологиялық бақылау, ластаушы заттардың төгінділерін бақылау жүргізіледі; шаруашылық-ауыз су және техникалық мақсаттағы артезиан ұңғымаларынан топыраққа, өсімдіктерге, қарға, суға мониторинг жүргізіледі; геологиялық-технологиялық полигонның (ГТП), қатты тұрмыстық қалдықтар полигонының және төмен радиоактивті қалдықтарды көмуге арналған полигонның (ТРҚКП) ауыз су көкжиегінің бақылау ұңғымаларына мониторинг жүргізіледі. Өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару бойынша – мамандандырылған ұйыммен шарт негізінде қалдықтарды уақытылы жинау, сұрыптау және кәдеге жарату; жасыл желектерді отырғызу; табиғатты қорғау іс-шаралары жоспарын орындау жүзеге асырылады.



Тәуекелдерді уақытылы анықтау және оларды басқару үшін Компанияда ішкі бақылау жүйесі бар («Ішкі бақылау және аудит» бөлімінде толығырақ танысуға болады). Ағымдағы тәуекелдерді және тәуекелдерге ден қою жөніндегі шаралардың орындалуын бақылау тәуекелдер бойынша тұрақты есептілік негізінде жүргізіледі.



ТӘЖІРИБЕДЕН АЛЫНҒАН МЫСАЛДАР:

- Қоршаған ортаға әсер етумен байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерді анықтау үшін Компанияда зертханалық әдістермен өндірістік экологиялық бақылау жүргізу; ҚОҚ мамандарымен заңнамалық талаптарға сәйкессіздіктерді анықтау тұрғысынан кәсіпорынға ішкі тексерулер жүргізу көзделген.
- Әлеуметтік тәуекелдерді анықтау үшін тұрақты негізде Тайқоңыр кентінің белсенділерімен (оның ішінде фельдшер, мектеп басшылығы және басқа да коммуналдық ұйымдардың басшылығы) ақпарат алмасу жүргізіледі (орта есеппен тоқсанына бір рет). 2019 жылы ESAP жобасы аясында кент тұрғындары арасында әлеуметтік сканерлеу жүргізілді. Жыл сайынғы негізде үшінші тарапты (ӘӨКО) тарта отырып, Компания жұмыскерлері арасында әлеуметтік тұрақтылық бойынша зерттеу жүргізіледі.



ЭТИКА ЖӘНЕ НОРМАЛАР

GRI 102-16, 102-17

Біз бизнесті этикалық жүргізудің жоғары стандарттарына ұмтыламыз. Компания ішіндегі этика мен нормалар тәртібі Іскерлік этика саласындағы саясатпен реттеледі және Компанияның іскерлік мінез-құлық және этика саласындағы қызметінің жалпы ниеттері мен бағыттарын айқындайтын ішкі құжат болып табылады және Компанияның Қадағалаушы кеңесімен бекітіледі. Бұл саясатта Компанияда сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимылға бағытталған түрлі ұлттық және халықаралық заңдардың талаптарын сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған негізгі принциптер мен іс-қимылдар тәртібі, сондай-ақ іскерлік мінез-құлықтың озық тәжірибесін қалыптастыратын өзге де басшылық принциптері мен стандарттары баяндалады.

Компанияның жұмыскерлері мен бизнес-серіктестерінің этикалық нормалары мінез-құлық және Іскерлік этика кодексінде (бұдан әрі-Кодекс) көрсетілген және келесі аспектілерді қамтиды:

- адам құқықтарын сақтау;
- сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл;
- мүдделер қақтығысы;
- әділ және кәсіби қатынастар;
- заңнаманы сақтау.



► Мінез-құлық және іскерлік этика кодексі инсайдерлік бағалы қағаздармен сауда операцияларын жасау, мүдделер қақтығысы, серіктестермен және жеткізушілермен қарым-қатынас, сыйлықтар беру және алу сияқты ережелерді реттейді. Барлық лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлер Кодекстің шарттарымен танысуға және сақтауға міндетті. Компанияның Бас директоры Компанияның қызметі мінез-құлық және іскерлік этика кодексінің ережелеріне сәйкес жүзеге асырылуы үшін жауап береді.

ІСКЕРЛІК МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ,
АЛАЯҚТЫҚ, БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП
НЕМЕСЕ АУДИТ САЛАСЫНДАҒЫ
ЫҚТИМАЛ БҰЗУШЫЛЫҚТАР
ТУРАЛЫ ХАБАРЛАҒЫСЫ КЕЛЕТІН
ЖҰМЫСКЕРЛЕР ТІКЕЛЕЙ НЕМЕСЕ
ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ ТАЛАПТАРЫМЕН
ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІПТІҢ СЕНІМ
ТЕЛЕФОНЫ:

+7 (7172) 45-81-45

НЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ПОШТА
АРҚЫЛЫ:

hotline@kazatomprom.kz
ХАБАРЛАЙ АЛАДЫ

Біздің басшылық жүгінген тұлғалардың құпиялылығын барынша сақтауды қамтамасыз етеді. Ықтимал бұзушылықтар туралы хабарлаған жұмыскерлер негізсіз жұмыстан шығарылмайды, қызметінен төмендетілмейді, жұмыстан уақытша шеттетілмейді, басшылық тарапынан қорқытуға, қудалауға немесе кемсітуге ұшырамайды.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

GRI 205-1, 205-2


Біздің қызметіміздің аясында нақты немесе ықтимал сипаттағы төлемдер, сыйақылар және алаяқтықтың басқа түрлері түрінде жеке бас пайдасын алуға бағытталған әдейі әрекеттер қабылданбайды. Компанияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы міндеттерді қарастыратын бақылау және қадағалау офицері лауазымы құрылды. Корпоративтік сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы негізгі ішкі құжаттар:

- Әдеп және іскерлік мінез-құлық кодексі
- Іскерлік мінез-құлық саясаты
- Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы саясат
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау жөніндегі нұсқаулық

Бұл құжаттар сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуды реттейтін бірқатар шараларды анықтайды. Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қатысты қазақстандық және канадалық заңнаманың талаптарын сақтаймыз. Біз сенімді бухгалтерлік кітаптар мен жазбаларды жүргізуге және SOX¹⁰ және FCRA¹¹ талаптарына сәйкес келетін ішкі бақылау жүйесін қолдауға қойылатын талаптарға жауап береміз.

Компания жұмыскерлері жыл сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқытудан өтеді, олардың арасында мамандар да, жоғары буын басшылары да бар.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәжірибе мен рәсімдер жөніндегі оқытудан өткен қызметкерлер саны




Ескерту: 2021 жылдың бірінші жартыжылдығындағы жағдай бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәжірибелер мен рәсімдер бойынша оқыту өтпеді

¹⁰ Sarbanes-Oxley Act – АҚШ-тың 2002 жылғы нормативтік актісі, ол мемлекеттік компаниялардың құжат айналымы мен қаржылық есептілігіне қойылатын талаптарды анықтайды.
¹¹ Foreign Corrupt Practices Act – экстерриториялық әсері бар халықаралық қызметтегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы АҚШ Федералдық заңы.
¹² Жоғары буын басшылары – бірінші басшы және оның орынбасарлары.

► Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға сәйкестігін тексеру де сатып алу процесіне енгізілді. 2020 жылы сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекел тұрғысынан бағаланатын операциялардың жалпы саны 61 болды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қолданыстағы саясаты мен әдістері туралы хабардар етілген қызметкерлер мен бизнес серіктестердің саны



Бизнес-серіктестерді ақпараттандыру сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа сілтемені қамтитын шартқа қол қою процесінде жүзеге асырылады.

Компания мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор жүргізетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық іс-шараларға қатысады. Компания, сондай-ақ комплаенс мәдениеті дамыту бойынша жергілікті мемлекеттік органдар үшін (Түркістан облысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, кәсіпкерлік, Білім және денсаулық сақтау департаменттері) тренинг/шеберлік сыныптар ұйымдастыруға қатысты.

Компаниямыздың мүдделер қақтығысы бойынша сертификаттауды, тәжірибелік кейстерді қарастыра отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық бойынша әртүрлі оқыту мен тренингтерді өткізеді, сондай-ақ саясаттармен және рәсімдермен танысуды қамтитын кіріспе нұсқама өткізеді. Мүдделер қақтығысы анықталған жағдайда деректер есепте құжатталады және Комиссияның және Компанияның НС жіберіледі, ал кейіннен тиісті департамент үшін ұсынымдар әзірленеді және жанжалды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары жасалады.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР-МЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ

GRI 102-40, 102-42, 102-43

Компаниямыздың орнықты даму саласындағы қызметі қатысу өңірі үшін де, Қазақстан Республикасының экономикасы үшін де барынша көп пайданы қамтамасыз етуге, сондай-ақ қызметтің экономикалық тиімділігін арттыру, тәуекелдерді жеңілдету және мүдделі тараптар үшін жаңа мүмкіндіктерді анықтау жолымен қатысу үлесінің құны үшін жағдайлар жасауға бағытталған.

Компанияның мүдделі тараптарының (бұдан әрі – МТ) негізгі санаттары қатысушылар, Компания жұмыскерлері, бизнес-қоғамдастықтар, жергілікті қоғамдастықтар, мердігерлер және мемлекеттік органдар болып табылады.


МТ-мен өзара іс-қимыл Компания қызметінің ашықтығы мен айқындығы принциптерінің негізінде, сондай-ақ GRI Standards және AA 1000 стандарттарының негізінде стейкхолдерлермен (AA1000SES) өзара іс-қимыл жүргізіледі. Осы стандарттарға сәйкес тиімді өзара іс-қимыл жасау мақсатында «тарту» әдісін қолдану қажет, оған сәйкес негізгі МТ мүдделері назарға алынады және Компания қызметін басқару процесінің барлық сатыларында ескеріледі. Бұл стейкхолдерлердің маңызды тақырыптар мен маңызды мәселелерді, ықтимал тәуекелдер мен жауапкершілік шекараларын талқылауға қатысуын білдіреді. Компания үшін маңызды МТ тақырыптарын айқындау және бағалау тұрақты даму туралы есепті дайындау мақсаттары үшін ғана емес, сондай-ақ стратегиялық мақсаттарды әзірлеу және тәуекелдерді сәйкестендіру үшін маңызды тақырыптарды айқындау үшін де жүргізіледі.

Біз тұрақты негізде МТ тізбесін жасай және өзектендіре отырып және олардың мүдделерін, ықпалын және өзара іс-қимыл процесін талдай отырып, мүдделі тараптардың мониторингін және есебін жүргіземіз. Осылайша, Компания әртүрлі мақсаттар мен мүдделер үшін өзара әрекеттесетін мүдделі тараптардың келесі негізгі топтарын анықтайды.

► Компанияның МТ картасы



Компанияның МТ-ға әсер ету дәрежесі МТ-дың Компанияға әсер ету дәрежесі



Қатысушылар



Қатысушылардың мүдделерін сақтау, Компания- ны дамыту бағдарламасы, жарғылық капиталды ұлғайту

Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жеткізушілер



Тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің сапасы

Тұтынушылар



Ұзақмерзімді өзара тиімді қатынастар

«Уранэнерго» ЖШС



Пайда мен жылдық дивидендтердің өсімі, «Уранэнерго» ЖШС-ндегі әлеуметтік тұрақтылық

Менеджмент және персонал



Менеджменттің және персоналдың тиімділігі, серіктестіктің ағымдағы қызметіне басшылық жасау, қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау, жұмыс берушімен еңбек қатынастары, еңбек шарты бойынша өз жұмысын тікелей орындау, ұжымдағы әлеуметтік тұрақтылық

Мемлекеттік органдар



Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар

Жергілікті атқарушы органдар



Өзекті әлеуметтік-экономикалық жағдайды және өңірлік және салалық даму міндеттерін ескере отырып, қатысу өңірлерінің орнықты дамуына, уран саласын жаңғыртуға және дамытуға үлес қосу

MT топтарының тізімі және өзара әрекеттесу мәселелері

Еңбек ұжымының өкілдері



Әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге жәрдемдесу, еңбек қатынастарын реттеу және жанжалдарды шешу

Бұқаралық ақпарат құралдары



Стейкхолдерлерді Компания қызметі туралы хабардар ету

Қоғамдық ұйымдар және жергілікті тұрғындар



Компания қызметі үшін қолайлы орта құру

Бизнес-қоғамдастықтар (қауымдастықтар, Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, ЗТБ)



Нормашығармашылық процесінде мемлекеттік органдарда Компанияның заңды мүдделерін кепілді қорғаумен және ұйымдардың қолдауына ие болу мүмкіндігі;

Бизнес жұмысының заңнамалық және басқа да нормативтік ережелерін қалыптастыру процесіне қатысу

Халықаралық ұйымдар



Ұйымдардың негізгі құқықтық және саяси ресурстарына қол жеткізу; Компания практикасында халықаралық стандарттарды, нұсқаулықтарды, әдіснамаларды қолдану мүмкіндіктері;

Тәжірибе алмасу, құзыреттілікті арттыру мүмкіндіктері

Біздің MT-мен өзара әрекеттесу арналарымыз

Ішкі

- Корпоративтік газеттер, мессенджерлер
- Жедел желі
- Жұмыскерлердің жалпы жиналысы
- Корпоративтік басқарма органдарымен жиналыс

Сыртқы

- БАҚ
- Әлеуметтік желі
- Компанияның ресми сайты
- Жедел желі
- Сыртқы мүдделі тараптармен жеке қарым-қатынас
- Тұрақты даму туралы есеп (2021 жылдан бастап)

Қазатомөнеркәсіп және Самесо Компанияның үлестік қатысушылары бола отырып, MT-дың неғұрлым басымдық тобын білдіреді. Біз үшін Компанияның бекітілген Даму бағдарламасын іске асыру арқылы Қатысушылардың мүдделерін сақтау және олардың жарғылық капиталын ұлғайту ерекше маңызды. Біздің қатысушыларымыз да біздің тұтынушыларымыз болып табылады және осыған байланысты олармен өзара іс-қимыл көпжақты және реттелетін процесс болып табылады.

Біз тұрақты негізде ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен және ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика

комитетімен жер қойнауын пайдалану және әлеуметтік-экономикалық есептілік мәселелері бойынша өзара қатынастамыз. Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылдың кілті ретінде Компания үшін заңнамалық және реттеуші талаптарға сәйкестікті қамтамасыз ету, бизнестің тұрақтылығы мен орнықтылығы, жұмыс орындарын құру және сақтау басым аспектілер болып табылады. Бұдан басқа, әлемнің шикізат нарықтарында уран өнімінің ірі экспорттаушысы бола отырып, біз халықаралық аренада еліміздің экономикалық мүдделерін ұсынамыз, бұл ҚР-да уран саласын дамыту призması арқылы ел үшін экономикалық, саяси және имидждік пайдалар. Өңірлердің қатысуын тұрақты дамытуға, өзекті әлеуметтік-экономикалық жағдайды және өңірлік және салалық даму міндеттерін ескере отырып, уран саласын жаңғыртуға және дамытуға қосқан үлесіміз Түркістан облысы мен Шымкент қаласының жергілікті атқарушы органдарымен өзара іс-қимылымыздың мәні болып табылады.

Сыртқы мүдделі тараптардан біз мәдениет үйлері, мектеп және мектепке дейінгі мекемелер сияқты қоғамдық ұйымдармен және жергілікті халықпен өзара іс-қимыл мониторингін жүргіземіз және қоғамдық және инфрақұрылымдық объектілерді абаттандыру мен жақсарту мақсатында оларға мерзімді түрде қаржылық көмек көрсетеміз.

Біз өзіміздің стратегиялық мақсаттарымызға, мүдделі тараптардың ықпалы мен мүдделеріне, Компанияға және/немесе мүдделі тараптарға көрсетілетін ықпал ету дәрежесіне және тәуекелдерді басқару мен тұтастай алғанда тұрақты даму-дың басым мәселелеріне сүйене отырып, мүдделі тараптарымызды анықтаймыз, сыныптаймыз, оларға басымдық береміз.

Компаниямыз Қазатомөнеркәсіптің уран өндіруші кәсіпорындарына электр энергиясын беру және тарату мақсатында құрылған «Уранэнерго» ЖШС құрылтайшыларының бірі болып табылады. Біз «Уранэнерго» ЖШС-мен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес корпоративтік басқару принциптерінде өзара іс-қимыл жасаймыз

Маңызды тақырыптарды анықтау

GRI 102-46, 102-47

Осы Инкайдың 2020 жылға және 2021 жылдың бірінші жартыжылдығына арналған Тұрақты дамуы туралы есеп GRI Standards орнықты даму саласындағы есептілік стандарттарына сәйкес дайындалған Компанияның бірінші есебі болып табылады. GRI Standards мүдделі тараптарды тарту, тұрақты даму мәнмәтіні, неғұрлым маңызды материалдық аспектілерді анықтау және ақпараттың толық ашылуын қамтамасыз ету сияқты есеп мазмұнын айқындау бойынша принциптерді сақтау призмасы арқылы маңыздылықты айқындау әдіснамасын айқындайды.

Есепті қалыптастыру процесі маңызды аспектілерді анықтауға негізделген. Осылайша, біз әлеуметтік-экономикалық сипаттағы түрлі тақырыптарды, қоршаған ортаны қорғау және корпоративтік басқару мәселелерін, сондай-ақ ерекше салалық мәселелерді қамтитын маңызды аспек-

тілердің тізбесін дайындадық. Маңызды тақырыптарды айқындау барысында ішкі және сыртқы мүдделі тараптардың пікірлері, оның ішінде басшылармен сұхбат нәтижелері, мүдделі тараптардан сұрау, ұқсас компаниялардың тәжірибелері, БАҚ шолулары және тау-кен өндіру өнеркәсібі саласындағы жаһандық трендтер ескерілді.

Біз мүдделі тараптардың ауқымды тізбесін жасап, араларында онлайн-сауалнама жүргізіп, онда олардың пікірінше әлеуетті-маңызды аспектілер тізімінің ішінен қайсысын неғұрлым басым деп есептейтінін, мүдделі тараптарға қайсысы ең көп әсер ететініне қатысты пікірлері мен бағаларын сұрадық. Әлеуетті-маңызды аспектілердің тізбесі 53 тармақтан тұрды, біздің сауалнамаға 99 респондент қатысты.

Бағалау нәтижелері бойынша корпоративтік басқару, экономикалық, экологиялық және әлеуметтік әсерлер саласындағы 18 маңызды тақырып айқындалды, осылайша біз маңызды аспектілердің матрицасын қалыптастырдық.

Маңызды тақырыптар матрицасы



Осы матрицадан келесі маңызды аспектілер анықталды:

Басқарма	Экономикалық аспектілер	Экологиялық аспектілер	Әлеуметтік аспектілер	Ерекше тақырыптар
1 Компанияның стратегиясы	7 Экономикалық нәтижелілік	10 Энергия ресурстарын тұтыну/ энергия тиімділігі	15 Жұмыспен қамту	6 Компанияның 2020–2021 жылдардағы COVID жағдайына реакциясы
2 Этика және парасаттылық	8 Жанама экономикалық әсерлер	11 Су тұтыну	16 Еңбек және еңбек қатынастары	
3 Корпоративтік басқару	9 Салықтар	12 Шығарындылар	17 Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық	
4 Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу		13 Қалдықтарды басқару	18 Оқыту және білім беру	
5 Ішкі бақылау және аудит		14 Қоршаған ортаны қорғауға арналған іс-шаралар мен шығыстар		

Осы Тұрақты даму туралы есепте біз – 2020 жыл және 2021 жылдың бірінші жартыжылдығы кезеңінде анықталған маңызды аспектілер туралы ақпаратты ең жақсы дәрежеде ашуға тырыстық, бұл ретте кейбір деректер 2018 жылдан бергі серпінде ұсынылды.



ҚАУЫМДАСТЫҚТАРҒА МҮШЕЛІК ЖӘНЕ СЫРТҚЫ БАСТАМАЛАР

GRI 102-12, 102-13

Біз Түркістан облысының кәсіпкерлер палатасы, «Қазақстанның ядролық қоғамы» қауымдастығы, атом қуаты жөніндегі халықаралық агенттік (АҚХА) сияқты бірнеше бизнес-қоғамдастықтардың қатысушысымыз. Осы өзара іс-қимылдың мақсаты халықаралық келісімдер мен бастамаларға қатысу, халықаралық стандарттарды, басшылықтарды, әдіснаманы Компания практикасында қолдану мүмкіндігі және тәжірибе алмасу мүмкіндігі, басқа кәсіпорындармен және бизнес-қоғамдастықпен ынтымақтастықта құзыреттілікті арттыру болып табылады. Біз өзіміздің коммерциялық және бизнес мүмкіндіктерімізді дамыту мақсатында мынадай бизнес-қоғамдастықтармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасаймыз:

Халықаралық ұйымдар

Атом қуаты халықаралық агенттігі (АҚХА)



АҚХА – Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік, ядролық саладағы ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі әлемдік үкіметаралық жетекші ұйым болып табылады. Агенттік 1957 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) аясында құрылды. АҚХА-ның негізгі ұраны – «Атом бейбітшілік пен даму үшін». Оның қызметі халықаралық бейбітшілікті, қауіпсіздікті қолдауға және БҰҰ ұйымының орнықты даму саласындағы мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ететін ядролық ғылым мен технологияларды бейбіт мақсаттарда қауіпсіз қолдануға бағытталған.

Біз АҚХА-мен өзіміздің қатысушыларымыз арқылы есептіліктер, әдіснамаларды, нұсқаулықтарды пайдалану және тәжірибе алмасу арқылы өзара іс-қимыл жасаймыз.

Бизнес-қауымдастықтар

Түркістан облысының кәсіпкерлер палатасы



Түркістан облысының кәсіпкерлер палатасы – «Атамекен» ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының 2013 жылғы 13 қазанда «Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы» Заңына сәйкес құрылған аумақтық бөлімшесі. Палата бизнес пен биліктің тиімді әріптестігі негізінде даму үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында кәсіпкерлік субъектілерін біріктіретін коммерциялық емес, өзін-өзі басқаратын ұйым болып табылады. Түркістан облысы Кәсіпкерлер палатасының қызметі кәсіпкерлікті қолдауға және дамытуға, кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, бизнестің билікпен келіссөз процесін нығайтуға, кәсіпкерлерді нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу процесіне тартуға бағытталған.

«Қазақстанның ядролық қоғамы» қауымдастығы



Қазақстанның ядролық қоғамы (ҚЯҚ) 1993 жылы құрылған, қауымдастық нысанындағы заңды тұлғаларды біріктіретін коммерциялық емес ұйым болып табылады. Қоғам Қазақстанда және шетелде белсенді қызмет атқарады. ҚЯҚ қауымдастығы – бұл атом ғылымы мен өнеркәсібінің қазақстандық кәсіпорындарының бірлестігі. Қауымдастықтың басты мақсаты ҚР өндіргіш күштерін дамыту және оның азаматтарының әл-ауқатын арттыру үшін атом энергиясын бейбіт мақсаттарда пайдалану саласында неғұрлым кең білімге қол жеткізу болып табылады.

Бұл әріптестік өзара іс-қимылдар Компанияның құқықтары мен заңды мүдделерін мемлекеттік органдарда кепілді қорғаумен норма шығару процесінде ұйымдардың қолдауына ие болуға; бизнес жұмысының заңнамалық және өзге де нормативтік қағидаларын қалыптастыру процесіне қатысу мүмкіндігін береді. Мұндай өзара іс-қимылдар, сондай-ақ ұйымдардың негізгі құқықтық және саяси ресурстарына қолжетімділік береді, халықаралық стандарттарды, басшылықтарды, әдіснамаларды Компания практикасында қолдану мүмкіндіктерін, тәжірибе алмасу және құзыреттілікті арттыру мүмкіндіктерін ұсынады.

Қазіргі уақытта біз адам құқықтары мен еңбек қатынастары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және қоршаған ортаны қорғау саласында он принципті ілгерілететін БҰҰ-ның жаһандық келісіміне кіру перспективаларын қараудамыз. Біз үшін корпоративтік басқарудың озық тәжірибесін енгізу және біздің стейкхолдерлер желіміздің жауапты қатысушысы болып қалу маңызды.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУДЫ БАСҚАРУ

БІЗ АТОМ ИНДУСТРИЯСЫНДА
ӨЛШЕНЕТІН НАҚТЫ
НӘТИЖЕЛЕР, СОНДАЙ-
АҚ ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕ
ЖӘНЕ ҚАУІПТІ ӨНДІРІСТІК
ОБЪЕКТІЛЕРДЕГІ ЖАЗАТАЙЫМ
ОҚИҒАЛАР ТӘУЕКЕЛДЕРІН
БАРЫНША АЗАЙТУ
НЕГІЗІНДЕ ӨНДІРІСТІК ЖӘНЕ
ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК,
ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ
ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТІҢ
БАРЛЫҚ ТҮРЛЕРІНДЕГІ САПА
САЛАСЫНДА ӘЛЕМДІК
ДЕҢГЕЙДЕГІ КӨШБАСШЫ
БОЛУҒА ҰМТЫЛАМЫЗ

GRI 103-1, 103-2, 103-3

ҚАУІПСІЗ ЕҢБЕК
ЖАҒДАЙЛАРЫН
ҚАМТАМАСЫЗ
ЕТУ МЕН
ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ
ДЕНСАУЛЫҒЫН
ҚОРҒАУ, ҚОРШАҒАН
ОРТАНЫ ҚОРҒАУ,
СОНДАЙ-АҚ
ПРОЦЕСТЕРДІҢ
САПАСЫН
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ
БІЗ ҮШІН БАСТАПҚЫ
МІНДЕТТЕР БОЛЫП
ТАБЫЛАДЫ

ТАБИЕАТ ФОКУСТА

ҚОРШАҒАН ОРТА

Осы міндеттерді шешу үшін Компанияда ең үздік отандық және шетелдік тәжірибе негізінде және ISO 45001:2018, ISO 14001:2015 және ISO 9001:2015 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау және сапа жүйелері бойынша стандарттар талаптарын біріктіретін менеджменттің Интеграцияланған жүйесі енгізілген және жұмыс істейді.

Біз үздік салалық практикалар мен стандарттарға негізделген бизнес-процестерді жүргізу принциптерін қатаң ұстанамыз. 2021 жылы Компания Intertek халықаралық стандарттар бойынша қайта сертификаттау аудитінен кезекті рет сәтті өтті:



ISO 45001:2018
еңбекті қорғау
және қауіпсіздік
техникасы
менеджменті жүйесі

ISO 14001:2015
сәйкес экологиялық
менеджмент жүйесі

ISO 9001:2015
сәйкес сапа
менеджмент жүйесі

Бұдан басқа, өндірістің барлық сатыларында қызметті басқарудың тиісті деңгейін сақтауға бейілділігін көрсете отырып, Компания «Ұлттық сараптама және сертификаттау орталығы» АҚ-ның «Сапа саласындағы жоғары жетістіктері үшін» дипломымен марапатталды.

2016 жылдан бастап бізде Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау және сапа саласындағы саясат бекітілді және қолданылады, ол Компанияның барлық құрылымдық бөлімшелері мен мердігер ұйымдарға қолданылады. Компанияның саясаты келесі мақсаттарды белгілейді:

- Техникалық, экологиялық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ете отырып, тәуекелдерді іс жүзінде қол жеткізуге болатын ақылға қонымды деңгейге дейін азайту;
- Экологиялық ластанудың алдын алу, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану;
- Өндірістік қалдықтар көлемін азайтуға ұмтылу;
- Жұмыскерлердің денсаулығына ұқыпты қарау, еңбек жағдайларын үнемі жақсарту және өндірістегі жазатайым оқиғалардың алдын алу;
- Технологиялық процестердің, өнімдер мен қызметтердің қауіпсіздігі мен сапасын үнемі арттыра отырып, Компанияның қауіпсіз және тұрақты дамуын қамтамасыз ету;
- Технологиялық процестерді сапалы басқаруды қамтамасыз ету және оңтайландыру;

- ISO 9001:2015, ISO 45001:2018 және ISO 14001:2015 халықаралық стандарттарына сәйкес Компания зауыттарында өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздіктің заңнама талаптарын сақтау бойынша өндірістік бақылау және ішкі аудит тиімділігін арттыру.



Экологиялық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі ретінде тұрақты дамудың міндетті шарты саналады және табиғи жүйелерді сақтау мен қоршаған ортаның тиісті сапасын сақтаудың негізі болып табылады.

ТАБИҒАТ ФОКУСТА

ТАБИҒАТ ФОКУСТА



Қазақстан Республикасы дамуының қазіргі кезеңінде бірқатар өңірлерде антропогендік іс-әрекеттің теріс экологиялық салдарлары тек кешенді табиғат қорғау шараларын жүргізу арқылы ғана экологиялық жағдайды қалыпқа келтіру мүмкін болатын ауқымдарға жетті. Тиісінше, шаралардың негізділігі мен уақыттылығы қоршаған ортаның ағымдағы және болжамды жай-күйі туралы жедел және объективті ақпараттың болуына тікелей байланысты.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ІШКІ НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР



Еңбекті қорғау (ЕК), қауіпсіздік техникасы (ҚТ), қоршаған ортаны қорғау (ҚОҚ) және сапа саласындағы саясат



ТБ, ҚОҚ және радиациялық қауіпсіздік (РҚ) бойынша жиналыстар өткізу



Экологиялық аспектілерді және маңыздылығын анықтау

Экологиялық қауіпті объектілерде жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу тәртібі

Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы



Қалдықтарды басқару бағдарламасы

Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинау және орналастыру

Қатты тұрмыстық коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу

ҚОРШАҒАН ОРТА

ИНКАЙДЫҢ СИТУАЦИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ


ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕР

GRI 307-1

КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ТҮРІ

УРАН ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОСЫЛЫСТАРЫ ТҮРІНДЕ ДАЙЫН ӨНІМГЕ ДЕЙІН АЛЫНҒАН ЕРІТІНДІЛЕРДІ ҚАЙТА ӨНДЕЙ ОТЫРЫП, ЖЕРАСТЫ ҰҢҒЫМАЛЫҚ ШАЙМАЛАУ ӘДІСІМЕН УРАН ӨНДІРУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ

Біздің өндірістік кәсіпорындарымыз Түркістан облысы Созақ ауданының батыс бөлігінде, «Инкай» кен орнының орталық бөлігінде орналасқан. Кен орны ауданында ірі елді мекендер жоқ. Ең жақын НӨЗ учаскесі вахталық лагерьден және ең жақын елді мекен – Тайқоңырдан солтүстік бағытта 10 км қашықтықта орналасқан. Табиғи уранды жерасты ұңғымалық шаймалау кеніші Түркістан облысы Созақ ауданының солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. НӨЗ учаскесі барлық бағыттарда шөлді-далалық аймақпен шектеседі. Сателлит-2 учаскесі табиғи уранды жерасты ұңғымалық шаймалау бойынша Созақ ауданының солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Сателлит-1 өнеркәсіптік учаскесі барлық бағыттарда шөлді-далалық аймақпен шектеседі. Вахтаға келетін Компания жұмыскерлерінің тұруы үшін Тайқоңыр кентінің солтүстік-батыс шетінде орналасқан вахталық лагерь арналған. Вахталық лагерьге вахталық лагерьден 150 м қашықтықта Тайқоңыр ауылының аумағында орналасқан әкімшілік-тұрғын үй кешені (екі тұрғын ғимарат, кеңсе және вахталық лагерь) жатады.



2021-2030 жылдарға арналған ҚОҚ бойынша іс-шаралар жоспарында біз 8 басым бағытты айқындадық, олар бойынша келесі он жылға бөлуге жататын қаражат көлемі белгіленді. Бұл:

1. Ауа бассейнін қорғау;
2. Су ресурстарын қорғау және ұтымды пайдалану;
3. Жер ресурстарын қорғау;
4. Өндіріс және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу;
5. Радиациялық, биологиялық және химиялық қауіпсіздік;
6. Флора мен фаунаны қорғау;
7. Ғылыми-зерттеу ізденіс және басқа да әзірлемелер;
8. Экологиялық ағарту және насихаттау.

Әрбір бағыт бойынша қажетті іс-шаралардың санаттары, олардың тұрақтылығы мен күтілетін экологиялық әсері анықталды.

Өндірістік мониторинг белгіленген кезеңділікпен объективті деректер алу үшін орындалатын өндірістік экологиялық бақылаудың элементі болып табылады. Өндірістік экологиялық бақылауды жүзеге асыру шеңберінде келесілер орындалады:

- операциялық мониторинг;
- қоршаған ортаға эмиссиялар мониторингі;
- әсер ету мониторингі.

Өндірістік экологиялық мониторингті ҚР ЭК 132-бабына сәйкес аккредиттелген зертхана немесе табиғи, энергетикалық және өзге де ресурстарды тұтынудың нақты көлемі бойынша қоршаған ортаға эмиссиялар деңгейін есептеу негізінде жүргізетін болады (Экологиялық кодекстің 14-тарауы, 129-бабы, 3-тармағы).

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 14-тарауының негізінде Компаниядағы өнеркәсіптік алаңдар үшін 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы әзірленді.

Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы мыналарды қамтиды:

1. өндірістік мониторинг процесінде қадағаланатын параметрлердің міндетті тізбесі;
2. өндірістік мониторинг пен өлшеулерді жүзеге асыру кезеңі, ұзақтығы және жиілігі;
3. өндірістік мониторинг жүргізудің пайдаланылатын әдістері туралы мәліметтер;
4. сынамаларды іріктеу нүктелері және өлшеулер жүргізу орындары;
5. деректерді есепке алу, талдау және хабарлауды жүргізу әдістері мен жиілігі;
6. ішкі тексерулердің жоспар-кестесі және сақтамауға ден қоюдың ішкі құралдарын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзушылықтарды жою рәсімі;
7. аспаптық өлшеулердің сапасын қамтамасыз ету тетіктері;
8. штаттан тыс жағдайлардағы іс-қимылдар хаттамасы;
9. өндірістік экологиялық бақылауды жүргізу үшін жұмыскерлердің ішкі жауапкершілігінің ұйымдастырушылық және функционалдық құрылымы.

**ҚОРШАҒАН
ОРТАНЫҢ
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ
МОНИТОРИНГІ**

Өндірістік мониторингті жүргізу барлық кәсіпорындар үшін олардың орналасқан жері мен көлеміне қарамастан нормативтерге сәйкес және толық көлемде жүргізіледі. Өндірістік мониторинг деректері кәсіпорындардың нормативтік төгінділері мен шығарындыларын есептеу үшін беріледі және пайдаланылады.

Белсенді ластану аймағы мен кәсіпорынның санитарлық-қорғау аймағының шекарасында ҚО компоненттерінің мониторингіне ерекше назар аударылады. Кәсіпорынның құрамында дербес санитариялық-қорғаныш аймақтары бар бөлімшелер болған кезде мониторинг осындай бөлімшелердің әрқайсысы үшін жеке орындалады.

Ластауыш заттардың (ЛЗ) мониторингін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды уақытылы ұйымдастыру Компанияның міндеттеріне кіреді. Біз мамандандырылған ұйыммен ЛЗ шығарындыларының және (немесе) төгінділерінің мониторингін жүргізуге арналған шарттық уақытылы жасалуын қамтамасыз етеміз. Сынамаларды іріктеу, оларды сақтау, тасымалдау және талдауға дайындау «Жерасты ұңғымалық шаймалау кәсіпорнын өндірістік экологиялық бақылаудың үлгілік бағдарламасы» СТ НАК 5.3.3-2017 бекітілген стандартына сәйкес жүзеге асырылады.

Қарастырылып отырған аумақта экологиялық зерттеулер жүргізу экологиялық жағдайды бағалауды анықтау, кәсіпорын жұмысының технологиялық схемасына кіретін ластанудың әртүрлі көздерінің қоршаған ортаға әсерін зерттеу және болжау мақсатында жоспарланады.

Су

GRI 303-1

Компанияның өндірістік процестерін жүзеге асыруда күн сайын су ресурстарының ауқымды көлемі қолданылады. Табиғи ресурстарды, оның ішінде су ресурстарын тұтынуды қысқарту жауапкершілігін сезіне отырып, біз су алу, сумен жабдықтау және сарқынды суларды тазарту сатыларында су ресурстарын тиімді басқаруға тырысамыз.

Су ресурстарын басқару мәселелерінде Компаниямыз заңнаманың барлық талаптарын басшылыққа алады, олардың ішінде:

МЕМСТ 17.1.3.07

Су айдындары мен ағын сулардың сапасын бақылау қағидалары

**МЕМСТ 17.1.3.05
(СТ СЭВ 3078)**

Жер үсті және жер асты суларын мұнай және мұнай өнімдерімен ластанудан қорғауға қойылатын жалпы талаптар

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы №209 бұйрығы «Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаттары үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар».


Су жинағыштың негізгі көзі қабаттағы сулар болып табылады, ұңғымалар есепке алуды жүргізуге көмектесетін шығын өлшегіштермен жабдықталған.

2020 жылы су алу көлемі 502 мың м³ құрады, бұл 2019 жылға қарағанда 15 % аз. Су тұтынудың

азаюының негізгі себебі - коронавирустық пандемия кезіндегі карантин. 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында су тарту көлемі 307 мың м³ құрады.

Су алынғаннан кейін өндіріс бағыттары бойынша қажеттіліктерге сәйкес бөлінеді, содан кейін пайдаланылған су сүзу алаңдарына ағызылады. Ағызылатын сарқынды сулар үшін қолданылатын барлық талаптар су сапасына қатысты қолданыстағы мемлекеттік нормативтік-құқықтық актілермен (санитариялық қағидалар мен нормалар) айқындалады. Ағынды сулардың көлемі су алу көлеміне тең.

Жылдар бойынша сарқынды сулардың көлемі, мың м³



Жылдар бойынша сарқынды сулардың көлемі, мың м³

Ағынды сулардың көлемі


2018 — 570

2019 — 590

2020 — 502

1/2 2021 — 307

Су тартудың үлес көрсеткіші, мың м³/тонна дайын өнім




Энергия

GRI 302-1, 302-2, 302-4

Жылдан жылға энергияны үнемдеу өзекті мәселеге айналууда. Энергетикалық ресурстардың шектеулілігі энергияның жоғары құнына әкеледі, бұл компаниялар үшін қосымша тәуекелдер мен шығыстарды тудырады. Энергетикалық ресурстарды ұтымды пайдалану қазіргі заманның сын-қатерлеріне бейімделудің негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Компания өз процестерінде энергия үнемдеудің барлық қажетті талаптарын ұстанып тиісті көрсеткіштерді жақсартуды жалғастыруға ұмтылады. Қолданыстағы нормативтік құжаттар санының ішінде:

- ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2012 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАҢТАРДАҒЫ «ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ТУРАЛЫ» № 541 - IV ЗАҢЫ;
- ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ ДАМУ МИНИСТРІНІҢ 2015 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДАҒЫ «ЭНЕРГИЯ ТҰТЫНУ НОРМАТИВТЕРІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ» № 394 БҰЙРЫҒЫ; «ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІҢ, ЖАБДЫҚТАРДЫҢ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ЭЛЕКТР ЖАБДЫҒЫНЫҢ ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ ЖӨНІНДЕГІ ТАЛАПТАР» № 407 (05.06.2018 Ж. ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ӨЗГЕРІСТЕРМЕН ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАРМЕН); «ҮЙЛЕРДІҢ, ҚҰРЫЛЫСТАРДЫҢ, ҒИМАРАТТАРДЫҢ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚОРШАУ КОНСТРУКЦИЯЛАРЫНЫҢ БӨЛІГІ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ ЖӨНІНДЕГІ ТАЛАПТАРДЫ БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ» № 406; «ҮЙЛЕРДІҢ, ҚҰРЫЛЫСТАРДЫҢ, ҒИМАРАТТАРДЫҢ ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ СЫНЫПТАРЫН АЙҚЫНДАУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАУ ҚАҒИДАЛАРЫ» № 399 (05.06.2018 Ж. ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ӨЗГЕРІСТЕРМЕН ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАРМЕН); «КӨЛІКТІҢ ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ БОЙЫНША ТАЛАПТАРДЫ БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ» № 389;
- ҚР СТ ISO 50001-2019 ЭНЕРГОМЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕЛЕРІ. ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША ТАЛАПТАР МЕН НҰСҚАУЛЫҚ.



2020 жылы іске асырған энергия тұтынуды азайту жөніндегі негізгі бастамаларымыз:

- ЛЮМИНЕСЦЕНТТІ ШАМДАРДЫ ЖАРЫҚДИОДТЫ ТЕХНОЛОГИЯМЕН КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢМЕН АУЫСТЫРУ;
- ТӨМЕН ДЕБИТТІ ҰҢҒЫМАЛАРДА АЗ ҚҰАТТЫ БАТПАЛЫ СОРҒЫЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ;
- ТРАНСФОРМАТОРЛЫҚ ҚОСАЛҚЫ СТАНЦИЯЛАРДАҒЫ РЕАКТИВТІ ҚҰАТТЫ ӨТЕУ;
- АУА РАЙЫНА ТӘУЕЛДІ РЕТТЕГІШТЕРДІ БАПТАУ.



Энергия тұтынуды қысқарту және энергия тиімділігін арттыру саласындағы тиімділіктің түйінді көрсеткіштері (ТТК) мен мақсаттары:

- Электр энергиясын тиімді пайдалану;
- Энергия үнемдеу жөніндегі іс-шаралардың жыл сайынғы жоспарларын жасау;
- Энергия сыйымды жабдықтар режимдерін оңтайландыру;
- Энергия аудитінің қорытындысы бойынша іс-шараларды орындау;
- Электр энергиясының баламалы көздерін енгізу;
- Дизель отынын тиімді пайдалану;
- Технологиялық процестерді оңтайландыру;
- Дизель отынының қорын тиімді жоспарлау;
- Өткізілген энергия аудитінің ұсынымдарын енгізу.

2020 жылы Компания объектілерінің энергетикалық аудиті (энергоаудит) жүргізілді. Мұндай энергоаудит алғаш рет 2014 жылы өткізілді. Соңғы энергия аудитінің қорытындысы бойынша энергияны үнемдеу және Компанияның энергия тиімділігін арттыру бойынша қорытынды жа-

Энергия ресурстарын жалпы тұтыну - дизель отыны, ГДж




салды және берілді. Берілген ұсынымдар мынадай төрт бағытты қамтитын ұсыныстар кешенін білдіреді:

1. Қазандық-пеш отынын үнемдеу жөніндегі іс-шаралар;
2. Электр энергиясын үнемдеу жөніндегі іс-шаралар;
3. Мотор отынын үнемдеу жөніндегі іс-шаралар;
4. Ғимараттардың терезе және есік ойықтарын, сондай-ақ қабырға мен шатырдың арасындағы түйістерді тығыздау бойынша ұсынымдар.


2020 жылы жалпы энергия тұтыну 61,4 мың ГДж құрады, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 6,1 % артық. 2021 жылдың бірінші жартыжылдығындағы ұқсас көрсеткіш 36,7 ГДж құрайды. Негізгі ресурс дизель отыны болып табылады. 2021 жылғы 11 мамырдан бастап гелиоәуе пайдалануға енгізілді, өндірілетін және тұтынылған энергия көлемі 7,08 ГДж құрады.

Көлік құралдары отынның екі түрін пайдаланады: дизель және бензин. 2018 жылдан бастап барлық кезеңде көлік құралдарының отын тұтынуы төмендегені байқалады. 2020 жылы дизель отынын тұтынудың қысқаруы 2018 жылмен салыстырғанда 26 %, ал бензин 18 % құрады.

Электр және жылу энергиясын тұтыну, ГДж



Дайын өнім өндірісінің энергия сыйымдылығы, мың ГДж/тонна



Компания жел энергиясын пайдалануды жоспарлап отыр. 2021 жылы жел генераторларын енгізу мүмкіндігі бойынша ғылыми-зерттеу жұмысы басталды. Қазіргі уақытта Компанияда меншікті генерациясы жоқ. 2022 жылға жалпы қуаты 145 кВт, 3 – 15 кВт және 1-100 кВт 4 жел генераторын сатып алу жоспарланып отыр.

Көлік құралдарының отын тұтынуы, л



ТӘЖІРИБЕДЕН АЛЫНҒАН МЫСАЛ

2020 жылы САТ 1 және 2 қайта өңдеу кешендерінің технологиялық жұмыс режимдерін қарқындату бойынша жұмыстар жүргізілді, соның нәтижесінде жазғы кезеңде технологиялық ерітінділерді жылытуды болдырмауға мүмкіндік туды (жылыту қазандықтарда дизель отынын жағумен жүзеге асырылды), бұл нәтижесінде 2020 жылы дизель отынының шығынын 67 747 тоннаға азайтуға мүмкіндік берді, бұл ретте экономикалық тиімділік жылына 14 219 теңгені құрады. Технологиялық процесті басқару үшін қолданылатын сығылған ауаны тұтыну азайтылды. Нәтижесінде электр энергиясының шығыны 11,5 кВт/сағ немесе жылына 1 507 теңгені құрады.

Шығарындылар

GRI 305-1, 305-2, 305-7

ҚОҚ көрсеткіштерін басқару тәсілін негізге ала отырып, біз парниктік газдардың (ПГ) тікелей шығарындыларын төмендету бойынша келесі шараларды қарастырдық:

- Ластаушы заттар шығарындыларының белгіленген нормативтерін сақтау;
- Шығарындылардың тұрақты мониторингін жүргізу;
- Шығарындыларды басқару қызметін үнемі жақсарту.

Экологиялық талаптар тізімінің ішінде Компания барлық қажетті заңнамалық нормаларды қолданады, соның ішінде:


МЕМСТ 17.2.3.01

Атмосфера. Елді мекендер ауасының сапасын бақылау қағидалары;


МЕМСТ 17.0.0.02

Атмосфераның, жер үсті сулары мен топырақтың ластануын бақылауды метеорологиялық қамтамасыз ету.

ПГ, тCO₂ баламасындағы жалпы тікелей және жанама шығарындылары




ПГ, тCO₂ баламасындағы тікелей және жанама шығарындылары




● Scope 1
● Scope 2

* Парниктік газдардың тікелей шығарындылары – компанияның иелігіндегі немесе бақылауындағы көздерден парниктік газдардың шығарындылары.
** Парниктік газдардың жанама шығарындылары – компания өз тұтынуы үшін сатып алған энергия өндіруден парниктік газдардың шығарындылары.

Парниктік газдардың үлестік шығарындылары (Score 1 + Score 2) тCO₂ дайын өнімнің тоннасына




Парниктік газдардың үлестік шығарындылары (Score 1) тCO₂-эквиваленті/дайын өнімнің тоннасына



ТМК*
2019 — 6,79

ПГ шығарындыларын есептеу тікелей және жанама шығарындылардың энергия көлемінің шығарылатын өнім бірлігіне қатынасына негізделеді. Әдістеме ретінде Канададағы Самесо кен орындарының шығарындыларын бағалауды жүргізетін Engineering Consultants LTD 2011 консалтингтік компаниясының есебі қабылданды. Бұл есептеу әдісі кен орындарындағы ПГ шығарындыларын есептеу құралы ретінде қолдану үшін ұсынылады.

Дайын өнім өндірісінің энергия сыйымдылығы мың ГДж/тонна



* Көрсеткіштер 2019 жылғы Қазақстанның үш ірі тау-кен өндіру компанияларының (ТМК) негізінде жасалды. Деректер қолжетімді ақпарат көздерінен алынды.

Атмосфераға елеулі шығарындылар, тонна

Атмосфераға ластаушы заттардың шығарындылары (тонна)	2018	2019	2020	½ 2021
NO _x	2,4	2,8	2,4	5,5
SO _x	0,6	0,8	1,6	2,7
Ұшпа органикалық қосылыстар (ҰОҚ)	3,7	0,2	0,1	0,03
Қатты бөлшектер	9,0	9,0	6,0	2,3
Күкіртсутегі	0,001	0,001	0,002	0,0002
Аммиак	0,1	0,1	0,1	3,4
Күйе	0,3	0,2	0,3	0,3
Метан	3,1	3,5	3,9	0,3
CO _x	10,7	12,3	10,5	9,2

Компанияның ПГ тікелей шығарындылары 20 мың тоннадан аспайды, сондай-ақ біз квоталау субъектілері болып табылмаймыз. Шығарындылардың негізгі көздері қазандықтар, дизель электр станциялары, көлік болып табылады. Энергетика мамандары мен көлік бөлімінің жұмыскерлері дизель отыны мен бензинді үнемдеу бойынша іс-шаралар жүргізуде. Өндіріс алаңдары мен полигондар өсіп келеді, сәйкесінше жұмыс

нүктелері арасындағы қашықтық артады, бұл көлікке отын шығындарының артуына әкеледі. Қазандықтар үшін отын шығыны жыл сайын шамамен бірдей және үнемдеу жылу маусымының қысқаруына байланысты (сыртқы температураға байланысты) болады.

Қалдықтар

GRI 306-2

Қолданыстағы Қалдықтарды басқарудың бағдарламасы қалдықтардың пайда болу орындарында оларды бөлек жинауды көздейді. Бағдарлама Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 21 қарашадағы № 146 бұйрығымен бекітілген «Қалдықтарды басқару бағдарламасын» әзірлеу қағидаларына сәйкес әзірленді.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТТАРЫ:

- **ЖИНАҚТАЛҒАН ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ КӨЛЕМІ МЕН ҚАУІПТІ ҚАСИЕТТЕРІНІҢ ДЕҢГЕЙІН БІРТІНДЕП ҚЫСҚARTУҒА БАҒЫТТАЛҒАН БЕЛГІЛЕНГЕН КӨРСЕТКІШТЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ;**
- **ҚАЛДЫҚТАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУ АЛАҢЫНДА ЖӘНЕ ОҒАН ІРГЕЛЕС АУМАҚТА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫ ЖАҚСARTУ;**
- **ӨНДІРІС ПЕН ТҰТЫНУДЫҢ ЖИНАҚТАЛҒАН ҚАЛДЫҚТАРЫН ЖОЮ ТӘРТІБІН АЙҚЫНДАУ, ҚАЛДЫҚТАРДЫ КӘДЕГЕ ЖАРATУДЫҢ САПАЛЫ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІНЕ КӨШУ;**
- **ҚАЛДЫҚТАРДЫ АЗАЙТУ, КӘДЕГЕ ЖARATУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ӨНДЕУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАРДЫ ҮНТАЛАНДЫРУ, ЖИНАҚТАЛҒАН ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ САНЫ МЕН КӨЛЕМІН АЗАЙТУ;**
- **ҚАЛДЫҚТАРМЕН ҚАУІПСІЗ ЖҰМЫС ІСТЕУ ПРОЦЕСІН ТИІМДІ БАҚЫЛАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ;**
- **ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ САНИТАРЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАПТАРДЫ САҚТАУ ЖӘНЕ ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАРДЫ ОРЫНДАУ.**

Бұл бағдарлама Компанияның барлық құрылымдық бөлімшелеріне қолданылады. Бағдарлама өндіріс және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеудің кезең-кезеңмен тәртібін сипаттайды, кейіннен жою үшін уақытша сақтау орындарындағы қалдықтарды жою әдістерін реттейді, қалдықтарды анықтайды және апаттың алдын алу шараларын қарастырады.

Мердігерлік ұйым шарт бойынша кеніште пайда болған барлық қалдықтарды жинауды, сегрегациялауды және кәдеге жаратуды жүзеге асырады. Пайда болған қалдықтар түрлері бойынша әртүрлі контейнерлерге бөлінеді және толуына қарай кәдеге жаратуға шығарылады. Түзілетін және кәдеге жаратылатын қалдықтарды есепке алуды кеніштегі ҚОҚ мамандары жүргізеді.

Мердігерлік ұйымның жұмыскерлері күн сайын қалдықтарды бөлек жинауды жүзеге асырады және оларды түрлері бойынша тиісті контейнерлерге салады. Картон-қағаз және пластикалық қалдықтар баспақталады. Қалдықтар мердігердің базасына шығарылады және растайтын құжаттарды ресімдей отырып, шарт бойынша үшінші тарапқа ішінара беріледі. Жыл сайын қалдықтарды сегрегациялау мен кәдеге жаратуды жүзеге асыратын мердігерлік ұйымға аудит жүргізіледі. Пандемияға байланысты 2020 жылы мердігерлік ұйымның заңнамалық талаптарға сәйкестігіне аудит жүргізілген жоқ. Мердігер ұйым өндірістік қалдықтарды қайта өңдеуді (төмен қысымды полиэтиленнен – ТҚП жасалған құбырлардың қалдықтарын) және нарықта өткізе отырып, жаңа ТҚП құбырларын шығаруды жүзеге асырады.

Мердігер қалдықтарды дұрыс есепке алу үшін анықтама түрінде қалдықтардың саны мен түрі жөніндегі деректерді ұсынады, сондай-ақ үшінші тарап жүзеге асыратын қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі анықтамаларды ұсынады.

Ағынды суларды сүзу алаңдарына ағызу, өндіріс пен тұтыну қалдықтарының пайда болуы, төмен радиоактивті қалдықтардың пайда болуы қоршаған ортаға ең маңызды әсер ретінде қарастырылады. Ағынды сулардағы ластаушы заттардың төгінділерін азайту үшін вахталық лагерьде, НӨЗ, Сат-1, Сат-2 учаскелерінде биологиялық тазарту станциясын салу жоспарланып отыр. 2021 жылы жобалау-ізвестіру жұмыстары жүргізіліп, 2023 жылға құрылыс-монтаждау жұмыстары жоспарланған. 2021 жылы ағынды сулардың кәріздік септиктерін тазалау бойынша жұмыстар жүргізілді. Тазарту барысында 150 тонна тұнба тазартылды. Жүргізілген жұмыстар ағынды сулардағы шекті рұқсат етілген концентрациялардың артуын болдырмауға және су шығарудағы ластаушы заттардың артық болуын болдырмауға көмектесті.

Біз қалдықтардың пайда болуын азайту, дұрыс сұрыптау мен қайта өңделетін қалдықтар үлесін арттыру бойынша жұмыстар жүргіземіз. Сонымен қатар, біз төмен радиоактивті қалдықтардың пайда болуын азайту бойынша үнемді өндіріс жобасын жүзеге асырып жатырмыз.

Кәсіпорында жер учаскесінің жалпы ауданы 9,83 га құрайтын қатты тұрмыстық қалдықтар (ҚТҚ) полигоны орналасқан. Пайдаланудың есептік мерзімі шамамен 25 жыл. ҚТҚ көмуге арналған ордың көлемі – 2,36 мың м³. ҚТҚ полигоны вахталық лагерь, НӨЗ учаскесі, Сателлит-1 және Сателлит-2 аумақтарынан тұрмыстық қызмет көрсетудің (асханалардың, жатақханалардың) және сметаның қатты қалдықтарын орталықтандырылған жинауға және көмуге арналған.

ҚТҚ полигонында қауіптілігі IV сыныпқа жататын қалдықтар көмілуі тиіс. Атмосфераға шығарылатын ластаушы заттардың жалпы және түрлік құрамының саны бойынша объект қауіптіліктің 1-санатына жатады. Полигон 2008 жылдан бастап жұмыс істейді. 2020 жылға жинақталған қал-

дықтардың болжамды көлемі 347 669 тоннаны құрайды. Қалдықтар тығыздалмай жинастыру түрде жиналады. Соңғы үш жарым жылдағы қалдықтардың мөлшері: 2018 жылы - 32 776 т, 2019 жылы - 34 263 т, 2020 жылы - 18 т, 2021 жылы – 19 т.



Кәсіпорында кәдеге жарату операцияларына ұшырайтын өнеркәсіптік қалдықтардың 29 түрі түзіледі.


Қалдықтардың негізгі түрлерінің көлемі, т

Көрсеткіш	2018	2019	2020	½ 2021
Қауіпті қалдықтардың пайда болуының жалпы көлемі, оның ішінде:	9 026	9 291	5 665	2 863
бұрғылау шламы	7 942	8 407	5 114	3 028
өндірістік қалдықтар (пайдаланылған май, металл сынықтары, пайдаланылған шиналар және т. б.)	284	308	354	331
ТРҚ	800	576	196	25
Қатты тұрмыстық қалдықтар (ҚТҚ)	33	34	23	19




ТАБИҒАТ ФОКУСТА

Қауіпті қалдықтардың пайда болу көлемі, т



ГТП полигонын салу кезінде пластикалық және ТҚП (төмен қысымды полиэтилен) құбырлары (жабдықтар мен шығын материалдарын пайдаланылған блоктардан ішінара бөлшектейді және жаңадан салынған блоктарға орнатады), ішінара сөрелерді, арбаларды, орындықтарды орнату кезінде, тамшылатып суару үшін, аумақты қоршау кезінде қайта пайдаланылады. Пайда болу көлемінің аздығына байланысты қайта

Қауіпсіз қалдықтардың пайда болу көлемі, т



пайдаланылатын пластик, ағаш, ТҚП және металл қалдықтарын есепке алуды мердігер ұйым жүргізбейді. ТҚП құбырларын қайта өңдеу және жаңаларын шығару жүзеге асырылады, қалған қалдықтар әрі қарай үшінші тұлғаларға өңдеуге жіберіледі.

Айналыс тәсілі бойынша қауіпті және қауіпсіз қалдықтардың көлемі, т

Қауіпті қалдықтар:	2018	2019	2020	½ 2021
Қайталап пайдалану (ТҚП Құбырлар Д50)	0	0	0	4 400
Қайталап пайдалану (ТҚП Құбырлар Д63)	0	0	0	1 600
Кәдеге жарату	321	278	356	334
Көму	8 774	9 017	5 334	2 565
Қайта өңдеу	0	0	0	0
Мамандандырылған ұйымға беру	321	278	356	334
Қауіпті емес қалдықтар:				
Көму	33	34	23	16

Уақытша сақтау үшін кәсіпорынның қалдықтарына арналған жалпы алаң 112,0 м², ұзақ мерзімді сақтау үшін – ТРҚ үшін 7 000 м² және ҚТҚ үшін 1 500 м² құрайды.

Кәсіпорын аумағында өндірістік және қойма үй-жайларында орналасқан қалдықтарды уақытша сақтаудың (жинақтаудың) 18 орны ұйымдас-тырылған. Кәсіпорынның өндірістік қызметі нәтижесінде пайда болған қалдықтар өз полигондарына немесе қалдықтарды қайта өңдеуді, пайдалануды немесе залалсыздандыруды жүзеге асыратын мамандандырылған кәсіпорындарға әкетілуге жатады.

Қалдықтарды уақытша сақтау (жинақтау) орын-дарын ұйымдастыру кезінде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары қабылданды. Уақытша сақтау (жинақтау) орындарын жаб-дықтау қауіптілік сыныбын, физикалық-химиялық қасиеттерін, түзілетін қалдықтардың реакциялық қабілетін ескере отырып, сондай-ақ тиісті МЕМСТ және ҚНЖЕ талаптарын ескере отырып жүргізілді.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ РАДИАЦИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Компанияда радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету Компанияның әзірленген және бекітілген ішкі нормативтік құжаттамасына сәйкес жүзеге асырылады. Ішкі нормативтік құжаттар (ІНҚ) Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнамасының қолданыстағы талаптарына сәйкес әзірленді.

Компанияда радиациялық қауіпсіздік бойынша 16 ІНҚ бар. Олардың ішінде негізгілері:

- «Инкай» БК» ЖШС объектілеріндегі радиациялық қауіпсіздік» ережесі;
- «Радиациялық қауіпсіздік сапасын қамтама-сыз ету» бағдарламасы;
- «Инкай» БК» ЖШС объектілеріндегі радиациялық қауіпсіздік» жұмыс нұсқаулығы;
- «Радиациялық бақылау» бағдарламасы.

Жоғарыда аталған барлық ІНҚ Қазақстан Респуб-ликасының стандарттары мен заңнамалық талап-тарына бейімделген. Компаниядағы қоршаған ортаны радиациялық бақылау және радиациялық мониторинг талаптарының тізбесі толық көлемде орындалады. Есеп беру кезеңінде бақылау және рұқсат етілген деңгейлерден асып кету тіркелген жоқ. Жалпы кәсіпорында және оның жекелеген учаскелерінде радиациялық қауіпті факторлар-дың деңгейі тұрақты болып қалады. Өндірістік аумақтағы, санитариялық-қорғаныш аймағының аумағындағы және селитебті аймақтың ау-мағындағы радиациялық факторлардың мәндері өзгеріссіз қалды немесе өлшеу қателігі шегінде аздап ерекшеленеді.

Тайқоңыр кентінің тұрғындарының денсаулығына қауіп жоқ. Барлық технологиялық процестер ра-диациялық және өнеркәсіптік қауіпсіздік жөнін-дегі қажетті талаптарды сақтай отырып жүзеге асырылады.

Жергілікті тұрғындар арасында радиофобияны төмендету бойынша іс-шаралар шеңберінде COVID-19 пандемиясы басталғанға дейін Тай-қоңыр кентінің жергілікті тұрғындарымен түсін-діру жұмыстары және кездесулер өткізілді.



ТАБИҒАТ ФОКУСТА

**РАДИАЦИЯЛЫҚ МОНИТОРИНГ
БАҒДАРЛАМАСЫ ӨНДІРІСТІК ҮЙ-
ЖАЙЛАР МЕН ӨНЕРКӘСІПТІК
АЛАҢНЫҢ РАДИАЦИЯЛЫҚ
ФОНЫН ЗЕРТТЕУДІ КӨЗДЕЙДІ.
РАДИАЦИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУМАҒЫНДА
ҚОЛДАНЫСТАҒЫ НОРМАТИВТІК-
ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ ЗАҢНАМАЛЫҚ
ҚҰЖАТТАРҒА СӘЙКЕС
ОРЫНДАЛАДЫ:**

- «Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы» заң;
- «Санитариялық-гигиеналық нормалар және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптар» гигиеналық нормативтері;
- «Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары.

Экспозициялық доза нормативтен (33 мкр/сағ) жоғары болған жағдайда радиациялық ластану сипатын анықтау мақсатында топырақ сынамалары іріктеп алынады. Радиоэкологиялық мониторинг жылына 1 рет жүргізіледі.



**Қоршаған ортаны қорғау
жөніндегі бастамалар мен
шығыстар**

GRI 102-12, GRI 307-1

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманың базалық талаптарын сақтаумен қатар, біз бірқатар түрлі бастамаларды жүзеге асырамыз. Табиғатты қорғаудың негізгі ағымдағы шараларына келесі жұмыстар мен бастамашыл жобаларды жатқызуға болады:

- ESAP жобасы;
- Vision Zero бағдарламасы;
- Мінез-құлық қауіпсіздігі аудиттері;
- «Ақылды дулыға», «Қашықтағы сарапшы» және «Дербес бейнетіркеуіштер» АТ шешімдері;
- Полигондардың рекультивациялық процестері;
- «Кенішті абаттандыру және көгалдандыру» жобасы;
- «Жасыл кеңсе» концепциясын іске асыру;
- Өңірдің флорасы мен фаунасын жақсартуға арналған іс-шаралар: сексеуіл отырғызу, өндірістік учаскелерді және вахталық лагерьді көгалдандыру;
- «МАЛ жан АМАН» жобасын іске асыру туралы ақпарат;

- «World Cleanup Day» экокелленджі;
- Қалдықтарды жинау, сұрыптау, сақтау және кәдеге жарату;
- НӨЗ, Сателлит-1 және Сателлит-2 учаскелерінде сарқынды суларды биологиялық тазарту станцияларын салу;
- Радиациялық қауіпсіздік аудиті;
- Шығарындылар көздерін түгендеу;
- Тау-кендік бөлу аумағындағы биоәртүрлілікті бағалау;
- Энергоаудит;
- Сынап шамдарын энергия үнемдейтін жарықдиодты шамдарға ауыстыру;
- Өндірістік объектілерде күн су жылытқыштарын орнату;
- «Бақылау ұңғымалары желілерінің ұңғы-мааралық қашықтықтарын есептеу және негіздеу» ҒЗЖ жүргізу нәтижелері бойынша жерасты суларының мониторингі.

Компания үшін Компанияның қызметі үлкен әсер ететін барлық мүдделі тараптардың талаптарын/тілектерін ескере отырып, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт мерзімі аяқталғаннан кейін өндірісті жабу маңызды мәселе болып табылады. Компанияның жоспарында келісімшарттың аяқталу мерзімін күтпей, полигондардың рекультивациялық процестерін бастау бар.



В 2020 Ж.



- 2020 жылдың қыркүйек айында «World Cleanup Day» экокелленджі өткізілді: вахталық лагерьде 225 терек көшеті және учаскелерде терек шыбығы отырғызылды.
- 2020 жылғы қарашада Компанияның тау-кендік бөлу аумағында қоршаған ортаға теріс әсерді азайту мақсатында 2 гектар алаңда тұқым түрінде сексеуіл отырғызылды, бұл жел эрозиясының алдын алуға ықпал етеді, сондай-ақ жердің шөлейттенуімен күресуге көмектеседі. 2020 жылғы жағдай бойынша барлығы 24 гектардан астам сексеуіл отырғызылды.



- 2020 жылы бөлімшелердің қызметі кезінде қауіптерді сәйкестендіру және қауіптерді бағалау үшін жұмыстардың қауіптілігін талдау картасы (ЖҚТК) енгізілді.
- «МАЛ жан АМАН» жобасын іске асыру шеңберінде 2020 жылы КАӨ сатып алынып, орталықтандырылған жинау және кейіннен Созақ ауданының әкімдігіне өтеусіз негізде беру үшін ірі қара малға арналған 1 350 дана жарық шағылыстыратын қарғыбаулар «Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС-не берілді. «МАЛ жан АМАН» жобасының мақсаты-түнгі уақытта ірі малдың қатысуымен болатын ЖКО қаупін азайту болып табылады.



- Біз қалдықтарды жинау, сұрыптау, сақтау және кәдеге жарату бойынша бөгде компаниямен шарт жасадық. Мердігер қалдықтарды кәдеге жаратумен ғана емес, одан әрі кәдеге жарату үшін кеңіс аумағында жинаумен, сұрыптаумен де айналысады. Сонымен қатар, біз «НӨЗ, Сателлит-1 және Сателлит-2 учаскелерінде сарқынды суларды биологиялық тазарту станцияларын салу» жобасы бойынша инженерлік-іздістіру жұмыстарын орындай отырып, жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу туралы шарт жасастық. Құрылыс 2022-2023 жылдарға жоспарланған.



- 2020 жылдың бірінші жартыжылдығында энергия аудиті жүргізілді және оның нәтижелері бойынша энергия үнемдеу іс-шаралары бекітілді.



- Welcome «А» тобының персоналына әсер етудің орташа жылдық деңгейі 2020 жылы 0,94 мЗв, ал жеке сәулелену дозасының ең жоғары мәні 2,08 мЗв құрады. Бұл халықаралық стандарттармен белгіленген 20 мЗв максималды деңгейінің оннан бір бөлігі. Бұл сандар «А» тобының жұмыскерлеріне әсер ету деңгейінің төмендеу үрдісін көрсетеді.
- Жыл сайынғы негізде Компанияның санитариялық нормаларды сақтауын тексеру үшін мамандандырылған ұйымды тарта отырып, радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы заңнамалық талаптарға сәйкестігіне аудит жүргізіледі.
- 2020 жылы бақылау мен басқаруды жақсарту үшін Компания объектілеріндегі шығарындылардың барлық көздеріне қайта түгендеу жүргізілді.

2021 Ж.

- Жоспардың жол картасы шеңберінде Компанияның тау-кендік бөлу аумағында биоәртүрлілікті бағалау бойынша іс-шаралар орындалды. Жұмыстар 2021 жылы да жалғасуда.



- Сынап шамдарын энергия үнемдейтін жарықдиодты шамдарға ауыстыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.
- Сат-1-де тұрақты компрессорларға рекуператорлар орнатылды (2021 жылы Сат-2 учаскесінде орнату жоспарлануда).
- Энергия тұтыну мен шығарындыларды азайту мақсатында өнімді ерітінділерді қайта өңдеудің технологиялық процесін қарқындету жүргізілді.



- 2021 жылы күн су жылытқышы Сат-1 орнатылды, сондай-ақ 2021 жылы НӨЗ учаскесінде орнату жоспарлануда.
- 2021 жылы барлық қазандықтарда ауа райына тәуелді реттегіштерді орнату жоспарлануда.
- 2021 жылғы 27 наурызда вахталық лагерьде электр энергиясын өшіріп, біз «Жер Сағаты» халықаралық экологиялық акциясына қатыстық.

Біз алдағы жылдарға бағытталған ЕҚЖӨҚ және ҚОҚ-ға қатысты үлкен көлемді қамтитын шаралар жүргізуді көздеп отырмыз. Біздің көзқарасымыз жаңа деңгейге немесе дамуға мүмкіндік береді:

- әсерді анықтау мониторинг жүйелері;
- қолда бар экологиялық мониторинг бағдарламаларын бағалау;
- Score 1 және 2 парниктік газдар шығарындылары бойынша есептілікті бағалау және ұсыну;
- жаңартылған технологиялық регламент, өте маңызды мекендеу орындары (орталары) контурланған мекендеу орындарының картасын жасау;
- жердің және су пайдаланушылардың орналасқан жерін көрсететін картографиялық материалдармен әлеуметтік сканерлеу және әлеуметтік сканерлеу барысында алынған ақпарат негізінде кәсіпорынның Өзара іс-қимыл жоспарын дайындау;
- озық халықаралық практикаға сәйкес шағымдарды беру мен қараудың жетілдірілген тетігі;
- радиоактивті қалдықтардың пайда болу болжамдарын, уран өндіру кестесімен (расталған дәлдікпен) және радиоактивті металл сынықтарын дезактивациялау жөніндегі қызметтерді жеткізушілердің өткізу қабілетімен төмен радиоактивті қалдықтардың пайда болу көлемдерін салыстыру;
- жаңартылған тарату бағдарламасы.

Кенішті жабу кезінде жұмыс көлемін анықтау және жою жұмыстарының құнын бағалау

Біз кенішті жабуға қатысты шаралар кешенін үздіксіз жақсартып келеміз. Таяудағы екі жылға кәсіпорындардың өмірлік циклын аяқтауды жоспарлау (жабу/тарату) жөніндегі бағдарламаларды іске асыру кестесі бекітілді, оларға мыналар кіреді:

- жабу критерийлерін мүдделі тараптармен (реттеуші органдармен және жергілікті қоғамдастықтармен) келісу;
- нақты жабу өлшемдерін, жорамалдарды және шығындарды ағымдағы бағалауды пайдалана отырып, қолданыстағы жобалық шешімдер мен өндіріс жоспарларын көрсете отырып, жою бағдарламасын түзету;
- жабу жөніндегі міндеттемелерді орындауға кепілдік беру және жеткілікті ресурстар бөлу үшін жою бағдарламаларына және шығындарды тиісті бағалауға тұрақты талдау жасау;
- АҚХА уран өндірісі объектілерін пайдаланудан шығару, уран кен орындарын және уран мұрасы объектілерін рекультивациялау бойынша өткізетін техникалық кеңестерге, семинарларға және оқыту тренингтеріне қатысу.

«Бақылау ұңғымалары желілерінің ұңғымааралық қашықтықтарын есептеу және негіздеу» ҒЗЖ жүргізу нәтижелері бойынша жерасты суларының мониторингін жақсарту

Жерасты суларының жай-күйінің мониторингі және технологиялық ерітінділердің таралуын бақылау Ішкі бекітілген нормативтік құжаттарға сәйкес тұрақты негізде жүргізіледі.

Осы іс-шаралар жоспары шеңберінде жүргізілген жұмыстардың бағыттарының бірі «Жерасты ұңғымалық шаймалау кезінде жерасты суларын мониторингтеу үшін бақылау ұңғымалары желілерін жобалау әдістемесін» әзірлеу болып табылады. Осы құжаттың жобасын қарау барысында әдістемені әзірлеу кезінде қабылданған техникалық шешімдерді растау және негіздеу үшін «Бақылау ұңғымалары желілерінің ұңғымааралық қашықтықтарын есептеу және негіздеу» тақырыбында ғылыми-зерттеу жұмысын (ҒЗЖ) жүргізу туралы шешім қабылданды. Қазіргі уақытта бұл ҒЗЖ әзірлеу процесінде. ҒЗЖ бойынша есепті дайындағаннан кейін әдістеме пысықталып, ол Компанияның ішкі нормативтік құжаты ретінде бекітілетін болады.

Жоспарды әрі қарай іске асыру

Тұрақты даму саласындағы міндеттемелерімізді нығайту үшін біз экологияға қатысты келесі бағыттардағы шараларды қамтитын ESAP жоспарын белсенді түрде жүзеге асырып келеміз:

- Су, топырақ және ауа мониторингі;
- Биологиялық әралуандылық бойынша есеп (өсімдіктер, жабайы жануарлар, көшпелі мал шаруашылығы);

- Қалдықтарды басқару (жою және кәдеге жарату);
- Қоршаған ортаны қорғау және жергілікті халықпен өзара іс-қимыл саласындағы басқару;
- Кәсіпорындардың өмірлік циклін аяқтауды жоспарлау (жабу/тарату);
- Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік.

ТӘЖІРИБЕДЕН АЛЫНҒАН МЫСАЛ

Компания 2021 жылдың 4-тоқсанында қолданыстағы экологиялық мониторинг бағдарламаларын бағалау бойынша жобаны іске асыруды жоспарлады (барлық компоненттер бойынша – жерасты сулары, жерүсті сулары, топырақ, шөгінділер және ауа).

Бағалау жүргізу әлеуетті тәуекелдерді ескере отырып және кәсіпорынның объектілерге (экологияға, биоалуантүрлілікке, жақын жердегі жер пайдаланушыларға және су ресурстарына) әсер етпейтінін көрсету үшін деректерді жинау мен түсіндіруді қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

Талдау аясында келесі мәселелер қарастырылуда:

- Ластану көздері (ЖҚС, күкірт қышқылы қоймасы және басқа да қауіпті заттарды қамтуы мүмкін);

- Ықтимал әсер ету объектілерінің орналасқан жері;
- Ықтимал арналар / әсер ету жолдары;
- Жекелеген қондырғылар мен мониторинг / сынама алу объектілерінің талаптарына сәйкестік;
- Сынамаларды іріктеу және деректерді жинау рәсімдері;
- Зертханаларды және басқа да зерттеу орталықтарын пайдалану;
- Жеке мониторинг бағдарламаларының қарқындылығы;
- Есеп беру рәсімдері.

Осы жұмыстың нәтижесінде қоршаған ортаның барлық компоненттері үшін оларды барлық өндірістік объектілерге (учаскелерге) меншікті емес активтерді (МЕА) енгізе отырып, қоршаған орта мониторингінің жаңа не кеңейтілген бағдарламаларын әзірлеу болжанып отыр.

ҮНЕМДІ ӨНДІРІС

Үнемді өндіріс концепциясы өндірістік кәсіпорынды басқарудағы шығындардың барлық түрлерін жоюды білдіреді. Біз әр жұмыскердің процестерді оңтайландыру процесіне қатысуына ерекше назар аударамыз.

Өндірістің тиімділігін арттыру және жұмыскерлердің шығармашылық әлеуетін пайдалану мақсатында үнемді өндіріс жобасы басталды. Осы жобаға қатысты жұмыстың негізгі принциптері мен тәртібі «Үнемді өндірісті енгізу жөніндегі ереже» құжатымен (бұдан әрі – Ереже) регламенттелген. Бұл жобаның міндеті үнемді өндіріс мәдениетін және Компаниядағы өндірістік процестерді үздіксіз жетілдіру жүйесін енгізу және дамыту. Үнемді өндіріс мәдениеті еңбек өнімділігін арттыруды, ысыраптарды азайтуды, шығындарды азайтуды және өнім сапасын жақсартуды болжайды.

Осы ереже аутстаффинг компаниясы арқылы жұмыс істейтін жұмыскерлерді қоса алғанда, барлық жұмыскерлерге, құрылымдық бөлімшелерге қолданылады. Бұл Ереже келесілерде тәртіпті айқындайды:

- жоғары басшылық тарапынан жобаларға бастамашылық ету;
- жұмыскер тарапынан жобаларға бастамашылық ету;
- жобаларға бастамашылық жасауға және оларды іске асыруға жәрдемдесу;
- жобаларды таңдау кезіндегі шарттар мен талаптар;
- жобаларды рәсімдеу және жүргізу әдістемесін таңдау;
- DMAIC бойынша жобаны рәсімдеу;
- Кайдзен жобасын рәсімдеу;
- жобалардың экономикалық негіздемесі және үнемдеу түрлері;

- жобаларды қарау және бағалау;
- жобаларды аяқтау;
- «5S жүйесі бойынша ұйымдастырылған үздік өндірістік учаске» конкурсын өткізу;
- операциялық рәсімдер стандарттарын әзірлеу нұсқаулығы (СӘН);
- СӘН рәсімдеуге ұсынымдар;
- СӘН келісу тәртібі.

Компанияның Бас директорының немесе құрылымдық бөлімше басшысының бастамасы бойынша еңбек қауіпсіздігін жақсарту, шығындарды қысқарту, орындалатын жұмыстардың сапасын арттыру және өнімділікті арттыру қажеттілігі айқындалады.

Үнемді өндіріс концепциясына сәйкес, Компанияның әрбір жұмыскері қауіпсіздік техникасын, жұмыстар мен өнімдердің сапасын, өзіндік құны мен еңбек өнімділігін қамтитын жақсарту немесе жаңғырту жөніндегі жобаның бастамашысы болуға құқылы.

Жобаның құрамы жоба көшбасшысынан, жобаның демеушісінен, СӘН әзірлеуге жауапты үнемді өндіріс инженерінен және жұмыс тобынан тұрады. Жоба көшбасшысы жобаға сараптамалық пікір үшін тәжірибелі жұмыскерлерді тарта алады, сондай-ақ жоба көшбасшысына құрамына үнемді өндіріс жөніндегі инженер, тікелей басшы және процестердің иесі кіретін OE (Operational Excellence) командасы да көмек көрсете алады. OE командасы қажетті техникалық және экономикалық негіздемелер мен есептеулерді жасауға, жоба бойынша Жарғыны дайындауда техникалық көмек ұйымдастыруға, жоба көшбасшысының шешімдерін пысықтауға және тәжірибелік жұмыстар жүргізуге, өндірісті дайындауға және жобаны енгізуге қатысуға көмектеседі.

► Жобаның мақсатын ұйымдастыру SMART өлшемдеріне сәйкес тұжырымдалады:

- Specific (нақты) – нақты мәселеге/ процеске тоғыстыру
- Measurable (өлшеуге келетін) – мәселе сандық түрде өлшенуі керек
- Achievable (қолжетімді) – мақсатқа жету үшін ресурстар мен өкілеттіктердің болуы
- Relevant (өзекті) – мақсатқа жету бизнес үшін маңызды болуы керек
- Time bound (уақытқа шектеулі) – мәселенің болу кезеңі және мақсатқа қол жеткізу мерзімдері белгіленуі тиіс.



ТАБИҒАТ ФОКУСТА

Жобаның Жарғысын/төлқұжатын рәсімдеп, қол қойғаннан кейін жобалар Lean мас-тер-жоспарына тіркеледі. Жобаны енгізу жөніндегі шешімді ОЕ комитеті қабылдайды, жобаның одан әрі іске асырылуын ОЕ комитеті үйлестірушінің басшылығымен тоқсан сайын қадағалап отырады. Жобаны енгізуден бас тартқан кезде жоба бастамашысына тікелей басшы хабарлайды. Жоба ОЕ комитетінің алдында және ол қабылданғаннан кейін сәтті таныстырылған жағдайда жоба жабық болып саналады.

Компанияда жұмыс кеңістігін ұйымдастыруға және оңтайландыруға ықпал ететін 5S жүйесі бар.



**ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ
ҚАУІПСІЗДІК МӘДЕНИЕТІН
АРТТЫРУ**

МӘРТЕБЕ: АЯҚТАЛДЫ

- Кеніш аумағында оқу-жаттығу полигонын ұйымдастыру
- Жұмыскерлерге ТЖ-ға дайындық өткізу
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік жұмыскерлерін оқыту
- Жұмыскерлерді технологиялық процесті жүргізуге оқыту

**ЖӨНДЕУ-ҚАЛПЫНА
КЕЛТІРУ ЖҰМЫСТАРЫН
ЖҮРГІЗУ УАҚЫТЫН
ОҢТАЙЛАНДЫРУ**

МӘРТЕБЕ: ЖАҚСАРТЫЛДЫ

- ЖКЖ процесін нашарлатпай эрлифтті айдау уақытын 22 сағаттан 17-18 сағатқа дейін қысқарту
- ЖЖМ тұтынуды 20-25 %-ға төмендету



**НӨЗ УЧАСКЕСІ АУМАҒЫНДА
ЖАСЫЛ ЖЕЛЕКТЕРДІ
ТАМШЫЛАТЫП СУАРУ
ЖҮЙЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

МӘРТЕБЕ: АЯҚТАЛДЫ

- Судың бақыланбайтын шығындарын азайту
- Суару жүйесін ұйымдастыруда өтімсіз материалдарды пайдалану
- Аумақты көгалдандыру
- Жұмысшы персоналды босату

**НПВХ 90/8 ҚҰБЫР ӨНІМІНІҢ
ҚАЛДЫҚТАРЫН ЕКІНШІ РЕТ
ПАЙДАЛАНУ**

МӘРТЕБЕ: АЯҚТАЛДЫ

- Материалдарды екінші рет пайдалану
- ҚО ластануын төмендету
- Технологиялық ұңғымалар құрылысының үздіксіз процесін қамтамасыз ету



**ГТП САЛУ КЕЗІНДЕ
МАТЕРИАЛДАР ШЫҒЫНЫН
ОҢТАЙЛАНДЫРУ**

МӘРТЕБЕ: АЯҚТАЛДЫ

- Құбырлардың қалдықтары мен пайдаланылған материалдарды қолдана отырып, ұңғымаларды байлау және қосу

**ДӨ ҚАПТАМАСЫН
СТАНДАРТТАУ ЖӘНЕ
ОҢТАЙЛАНДЫРУ**

МӘРТЕБЕ: ЖАҚСАРТЫЛДЫ

- Ағаш қалдықтарының санын 0,15-тен 0,04 м³-ге дейін қысқарту
- ДӨ орауға кететін уақытты 9 сағат 40 минуттан 7 сағатқа дейін қысқарту

**ПНД 110 ҚҰБЫР ӨНІМІНІҢ
ҚАЛДЫҚТАРЫН ЕКІНШІ РЕТ
ПАЙДАЛАНУ**

МӘРТЕБЕ: АЯҚТАЛДЫ

- Материалдарды екінші рет пайдалану
- ҚО ластануын төмендету
- Технологиялық ұңғымалар құрылысының үздіксіз процесін қамтамасыз ету



GRI 103-1, 103-2, 103-3, 403-2

УРАН ӨНЕРКӘСІБІ
САЛАСЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ
ЕРЕКШЕЛІГІ
МЕН ЫҚПАЛ ЕТУ
АУҚЫМЫН СЕЗІНЕ
ОТЫРЫП, БІЗ
КОМПАНИЯНЫҢ
МҮДДЕСІ ҮШІН
ҚЫЗМЕТТІ ЖҮЗЕГЕ
АСЫРАТЫН
ЖҰМЫСКЕРЛЕР,
МЕРДІГЕРЛЕР,
ЖЕТКІЗУШІЛЕР ЖӘНЕ
БАСҚА ДА БИЗНЕС
СЕРІКТЕСТЕР ҮШІН
ҚАУІПСІЗ ЕҢБЕК
ЖАҒДАЙЛАРЫН
ЖАСАУҒА
ҰМТЫЛАМЫЗ

ЕҢБЕКТИ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІН БАСҚАРУ

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІН
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ
САЛАСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ
ЕРЕЖЕЛЕР ЕҢБЕКТИ ҚОРҒАУ,
ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ
ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ
ҚОРҒАУ (БҰДАН ӘРІ ЕҚ,
ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ) ЖӘНЕ
САПА САЛАСЫНДАҒЫ
САЯСАТПЕН
РЕГЛАМЕНТТЕЛГЕН. БҰЛ
САЯСАТ КОМПАНИЯНЫҢ
ҚК ШЕШІМІМЕН
БЕКІТІЛГЕН. БҰДАН
БҰРЫН АЙТЫЛҒАНДАЙ,
КОМПАНИЯДА ЕҢБЕКТИ
ҚОРҒАУ МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ
БІРІКТІРІЛГЕН ЖҮЙЕСІ
ЕНГІЗІЛГЕН, ОЛ ЕҢ
ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕЛЕРДІ
ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП
ЖӘНЕ ISO 9001:2015,
ISO 45001:2018, ISO
14001:2015 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕС
ҚР ҚОЛДАНЫСТАҒЫ
ЗАҢНАМАСЫНА
СӘЙКЕС ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ
ҚОҚ МЕНЕДЖМЕНТІ
ЖҮЙЕЛЕРІ БОЙЫНША
СТАНДАРТТАРДЫҢ
ТАЛАПТАРЫН БІРІКТІРЕДІ.

АДАМДАР ФОКУСТА

ӨНДІРІСТЕГІ ҚАУІПСІЗДІК

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы саясатпен өнеркәсіптік қауіпсіздік (бұдан әрі – ӨҚ) саласындағы келесі мақсаттар бекітілді:

- Техникалық, экологиялық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ете отырып, тәуекелдерді іс жүзінде қол жеткізуге болатын ақылға қонымды деңгейге дейін азайту;
- Жұмыскерлердің денсаулығына ұқыпты қарау, жұмыскерлердің еңбек жағдайларын үнемі жақсарту және өндірістегі жазатайым оқиғалардың алдын алу;
- Технологиялық процестердің, өнімдер мен қызметтердің қауіпсіздігі мен сапасын үнемі арттыра отырып, Компанияның қауіпсіз және тұрақты дамуын қамтамасыз ету;
- ISO 9001:2015, ISO 45001:2018 және ISO 14001:2015 халықаралық стандарттарына сәйкес Компания зауыттарында өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздік бойынша заңнама талаптарын сақтау бойынша өндірістік бақылау және ішкі аудит тиімділігін арттыру;

- Тапсырыс берушілердің өзгеріп отыратын қажеттіліктеріне ден қою кезінде әсер ету және қызметтің жалпы көрсеткіштері мәселелері, сондай-ақ Компаниядағы еңбек жағдайларының жай-күйі, қоршаған ортаны қорғау, радиациялық қауіпсіздік бойынша жергілікті халықпен, реттеуші органдармен және басқа да мүдделі тараптармен хабардар болуды және өзара іс-қимылды қамтамасыз ету.

ЕҚ және ӨҚ саласындағы ІНҚ-ға мыналар жатады:

- ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ және сапа саласындағы саясат;
- Өндірістік қауіпсіздік бойынша тәуекелдерді басқару;
- Қауіптілігі жоғары жұмыстарды жүргізу кезінде наряд-рұқсаттарды ресімдеу және қолдану;

- Қауіпсіз жұмыстарды тоқтату құқығын қолдану;
- Ескерту белгілерін ілу арқылы жабдықты бұғаттау;
- Өндірістік бақылау туралы ереже;
- Қауіпсіздіктің мінез-құлық аудиті;
- ҚТ, РҚ және ҚОҚ бойынша жиналыстар өткізу;
- ӨҚ саласындағы қызмет көрсеткіштеріне мониторинг және өлшеу жүргізу;
- ТЖҚ жеткізушілерін басқару бағдарламасы;
- Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау.

Өндірістік қауіпсіздік департаменті (ӨҚД) ЕҚ және ӨҚ саласындағы менеджмент жүйесіне жауапты болып табылады. Өз кезегінде Компанияның БД ЕҚ, ӨҚ, ҚОҚ және сапа саясатында белгіленген мақсаттарды іске асыру және қол жеткізу үшін жауапты болады.

ӨҚД ӨҚ басқару жүйесінің жұмыс істеу сапасын бағалау үшін негізгі көрсеткіштерге мониторинг жүргізеді. Түйінді көрсеткіштер мынадай бағыттар бойынша жіктелген: еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, оқыту, денсаулықты қорғау, қоршаған ортаны қорғау, радиациялық қауіпсіздік. Әрбір негізгі көрсеткіш үшін жауапты тұлға анықталды, ол белгіленген кезеңділікке сәйкес қажетті өлшеулер жүргізеді және басшылыққа, қатысушыларға және тиісті мемлекеттік органдарға, басқа да мүдделі тұлғаларға белгіленген нысанда ӨҚ саласындағы қызметті мониторингтеу үшін көрсеткіштер бойынша ақпарат береді.



АДАМДАР ФОКУСТА

ӨҚ саласындағы қызметті мониторингілеу үшін негізгі көрсеткіштердің тізбесі

Мониторинг объектісі	Мониторинг кезеңі	Реттеуші құжаттар	Деректерді ұсынуға жауапты тұлға
ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ			
Жарақаттану жиілігінің коэффициенті (КЖ)	Тоқсан сайын (15-не дейін) Жыл сайын (20 қаңтарға дейін)	«Оқиғаларды, жазатайым оқиғалар мен апаттарды тергеу» HS-19 сәйкес оқиғаларды жіктеу және есептеу	Есеп беру, есепке алу және талдау жөніндегі инженер
LTIFR ¹³ (Қазатомөнеркәсіп әдістемесі бойынша)	Тоқсан сайын (15-не дейін) Жыл сайын (20 қаңтарға дейін)	«Оқиғаларды, жазатайым оқиғалар мен апаттарды тергеу» HS-19 сәйкес оқиғаларды жіктеу және есептеу	Есеп беру, есепке алу және талдау жөніндегі инженер
Жазатайым оқиғалар нәтижесінде жоғалған күндер саны	Жазатайым оқиға фактісі бойынша	-	Есеп беру, есепке алу және талдау жөніндегі инженер
Инкай және мердігерлік ұйымдарда кешенді және мақсатты тексерулер жүргізу	Кестеге сәйкес	«Өндірістік бақылау туралы ереже» REG-HSE-03 сәйкес бекітілген кесте бойынша ӨҚД тексерулер жүргізіледі	ҚББ бөлімінің бастығы/ҚТ жөніндегі инженер
2, 3 және 4 - деңгейлердегі өндірістік бақылау кестесін орындау	Апта сайын (әр бөлімше үшін кестеге сәйкес)	Тексерулер «Өндірістік бақылау туралы ереже» REG-HSE-03 сәйкес бекітілген кесте бойынша жүргізіледі	Есеп беру, есепке алу және талдау жөніндегі инженер
ҚМА өткізу кестесін орындау	Апта сайын (әр бөлімше үшін кестеге сәйкес)	ПАБ «Қауіпсіздіктің мінез-құлық аудиті» REG-HS-58 ережесіне сәйкес жүргізіледі	Есеп беру, есепке алу және талдау жөніндегі инженер
Оқиғалар пирамидасы (өлім, ауыр жарақат, жеңіл жарақат, ҚӘ, ҚЖ / Near Miss, сәйкессіздіктер	Апта сайын	«Оқиғаларды, жазатайым оқиғалар мен апаттарды тергеу» HS-19 нұсқаулығына сәйкес оқиғаларды жіктеу	ҚББ бөлімінің бастығы/ҚТ жөніндегі инженер/ Есеп беру, есепке алу және талдау жөніндегі инженер
Әр түрлі оқиғалар мен қауіпті жағдайлардың жиілігінің арақатынасын графикалық бейнелеу. Оқиғалар туралы бастапқы хабарламалардан, Near Miss ҚЖҚӘ, электрондық журналдарда, ҰКЖ-да, ҚМА есептерінде тіркелген сәйкессіздіктер туралы ақпаратты қамтиды.	Тоқсан сайын	Осы Нұсқаулықтың «Сәйкессіздіктерді жіктеу» деген 2-қосымшасына сәйкес қауіпті жағдайларды жіктеу	-
	Жыл сайын		
Анықталған ауытқулардың сәйкессіздіктер санаттары	Ай сайын (5-не дейін)	Сәйкессіздіктерді жіктеу осы Нұсқаулықтың «Сәйкессіздіктерді жіктеу» деген 2-қосымшасына сәйкес жүргізіледі	Есеп беру, есепке алу және талдау жөніндегі инженер
Кәсіпорын қауіптілігінің жалпы деңгейі	Жыл сайын (15 қаңтарға дейін)	Қауіптілік деңгейі ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы «Қауіпті өндірістік объект қауіптілігінің жалпы деңгейін айқындау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес айқындалады	Өндірістік қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі инженер

¹³ LTIFR (Lost time injury frequency rate) – еңбекке қабілеттілігінен уақытша айырылумен жарақаттар жиілігінің коэффициенті.

Мониторинг объектісі	Мониторинг кезеңі	Реттеуші құжаттар	Деректерді ұсынуға жауапты тұлға
ОҚЫТУ			
Жұмыскерлерді қауіпсіздік мәселелері бойынша оқыту (оқыту түрлері бойынша)	Тоқсан сайын	Жұмыскерлерді бағдарламалар бойынша оқыту: - PRG-HSE-13 - PRG-HSE-27 - PRG-HSE-28	Оқыту жөніндегі инженер
ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ			
Жұмыскерлердің кәсіптік аурумен ауру жағдайлары	Тоқсан сайын	«Оқиғаларды, жазатайым оқиғалар мен апаттарды тергеу» HS-19 нұсқаулығына сәйкес тергеу	ҚББ бөлімінің бастығы/ҚТ жөніндегі инженер
Жұмыскерлердің алкоголь және есірткі заттарын тұтыну жағдайларының саны	Апта сайын	Жағдайларды анықтау скринингі «Міндетті медициналық тексерулер және медициналық көмек көрсету» HS-03 нұсқаулығына сәйкес жүргізіледі	ҚТ бойынша инспектор
Жұмыскерлерді медициналық эвакуациялау жағдайларының саны	Апта сайын	-	ҚТ бойынша инспектор
Зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін жұмыскерлердің саны	Жыл сайын	Зиянды еңбек жағдайлары өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша міндетті мерзімдік аттестаттау жүргізу кезінде айқындалады	Өндірістік қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі инженер
РАДИАЦИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК			
А тобы персоналының 12 айдағы ең жоғары сәулелену дозасы	Тоқсан сайын	«Радиациялық бақылау» REG-RP-08 ережесі	РҚ жөніндегі жетекші инженер/РҚ жөніндегі инженер
Жұмыскерлердің орташа сәулелену дозасы	Тоқсан сайын	«Радиациялық бақылау» REG-RP-08 ережесі	РҚ жөніндегі жетекші инженер/РҚ жөніндегі инженер
Тоқсан ішінде аса сәулеленген 10 жұмыскердің орташа дозасы	Тоқсан сайын (12 ай үшін ақпарат)	«Радиациялық бақылау» REG-RP-08 ережесі	БРҚ жөніндегі жетекші инженер/РҚ жөніндегі инженер
Жұмыс орындары ауасының жай-күйі (тізім бойынша) – жұмыс үй-жайлары ауасындағы ҰӨСИ ¹⁴ концентрациясының орташа мәні, Бк/м³	Қажет болса	Өлшеу ережеге сәйкес жүргізіледі	РҚ жөніндегі жетекші инженер/РҚ жөніндегі инженер
Жұмыс орындары ауасының жай-күйі (тізім бойынша) – жұмыс үй-жайлары ауасындағы радон ЭТКБ ¹⁵ орташа мәні, Бк/м³	Есепті кезең-тоқсан сайын	«Радиациялық бақылау»REG-RP-08, Радиациялық қауіпті факторлар деңгейлерін өлшеу» RP-08-07 жұмыс нұсқаулықтары	-
Радонның ЭТКБ ¹⁵ деңгейінің рұқсат етілген деңгейден асып кетуі	-	Бақылау / рұқсат етілген деңгейлерден асып кету анықталған жағдайда «Оқиғаларды, жазатайым оқиғаларды және апаттарды тергеу» HS-19 нұсқаулығына сәйкес тергеп-тексеру жүргізіледі.	РҚ жөніндегі жетекші инженер/РҚ жөніндегі инженер

¹⁴ ҰӨСИ – ұзақ өмір сүретін изотоптар.
¹⁵ ЭТКБ – эквивалентті тепе-теңдік көлемдік белсенділік.

ӨНДІРІСТІК ТӘУЕКЕЛДЕР

ӨҚ саласындағы тәуекелдер тек Компанияның өндірістік қызметінің тәуекелдері ғана емес, сонымен қатар мердігерлік ұйымдар көрсететін өнімдер мен қызметтерді сатып алу кезіндегі ілеспе тәуекелдер болып табылады.

Компанияда ӨҚ саласындағы тәуекелдерді бағалау және басқару процесі ISO 45001 талаптарын, Қазақстан Республикасының ӨҚ саласындағы нормативтік-құқықтық актілерін ескере отырып, тәуекелдерді басқарудың қолданыстағы интеграцияланған жүйесінің талаптарымен өзара байланыста ұйымдастырылған.

Жоғарыда аталған ІНҚ басшылыққа ала отырып, біз ЕҚ және ӨҚ саласындағы мынадай тәуекелдерді барынша азайта отырып, жан-жақты көп сатылы басқару процесін қалыптастырамыз:

- Химиялық заттар (күкірт қышқылы), технологиялық ерітінділер құбырларының герметикалығының бұзылуы;
- Тауарлық десорбат, күкірт қышқылы, дайын өнімді тасымалдау кезіндегі көлік құралдарымен болатын апаттар;
- Қауіпсіздік ережелері бұзылған жағдайда жұмыскерлер үшін қауіп төндіретін улы химиялық заттармен (күкірт қышқылы) жұмыс істеу;
- Компанияның көлік құралдарын басқару;
- Жүк көтеру жұмыстары;
- Жабық кеңістіктегі жұмыстар;
- Наряд-рұқсат бойынша орындалатын қауіптілігі жоғары жұмыстар;
- Биіктікте жұмыс істеу.

ӨҚ саласындағы тәуекелдерді бағалау және басқару Компанияның стратегиялық мақсаттарына және ӨҚ саласындағы корпоративтік мәдениетке қол жеткізудің негізі болып табылады және келесі принциптерге негізделген:

- ЕҚ, ӨҚ, ҚОҚ, РҚ саласындағы кез келген оқиғаның (бұдан әрі – тармақтар бойынша – тәуекелдер) қауіптерді уақытылы анықтау, тәуекелдерді бағалау және қажетті басқару шараларын қабылдау арқылы алдын алуға болады;
- тәуекелдерді қолайлы деңгейде бағалау және қолдау үшін қажетті ресурстарды жоспарлау және ұсыну бөлігінде Компания басшылығының, бөлімше басшыларының жауапкершілігі;
- оқиғаларды (қауіпті оқиғаларды) оларға ден қою алдында олардың алдын алу басымдығын қамтамасыз ететін тәуекелдерді бағалау мен басқарудың үздіксіз және жүйелі сипаты;
- барлық деңгейдегі жұмыскерлерді өз қызметіне әсер етуі мүмкін тәуекелдерді бағалауға және басқаруға тарту, қауіпті әрекеттер мен жағдайларға араласу;
- тәуекелдерді бағалау және басқару шараларын құжаттау;
- басқарушылық шешімдер қабылдау кезінде жоғары тәуекелдерді міндетті түрде есепке алу;
- тәуекелдерді бағалау және басқару бойынша жауапкершілікті бөлу;
- тәуекелдерді басқару саласында білім мен тәжірибені жинақтау және сақтау;
- Компанияның, мердігер ұйымның кез келген жұмыскері немесе мердігер – жеке тұлға, егер тәуекелдерді басқарудың қажетті шаралары (жұмыстарды қауіпсіз орындау шаралары) қамтамасыз етілмеген жағдайда, қауіптермен байланысты жұмыстарды орындаудан бас тартуға, сондай-ақ өзі куә болған қауіпті жұмыстарды орындауды тоқтата тұруға құқылы.



Жұмыс тапсырмаларының тәуекелдерін бағалау жұмыстардың қауіптілігін талдау картасын (бұдан әрі – ЖҚТК) жасау арқылы жүргізіледі. ЖҚТК-ны жұмыстарды жүргізу кезінде тікелей қатысатын жұмыскерлер жасайды. Жұмыстардың жауапты басшысы тәуекелдерді бағалау және ЖҚТК құру жөніндегі топты басқаруы тиіс.

ЖҚТК келесі жағдайларда жасалады:

- наряд-рұқсатты ресімдеу талап етілетін қауіптілігі жоғары жұмыстардың барлық түрлері үшін міндетті. Бұл ретте ЖҚТК негізінде қауіптілігі жоғары стандартты жұмыстарға стандартты операциялық рәсімдер (COP) әзірленуі тиіс, олар бұдан әрі ЖҚТК орнына рұқсат-нарядтармен қолданылуы мүмкін;
- стандартты емес жұмыстарға¹⁶ арналған бөлімше, объект, жұмыс басшысының шешімі бойынша;
- орындалуы тәуекелдерді талдау кезінде қауіпсіз болатын сараптамалық бағалау бойынша кез келген жұмыстар жұмыс басшысының шешімі бойынша.

ЖҚТК жасау келесі тәртіпте орындалады:

1. Жұмыс орнын визуалды бағалау – тәуекелді бағалау тобы немесе, кем дегенде, жұмысты орындайтын және/немесе жоспарлайтын топ өкілі жұмыс жүргізілетін жұмыс орнын көзбен бағалауы керек.
2. Қауіптерді сәйкестендіру – қауіптерді бағалау жөніндегі топ әрбір кезеңге немесе операцияға байланысты қауіптерді анықтайды және оларды «Қауіп» бөлімінде

ӨНДІРІСТЕГІ ҚАУІПСІЗДІК

ЖҚТК нысанына жазады. Қауіптерге бұрын анықталған (мысалы, апаттар/инциденттер/сәйкессіздіктер) және қауіпті бағалау тобының кез-келген мүшесі анықтаған қауіптер кіреді.


3. Тиісті бақылау шараларын әзірлеу – тәуекелді бағалау жөніндегі топ қауіптіліктің әрбір түрі үшін тиісті бақылау шараларын анықтайды және әзірлейді және оларды ЖҚТК нысанында «Басқару шаралары» бөлімінде жазады. Таңдалған бақылау шаралары тәуекелдің барынша төмен деңгейін қамтамасыз етуі тиіс.
4. Шараларды топ қатысушыларымен келісу – жұмыстардың жауапты басшысы барлық қатысушылардың құжаттағы ақпаратты қолдайтынына көз жеткізу үшін ЖҚТК-ның толтырылған нысанын тәуекелді бағалау жөніндегі топпен бірге қарайды. ЖҚТК құрас-тыруға қатысатын барлық персонал, олардың пікірінше, белгіленген бақылау шаралары жұмыскердің денсаулығы мен қауіпсіздігін қорғау үшін тиімді болатынын растауы тиіс.
5. Шараларды іске асыру – жұмыстардың жауапты басшысы жұмыс басталғанға дейін ЖҚТК нысанында көрсетілген бақылау шараларын іске асырады. Осы қызметке тартылған басшы немесе уәкілетті тұлға ЖҚТК-ның толтырылған нысанында көрсетілгендей, пайдаланылатын жұмыс ортасын/жабдығын кез келген мамандандырылған жабдықты, оқыту-ды және модификациялауды ұйымдастырады.
6. Іске асыру мониторингі – жұмыс басталар алдында жұмыстардың жауапты басшысы ЖҚТК-да көрсетілген барлық бақылау шараларының іске асырылғанына көз жеткізуі тиіс.

Басшылар мен жұмыскерлер жұмыстың қауіптілігіне талдау жүргізу үшін ұжымдық жауапкершілікте болады. Жұмыстарды орындауға қатысатын барлық жұмыскерлер жұмыстардың қауіптілігін талдауға қатысуға міндетті. Егер жұмыс екі ауысым арасында берілген жағдайда, келетін ауысым жұмыстардың қауіптілігін талдау туралы хабардар етілуге және ЖҚТК-мен танысуға тиіс.

Жұмыстардың жауапты басшылары мен ЖҚТК әзірлеуге тартылған жұмыскерлер «Қауіптерді сәйкестендіру және қауіптерді бағалау» оқыту бағдарламасы бойынша оқытылуы және жұмыстардың қауіптілігіне талдау жүргізу және ЖҚТК ресімдеу үшін қажетті дағдылары болуы тиіс.

¹⁶ Стандартты емес жұмыстар – әсері жазатайым оқиғаға немесе жарақатқа әкеп соғуы мүмкін қауіптермен байланысты бір және одан да көп жұмыскер орындайтын эпизодтық немесе сирек жұмыстар (қауіптілігі жоғары жұмыстар тізбесіне енгізілмеген).

Safety first – бұл 2020 жылы цифрлық трансформацияны жүзеге асыруда біз ұстанған өндірістік қызметтегі бірінші принцип. Компания өз жұмыскерлерінің қауіпсіздігін басымдыққа алды және шектеулі жағдайларда жаңа енгізілген цифрлық шешімдер: «Қашықтан сарапшы», «Дербес бейнетіркеуіштер» персоналдың денсаулығы мен өндірістік процестерге қатысты көптеген тәуекелдерді барынша азайтты.



ЖАРАҚАТТАНУ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Компания жұмыс орнында жұмыскерлер мен мердігерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жауап береді. ӨҚ тәуекелдерін тиімді басқарумен қатар, біз еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы мәдениетін арттыруға ұмтыламыз. 2020 жылы уақытша еңбекке жарамсыздығымен екі жарақат болды, 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында мұндай оқиғалар болған жоқ. 2020 жылы болған екі жарақат жарақаттың механикалық және химиялық түрлеріне жатады. 2020 жылы еңбек ету қабілетінен айырылған оқиғалар жиілігінің жалпы көрсеткіші 0,3 (200 000 адам-сағатқа) құрады.

Есепті кезеңде өліммен аяқталған жарақаттар болған жоқ.



Жазатайым оқиғалардың қайталануын болдырмау үшін оқиғаларды тергеу арқылы бірқатар түзету шаралары қабылданды. Аталған тергеу «Оқиғалар мен жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру» ішкі рәсіміне сәйкес жүргізіледі.

Компанияның жарақаттану көрсеткіштері

Көрсеткіш	2018	2019	2020	½ 2021
Еңбекке қабілеттілігінен уақытша айырылған жарақаттардың жалпы саны (өлім-жітімсіз)	2	1	2	0
Жоғалған жұмыс күндерінің саны	45	23	55	0
LTIR ¹⁷	0,32	0,15	0,3	0,00

¹⁷ LTIR = Жарақат саны / Жұмыс істеген адам-сағат * 200 000.

ОҚЫТУ


Біз өндірістегі қауіпсіздік мәдениетінің аспектілерін мақсатты түрде жетілдіруге баса назар аударамыз. Біздің барлық жұмыскерлеріміз GИР¹⁸ -ке сәйкес жеке қорғаныс құралдарын қолданады.

Бұдан басқа, Компания «Қауіпсіздіктің мінез-құлық аудиті» ережесін белгіледі, оның жалпы мақсаты күнделікті жұмысты да, бір реттік тапсырмаларды да қауіпсіз орындау дағдыларын бекіту, сондай-ақ өндірістік тапсырманы орындайтын жұмыскердің мінез-құлқын өзгерту, соның нәтижесінде жұмыскердің өзі немесе басқалары жарақат алу қаупі бар, жұмыскер мен аудитор арасында түсіндіру әңгімелерін жүргізу, кейіннен нәтижелерді ресімдеу және талдау болып табылады.

2020 жылы біздің жұмыскерлер уран өндірісі объектілерінің өнеркәсіптік және радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша АҚХА өткізетін техникалық кеңестерге, семинарларға және оқыту тренингтеріне қатысты. Қазіргі уақытта қоршаған жер пайдаланушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігі үшін тәуекелдерді жою үшін төтенше жағдайларға ден қою жоспарларын жаңарту бойынша бағдарлама әзірленуде.

¹⁸ GИР (Good International Industry Practice) – Озық халықаралық өнеркәсіптік практика.

Курс бағыттары бойынша оқудан өткен жұмыскерлердің саны



Қауіпсіздіктің мінез-құлық аудиті

Мінез-құлықтық қауіпсіздік аудиттерінің (бұдан әрі – МҚА) жалпы мақсаты күнделікті жұмысты да, бір реттік тапсырмаларды да қауіпсіз орындау дағдыларын бекіту, сондай-ақ өндірістік тапсырманы орындайтын жұмыскердің мінез-құлқын өзгерту, соның нәтижесінде жұмыскердің өзі немесе айналасындағы тұлғалар жарақат алу қаупі бар, кейіннен ресімдеу және нәтижелерді талдау арқылы жұмыскер мен аудитор арасында түсіндіру әңгімелерін жүргізу болып табылады.


Мінез-құлық аудиті өндірістік сипаттағы және кәсіптік аурулардың тәуекелдерін бақылауға, өндірістің тиімділігін арттыруға, оқытудың тиімді тетігі болып табылады, жұмыскердің іс-әрекеті ережелерді/жұмыс нұсқаулары мен ережелерді қаншалықты ұстанатынын, жұмысты қалай қауіпсіз орындау керектігін бағалауға мүмкіндік береді.

МҚА өндірістік қауіпсіздік деңгейін арттыру элементі болып табылады және Компания жұмыскерлері мен тауарды, жұмыстарды және қызметтерді жеткізушілердің қауіпті жағдайлары мен қауіпті іс-қимылдарын анықтауға, алдын алуға және болдырмауға бағытталған.

МҚА-н дұрыс орындау келесі мәселелерді шешуге мүмкіндік береді:

- жұмыс орнындағы қауіпті қолданыстағы бағалауды өзгерту;
- өнеркәсіптік қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды басқару жүйесінің күшті және әлсіз жақтарын анықтау;
- жұмыс орнындағы қауіпсіздік талаптарын жақсы түсінуге ықпал ету;
- жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігі мәселелерінде хабардар болуын арттыру;
- жарақат алу қаупі мен ықтимал салдардың пайда болу ықтималдығын анықтау;
- қауіпсіз жұмыс пинциптерін ұстануды көрсету;
- қауіпсіздік мәдениетін дамыту;
- тәуекелді азайту үшін бірінші кезектегі іс-шараларды анықтау.

Мінез-құлық аудитін жүргізу кезіндегі іс-қимыл схемасы



АДАМДАР ФОКУСТА

2019 жылдан

бастап біз жұмыскерлер арасында тұрақты негізде МҚА жүргіземіз.

Бүгінгі күнде барлығы

3 434 мқа

өткізілді

ТЖ дайындық

Уран өндіру бірқатар әлеуетті маңызды төтенше жағдайлардың (ТЖ) туындау тәуекелін білдіреді. Осыған байланысты Компания кәсіпорынның ТЖ-ға дайындығын қамтамасыз ету бойынша кешенді жұмысты жүзеге асырады және барлық қажетті шараларды қабылдайды. Жүргізілетін жұмыстар шеңберінде өндірістік қауіпсіздіктің жай-күйін және апаттарды жоюға әзірлікті тексеру жүзеге асырылады. Процестердің тұрақты жақсаруына кепілдік беру үшін апаттарды жою жоспарлары үнемі қайта қаралады, сондай-ақ кәсіби апаттық-құтқару қызметтерін тарта отырып, тұрақты негізде оқу жаттығулары өткізіледі.

ТЖ туындау тәуекелін басқару

Компанияда төтенше жағдайлардың туындау тәуекелдерін басқару бойынша құралдардың ауқымды тізбесі қолданылады. Барлық ықтимал тәуекелдер бекітілген құқықтық актілермен реттеледі және басқарылады, мысалы:

- SEC-17 «Өрт немесе жер сілкінісі кезінде кеңсе жұмыскерлерін эвакуациялау»;
- REG-SEC-02 «Апаттарды жою жоспары» ережесі;
- REG-SEC-03 «Азаматтық қорғаныс жоспары» ережесі;
- REG-SEC-04 «Төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимылдар жоспары» ережесі.

► Табиғи немесе техногендік сипаттағы ТЖ (апаттар, өрттер, жарылыстар, терактілер және т.б.) алдын алу және олардың туындау тәуекелдерін барынша азайту мақсатында қауіпсіздік бөлімі кеніштің өндірістік учаскелері мен вахталық лагерьдің өрт, физикалық және ядролық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар алдын алу іс-шараларын жүргізеді. Компания объектілері автоматты өрт және күзет дабылының жүйесімен толық жабдықталған:

- бейнебақылау жүйесі;
- қолжетімділікті басқару жүйесі;
- өрт және күзет дабылы жүйесі;
- автоматты өрт сөндіру жүйесі.

Жоғарыда аталған барлық жүйелердің жұмыс істеу қабілеттілігінің мониторингі күнделікті негізде жүзеге асырылады. Контрагенттермен қызметтер көрсету бойынша жыл сайынғы негізде шарттар жасалады:

- өрттің алдын алу және оны сөндіру;
- апаттық-құтқару жұмыстарын жүргізу;
- кеніштің барлық аумағын қорғау.

Сондай-ақ, ТЖ туындаған кезде уақытылы ден қою үшін бірқатар регламенттеуші құжаттар әзірленді, олар туындаған жағдайда бірінші кезектегі іс-қимылдар алгоритмін көрсетеді, сондай-ақ, жұмыскерлер арасындағы ықтимал шығындарды және материалдық залалды барынша азайтуға бағытталған шараларды көздейді.

ТЖ алдын алу және ден қою

Компаниямыз ТЖ алдын алуға және оларға ден қоюға ерекше көңіл бөледі. Компанияның жауапты бөлімшелері ҚР «Азаматтық қорғау туралы» заңының 4-бөліміне сәйкес қатаң реттелген міндеттерді орындайды. Осы саладағы жауапкершілік шекаралары қауіпсіздік бөлімі мен өндірістік қауіпсіздік департаменті арасында нақты бөлінген.

ТЖ-дан қорғау саласындағы жұмыскерлерді даярлау

ТЖ алдын алудың және оған дайындықты қамтамасыз етудің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі жұмыскерлерді тұрақты оқыту және оқу дабылы іс-шараларын өткізу болып табылады. Кеніштің өндірістік учаскелерінде Компания жұмыскер-

лерін іс-шараларды орындауға дайындау үшін жоспарлы және жоспардан тыс апатқа қарсы жаттығулар мен оқу дабылдары жүргізіледі:


- азаматтық қорғау;
- ТЖ кезіндегі іс-әрекет дағдылары бойынша;
- апаттық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу бойынша;
- құтқару және өзара көмек тәсілдері бойынша.

Бұл іс-шараларға Компания мен мердігер ұйымдардың жұмыскерлері, сондай-ақ жедел қызметтер (өрт, апаттық-құтқару, медициналық қызмет және күзет қызметі), соның ішінде кәсіпорында құрылған азаматтық қорғау құрамы (АҚҚ) міндетті түрде қатысады.



ТЖ алдын алу және әрекет ету саласындағы жауапкершілік

Қауіпсіздік бөлімі	Өндірістік қауіпсіздік департаменті
- компания объектілерінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды жүзеге асыру; - азаматтық қорғаныс бойынша іс-шараларды жүзеге асыру; - мониторинг жүйесін ұйымдастыру, оның ішінде азаматтық қорғаудың (АҚ) хабарлау құралдарын, объектілерді ТЖ-дан қорғау құралдарын пайдалану арқылы; - ықтимал ТЖ кезінде объектінің жұмыс істеу тұрақтылығын арттыру, халықтың тіршілігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды әзірлеу; - қаржылық ресурстар мен материалдық-техникалық құралдар резервін құру; - АҚ саласындағы білімді ақпараттандыру және насихаттау; - АҚ адами ресурстары мен қаражатының ТЖ және оның салдарын жоюға дайындығын қамтамасыз ету; - ТЖ және оның салдарын жоюға дайындық бойынша іс-қимыл жоспарларын әзірлеу және оқыту жүргізу; - АҚ саласындағы жұмыскерлерді оқыту, АҚ басқару органдарының басшы құрамын және мамандарын даярлау. - ықтимал ТЖ тәуекелдерін болжау және бағалау.	- өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында өндірістік бақылауды жүзеге асыру; - қауіпсіздік төлқұжаттарын, ықтимал ТЖ кезінде объектілердің жұмыс істеу тұрақтылығын арттыру және халықтың тіршілігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды әзірлеу; - жұмыскер үшін қаржы ресурстарының, азық-түлік қорларының, дәрілік заттардың, материалдық-техникалық құралдардың және уақытша тұрғын үйдің резервін құру; - азаматтық қорғау саласындағы білімді ақпараттандыру және насихаттау; - ТЖ және оның салдарын жоюға дайындық бойынша іс-қимыл жоспарларын әзірлеу және оқу-жаттығулар, жаттығулар, сабақтар өткізу; - ықтимал ТЖ қауіптілігін болжау және бағалау; - тиісті өндірістік объектілерде қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің және олардың зардаптарының алдын алу жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру; - қауіпті өндірістік объектілердің өнеркәсіптік қауіпсіздігін декларациялау.



ТӘЖІРИБЕДЕН АЛЫНҒАН МЫСАЛДАР

- Апатқа қарсы жаттығулар мен оқу дабылдарының жоспар-кестесіне сәйкес, апатты жою жоспарының (АЖЖ) пәрменділігін тексеру мақсатында қауіпсіздік бөлімі кеніштің жедел қызметтерімен, АҚҚ және Компания персоналымен бірлесіп, Түркістан облысы бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Департаментіне міндетті түрде хабарлай отырып, объектіде апатқа қарсы жаттығулар мен оқу дабылдарын жүргізеді. Сонымен қатар, «Құтқарушы Тау-кен» ЖШС өртке қарсы қызмет жеке құрамының жауынгерлік даярлық деңгейін арттыру үшін бекітілген кестеге сәйкес өрт-тактикалық сабақтар өткізіледі. Өрт сөндіру бекеттері орналасқан жерлерде өрт-саптық даярлық бойынша күнделікті сабақтар өткізіледі. Қауіпсіздік бөлімінің жұмыскерлері тоқсан сайын кеніштің барлық өндірістік учаскелерінде өрт сөндіру бекеттерін тексеруді жүргізеді, оның барысында оқу дабылын жариялау арқылы қызметтің жеке құрамының жауынгерлік даярлығы, жеке құрамның жиынға шығуына жұмсалған уақыттың мониторингі тексеріледі. «Өрт сөндіруші» АҚ апаттық-құтқару қызметінің жауынгерлік қабілетін арттыру үшін бекітілген кесте бойынша апаттық-құтқару жұмыстарын жүргізу бойынша тактикалық сабақтар өткізіледі, оларға міндетті түрде АҚҚ мүшелері тартылады.
- Жұмыскерлердің азаматтық қорғау іс-шараларын ұйымдастыру және орындау бойынша білімі мен іскерлігін меңгеруі үшін қауіпсіздік бөлімі тоқсан сайын Компанияның және мердігерлік ұйымдардың жұмыскерлерімен азаматтық қорғау саласында жаттығулар, оның ішінде апаттық жағдайлар мен оқыс оқиғалар бойынша жаттығулар, өрт болған жағдайда сейсмикалық жаттығулар мен эвакуациялық жаттығулар өткізеді. Өткізілген жаттығулар бойынша есептер ТЖ жөніндегі аумақтық уәкілетті органға жіберіледі. Қазақстан Республикасы ТЖМ 2014 жылғы 9 маусымдағы № 276 бұйрығының талаптарын сақтау және ұйымдар жұмыскерлері мен халықты өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту мақсатында Компания жұмыскерлерін өрт-техникалық нормалары бойынша мамандандырылған оқу орталығында оқыту жүргізіледі.

ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

КОМПАНИЯДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ РӨЛДІ **ЖҰМЫСКЕРЛЕР** ОЙНАЙДЫ ЖӘНЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАДА ТАБЫСҚА ЖЕТУДІҢ КІЛТІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ҚОЛАЙЛЫ ДИНАМИКАСЫНАН БАСҚА, ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ТОПТЫҚ ЖҰМЫС КОМПАНИЯНЫҢ ТИІМДІЛІГІНЕ АЙТАРЛЫҚТАЙ ӘСЕР ЕТЕДІ. БІЗ ҚОЛАЙЛЫ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫН ҰСЫНУҒА, ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ КӘСІБИ ӨСУІНЕ ЫҚПАЛ ЕТУГЕ ЖӘНЕ КОМПАНИЯДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЛАРДЫ ЖЕТІЛДІРУГЕ ТЫРЫСАМЫЗ.

GRI 102-8, 103-1, 103-2, 103-3

« БІЗ ӘРБІР ЖҰМЫСКЕРДІҢ ҮЛЕСІН БАҒАЛАЙ-
МЫЗ, ЖҰМЫСКЕР-
ЛЕРГЕ АДАЛ ҚА-
РАЙМЫЗ, ЖЕКЕ
ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ-
МЫЗҒА, ШЫҒАР-
МАШЫЛЫҚ ҚА-
БІЛЕТТЕРІМІЗГЕ
ЖӘНЕ МӘДЕНИ
ӘРТҮРЛІЛІГІМІЗ-
ГЕ ҚҰРМЕТ КӨР-
СЕТЕМІЗ. АШЫҚ
ЖӘНЕ АДАЛ БОЛА
ОТЫРЫП, БІЗ
ӨЗІМІЗ
ІЗДЕЙТІН БЕРІК
ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС-
ҚА ҚОЛ ЖЕТКІ-
ЗЕМІЗ »

АДАМДАР ФОКУСТА

ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ



Персоналды басқару саласындағы негізгі көрсеткіштер – бұл әр жұмыскердің дамуын құрылымдық жоспарлау үшін тоқсан сайынғы қызметті бағалауды белгілеу, сондай-ақ бірыңғай еңбекақы төлеу жүйесін енгізу.

Көтермелеудің тиімді жүйесі, персоналды басқару принциптерін біріктіру, кадрлық іс жүргізуді оңтайландыру, сондай-ақ Компанияның бизнес-стратегиясына сәйкес персоналдың дағдыларын дамыту және оқыту біздің негізгі басымдықтарымыз болып табылады.

Персоналды басқару принциптері, негізгі бағыттары мен әдістері жүйесін айқындайтын негізгі ішкі нормативтік құжат Кадр саясаты болып табылады. Кадрлық саясаттың мақсаты білікті және ынталы жұмыскерлерді қамтитын өнімді команда арқылы Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу болып табылады.

Кадр саясатының принциптері

- Жұмыскерлердің негізгі рөлі
- Меритократия¹⁹
- Жұмыскерлерді дамытуға назар аудару
- Жұмыскерлерді сапалы басқару
- Стратегиялық серіктестік

- Адам ресурстарын стратегиялық жоспарлау
- Ұйымның өзін-өзі оқыту принциптері
- Компанияның қосымша құнын құруға назар аударыңыз

Саясаттан басқа, кадрлық қызмет Талантты басқару ережелері, Жұмыскерлерді сертификаттау ережелері, Жаңа жұмыскерді бейімдеу ережелері, Жалақы туралы ереже, Ұжымдық келісім, Ерікті медициналық сақтандыру және Жұмысшы/басқарушы құрамды бағалау сияқты құжаттармен реттеледі.

Компаниямыз ҚР еңбек заңнамасының талаптарын қатаң сақтайды және оның нормаларын бұзбайды, оған сәйкес тегіне, әлеуметтік, лауазымдық жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне, жасына, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына байланысты еңбек құқықтарын іске асыру кезінде ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды. Біз балалар еңбегін пайдаланбаймыз, мәжбүрлі жұмыс қолданылмайды, нәсіліне, дініне және жынысына қарамастан барлық жұмыскерлердің тең құқықтары танылады.



АДАМДАР ФОКУСТА

Жұмыскерлерді басқару бағыттары

Іздеу және таңдау




Оқыту және дамыту



Таланттарды басқару



Қызметті бағалау



Сыйақыны басқару



Корпоративтік мәдениетті басқару



Еңбек қатынастары



Кадрлық өндіріс




Жұмыскерлердің құрылымы

Компания жұмыскерлерінің орташа тізімдік саны 2021 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 741 адамды құрайды, бұл 2020 жылға қарағанда 1,8 % аз (754 адам). 2018 жылдан бастап 2021 жылғы 1 маусымға дейінгі кезеңде жұмыскерлер санының орташа жылдық өсу қарқыны 3 % құрайды.

2018-2020 жылдардағы 31 желтоқсан және 2021 жылғы 1 маусым жағдайы бойынша жұмыскерлердің орташа тізімдік саны, адам

2018 жылдан бастап жұмыскерлерді жынысы бойынша бөлу үрдісі сақталып келеді



85 %
ерлер




15 %
әйелдер

¹⁹ Меритократия – әрбір жұмыскерді оның еңбегі бойынша бағалау, әлеуеті жоғары жұмыскерлерді жоғарылату.


2018 жылдан бастап жұмыскерлерді жынысы бойынша бөлу үрдісі сақталып келеді, ерлердің үлесі 85 %, ал әйелдердің үлесі 15 % құрайды. Жұмыскерлердің жас құрылымында негізгі үлес 30-дан 50 жасқа дейінгі жұмыскерлерге (517 адам – 70 %), 30 жасқа дейінгі және 50 жастан асқан жұмыскерлерге тиісінше 18 % және 13 % келеді. 2021 жылы 30 жасқа дейінгі жұмыскерлер саны өткен жылмен салыстырғанда 14 %-ға азайды, бұл 22 жұмыскердің жас шегінен (30 жас) өтуіне байланысты болды.

2021 жылғы 1 маусымға жұмыскерлердің жасы бойынша бөліністегі үлесі, %




Компанияның өндірістік ерекшелігіне байланысты жұмыскерлердің негізгі үлесі Түркістан облысындағы өнеркәсіптік объектілердің аумағында жүзеге асырылады. Компанияның Шымкент қаласында жүзеге асырылатын орталық басқару аппаратына және әкімшілік қызметіне 2018 жылдан бастап 2021 жылғы 1 маусым аралығындағы кезеңде жұмыскерлердің орташа 12 % тиесілі.

Өңірлер бойынша бөліністегі жұмыскерлер саны, адам



2021 жылғы 1 маусымдағы жұмыскерлердің құрылымы, санаттар бойынша бөлінген



2021 жылғы 1 маусымдағы жұмыскерлердің сегменттер бойынша бөліністегі құрылымы, %



КАДРЛАРДЫҢ ТҰРАҚТАМАУЫ


GRI 401-1

Кадрлардың тұрақтамау көрсеткіші тиімділікті бағалаудың басты критерийлерінің бірі және Компанияның тұрақты қызметінің белгісі болып табылады. Жоғары тұрақтамау деңгейі жоғары білікті жұмыскерлердің жоғалуына, өнімділіктің төмендеуіне және бизнес-процестердің тиімді жұмысының бұзылуына байланысты Компанияның тұрақтылығы үшін зиян тигізуі мүмкін.

2020 жылы қабылданған жұмыскерлердің саны 53 адамды құрады, пандемияға байланысты жаңа бос жұмыс орындарын жалдау тоқтатылды және қажет болған жағдайда ғана жүзеге асырылды, сонымен қатар 2019 жылы Компанияның штат санының өсуі себеп болып табылады. 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында жаңадан келген жұмыскерлер саны 26 адамды құрады. 2020 жылы 71 жұмыскермен еңбек қатынастары тоқтатылды, ал 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында 26 адаммен тоқтатылды.

2021 жылы жұмыскерлердің тұрақтамауы 4,3 %-ды құрады, оның 97 %-ы ерлерге, 3 %-ы әйелдерге тиесілі. 2020 жылы тұрақсыздық серпініне негізінен бала күтімі бойынша демалыстан шыққаннан кейін, сондай-ақ зейнеткерлік жасқа жетуіне байланысты еңбек қызметін тоқтатқан әйелдер әсер етті.

Кеткен және қабылданған жұмыскерлердің жалпы саны, кадрлардың тұрақтамауы (%)



АДАМДАР ФОКУСТА





Біз лайықты жалақы деңгейін қамтамасыз ету және жұмыскерлердің құқықтарын сақтау принциптеріне ерекше назар аударамыз. Компаниямызда гендерлік айырмашылықтарға байланысты сыйақы төлеу жүйесінде және жұмыскерлердің жалақы деңгейінде айырмашылық жоқ. Еңбекақы және сыйақы төлеу жүйесі бәсекеге қабілеттілік принциптеріне негізделген, бұл кәсіби кадрларды тарту және ұстап қалу түрінде Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етеді.

Жеңілдіктер

GRI 401-2

Біз жұмыскерлерімізге нарықта бәсекеге қабілетті жалақы ұсынамыз, білім беруге инвестиция саламыз, менторлық жүйесін дамытуды жүзеге асырамыз, корпоративтік рухты қолдау үшін түрлі іс-шаралар өткіземіз. Біз өз жұмыскерлерімізге әртүрлі әлеуметтік жәрдемақылар мен бағдарламаларды қамтитын кепілдендірілген әлеуметтік пакетті ұсынамыз.

Жұмыс беруші жұмыскерлерге орташа айлық жалақысын сақтай отырып, әлеуметтік демалыс береді:

- шетелде оқуға, тағылымдамаға;
- сынақтар мен емтихандарға дайындалу және оларды тапсыру, зертханалық жұмыстарды орындау, дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау және қорғау, әскери оқытылған резервті даярлау бағдарламаларынан өту үшін оқу демалыстары;
- баланың дүниеге келуіне байланысты;
- отбасының тікелей туыстарын жерлеуге;
- жас жұбайлардың үйлену тойына;
- тоқсанына 12 (он екі) ретке дейін екі және одан да көп баласы бар әйелдерге.

Компания жұмыскерлері үшін қолжетімді әлеуметтік жеңілдіктер түрлері:



ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ

«Жұмыскер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жұмыскерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде жазатайым оқиғалардан сақтандыру.



ЖҮКТІЛІК ДЕМАЛЫСЫ

Біз өз жұмыскерлерімізге Қазақстан Республикасының Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылған, жүктілікке және босануға байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем сомасын шегеріп, орташа жалақысын сақтай отырып, бала күтімі бойынша демалыс береміз.



МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ

Біз жұмыскерлерге сақтандыру ұйымымен жасалған шартта көзделген ауырған жағдайда сақтандыру құқығын береміз. 2021 жылы 749 (99 %) жұмыскер 14,5 млн теңге сомасына сақтандырылды. Біз, сондай-ақ, сақтандырылған жұмыскерлердің саны 2021 жылдың соңына қарай артады деп болжаймыз. 2018 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін жұмыскерлерді сақтандырудың жалпы сомасы 41,5 млн теңгені құрады.



САНАТОРЛЫҚ- КУРОРТТЫҚ ЕМДЕУ

Біз компанияда кемінде 3 жыл жұмыс істеген жұмыскерлерге ұсынылған жолдамалар бойынша санаторлық-курорттық емделу ақысын ұсынамыз. Пандемияға байланысты 2020 және 2021 жылдары жұмыскерлер барған жоқ.



КӨЛІК ҮСТЕМЕСІН ТӨЛЕУ

Компания тұратын жерінен (басқа облыс/қала болуы мүмкін) жұмыс орнына дейін және кері қайту жолында болған уақыты үшін өтемақы төлейді. Пандемияға байланысты вахталық әдіс кестесі 14/14-тен 21/21 және 28/28 күнге өзгертілді.



МАТЕРИАЛДЫҚ КӨМЕК

Біздің жұмыскерлерге көрсетілетін материалдық көмек баланың тууы кезінде, көп балалы отбасыларға, мерейтойлық күндерге орай, жақын туыстары қайтыс болған жағдайда және басқа да жағдайларда төлеуге бағытталған.



ҰЗАҚМЕРЗІМДІ ЕҢБЕККЕ ЖАРАМСЫЗ- ДЫҚТЫ ТӨЛЕУ

Компанияға еңбекке жарамсыздықтың ұзақ күндері (21 күннен астам) үшін әлеуметтік жәрдемақылар бойынша төлемдер беріледі. Пандемия кезінде осындай төлем түрін алған жұмыскерлер саны артты.



ЕҢБЕК ЕТУ ҚА- БІЛЕТІНЕН АЙЫ- РЫЛУ ЖӘНЕ МҮ- ГЕДЕКТІК КЕЗІНДЕ КӨМЕК

Еңбекке жарамсыздық парағы (өндірістік жарақат) және медициналық қорытынды бойынша ақы төлеу (сауыққанға және/немесе мүгедектікке дейін). 2020 жылы еңбек ету қабілетінен айырылған жарақаттану жағдайына байланысты 2 жұмыскер 100 % төлем алды, ал медициналық қорытынды бойынша 4 жұмыскер 1 ЕТЖ мөлшерінде төлем алды.

Зейнетақы аударымдары

GRI 201-3


Компаниямызда зейнетақы аударымдары жүргізілмейді, бірақ «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жұмыскердің жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін қабылданып табысы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен айқындалады.

Ана/әке болуға байланысты демалыс

GRI 401-3

2021 жылы бала күтімі бойынша демалыс алған Компания жұмыскерлерінің 75 %-ын әйелдер, ерлер 25 % құрады. 2020 жылғы деректер бойынша әйелдер-80 %, ерлер – 20 %. Аналық/әкелік демалысы аяқталғаннан кейін жұмысқа оралған жұмыскерлердің жалпы саны 2021 жылға ерлер мен әйелдер арасында тең пайызды құрайды.

Бала күтімі бойынша демалыс алған жұмыскерлердің жынысы бойынша бөліністегі жалпы саны



Ұйымдағы өзгерістер туралы хабарлаудың ең аз кезеңі

GRI 402-1

Еңбек жағдайлары өзгерген кезде, атап айтқанда қайта ұйымдастыруға немесе экономикалық, технологиялық жағдайлардың, еңбекті ұйымдастыру жағдайларының өзгеруіне және (немесе) жұмыс берушідегі жұмыс көлемінің қысқаруына байланысты өндірісті ұйымдастырудағы өзгерістерге байланысты жұмыскер өз мамандығына немесе кәсібіне, тиісті біліктілігіне сәйкес жұмысын жалғастырған кезде, еңбек жағдайларын өзгертуге жол беріледі – күнтізбелік он бес күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.



ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМУ

GRI 103-1, 103-2, 103-3, 404-1, 404-2, 404-3

Компания жұмыскерлерді дамыту мәселелеріне ерекше көңіл бөледі, сондықтан біз жұмыскерлердің кәсіби өсуіне ықпал ететін жағдайларды ұсынуға, сондай-ақ ынталандырудың жоғары деңгейіне қолдау көрсетуге тырысамыз. Кадр саясатының басымдықтарының бірі жұмыскерлерді дамыту және оқыту болып табылады.

«Таланттарды басқару» ережесі жұмысшылардың сабақтастығын жоспарлаудың бірыңғай процесін реттейді, мұрагерлер пулын құру және олардың дамуын ұйымдастыру тәртібін анықтайды. Таланттарды басқарудың негізгі принциптері:

- таланттар пулы (басқару командасының жауапкершілігі);
- кәсіби әлеуетті дамыту;
- мұрагерлер пулының Компанияның орташа және ұзақ мерзімді қажеттіліктеріне сәйкестігі;
- меритократия, ашықтық және әділдік принциптері негізінде қабылданатын шешімдердің негізділігі;
- мансап жоспарларын талқылау;
- өз бөлімшесінің шеңберімен шектелмейтін жұмыскерлердің мансабын дамыту.

Таланттарды басқару процесі негізгі лауазымдар тізімін анықтау, үміткерлерді іріктеу және мұрагерлер пулын бекіту, тәлімгерлер пулын қалыптастыру, мұрагерлерді дамытуды ұйымдастыру сияқты кезеңдерді қамтиды.

Біз Қазақстандық ядролық университетпен, сондай-ақ жас таланттарды іздеуге арналған «Жас Өркен» және «Ізбасар» бағдарламаларымен ынтымақтастық бойынша жұмыс жүргізудеміз.

2021 жылғы 1 сәуірде Компанияда КАӨ бірыңғай еңбекақы төлеу жүйесі енгізілді. Әр түрлі заңды тұлғалардағы еңбекақы төлеу жүйелері және сыйақы жүйелері талданды. Негізгі міндеттер – жалақы мен жиынтық табысты есептеу, қызметті бағалау және тоқсан сайынғы ТТК тиімділігін белгілеу. Сондай-ақ, 2020 жылдың соңында жұмыскерлерді «360 градус» әдісімен бағалау ұйымдастырылды. Бұл әдістің мақсаты субъективизмді жою болып табылады.



2020 жылы орта есеппен бір жұмыскерге 12,6 сағат оқу керек болды: 13,1 сағат – ер адам, 11 сағат – әйел адам, ал 2021 жылы орта есеппен бір жұмыскерге 7,9 сағат оқу керек болды, оның ішінде: бір ер адамға – 7,6 сағат, бір әйелге – 8,8 сағат.

Жыл сайынғы негізде Компаниямыз персоналды оқытуды және дамытуды қамтамасыз етеді, жұмыскерлер үшін жаңа тәсілдер мен даму бағдарламаларын қалыптастырады (біліктілікті арттыру және жаңа кәсіби дағдыларды игеру).


2021 жылғы көрсеткіштер бірінші жартыжылдықтағы деректер келтірілгендіктен төмен. 2019 жылдан бастап қосымша даму бағдарламалары мен жобалар пайда болды.

Сыртқы провайдерлерден және ішкі тренингтерден даму және біліктілікті арттыру бағдарламаларының тізімі:


1. Операциялық жетілдірудің жобалық мектебі
2. Сыни ойлау
3. Басқарудың негізгі дағдылары
4. Еңбекті қорғауды басқарудың заманауи жүйелері
5. Менеджмент күйзелісі

6. Жобаларды басқару
7. БМЖ 3 стандарты
8. Сезімдік парасат
9. Еңбек даулары
10. Тәуекелдерді басқару
11. Micromine ТҒАЖ бойынша

Санаттар бойынша бөлінген бір жұмыскерге 2020 және 1/2 2021 жылғы оқу сағаттарының орташа саны, сағат




Бір жұмыскерге жынысы бойынша бөлінетін оқу сағаттарының орташа саны, сағат



Есепті кезеңде MBA, қайта даярлау және жеке даму бағдарламасы бойынша оқу сағаттарының саны бірдей. 2020 жылы магистратура бағдарламасы бойынша оқыған бір жұмыскер болды.

Бағыттар бойынша бөлінген бір жұмыскерге жылына оқу сағаттарының орташа саны, сағат




Таланттар матрицасына және басшылармен жеке әңгімелерге сүйене отырып, тиісті тренингтер/семинарлар анықталады. Регламенттер сағат/бюджет бойынша өткен жағдайда жұмыскерлерді оқыту жүргізіледі. Атом өнеркәсібі саласында оқу шығындары жыл сайын 37 млн теңгені құрайды.

Сондай-ақ, Компанияда өзекті талаптар мен стратегиялық даму перспективаларын ескере отырып, Компанияның қажеттіліктеріне жауап беретін жұмыскерлер біліктілігінің қажетті деңгейін қалыптастыру, дамыту және қолдау жолымен жұмыскерлер қызметінің тиімділігін арттыру арқылы Компанияның тұрақты табысын қамтамасыз ету мақсаты болып табылатын ішкі жаттықтырушылық бағдарлама кеңінен таралды.

Қазіргі уақытта оқытуға барынша ашық көзқарас үшін «Оқытуды жоспарлау саясаты» дайындалып жатыр.

Нәтижелілікті бағалаудан өткендердің үлкен үлесі мамандар болып табылады – 75 %, одан кейін орта буын басшылары мен жоғары буын басшылары, тиісінше есепті кезеңде 18 % және 6 % (2020-2021).

Жұмыскерлердің санаттары бойынша бөлінген нәтижелілігін және мансабының дамуын бағалаудан өткен жұмыскерлердің саны, адам



2021 жылы 2020 жылмен салыстырғанда біліктілігі жоғары мамандарды оқыту саны 11,2 % ұлғайды. Барлық басқа санаттар бойынша 2021 жылы оқу сағаттарының саны азайды. Маман – 34,5 %, қызметші – 55,5 %, басшы – 28,3 %, жұмысшы – 33,3 %.

Ішкі оқытуды жүргізу кезіндегі негізгі мақсаттар:

- Компания жұмыскерлері арасында қажетті білім мен дағдыларды тарату;
- жұмыскердің өндіріс процесінен ұзақ уақыт қол үзбей қажетті білім мен дағдыларды алуы;
- жұмыскердің алған дағдыларын күнделікті тәжірибеде қолдануы;
- корпоративтік мәдениетті тарату;
- желілік жұмыскерлер арасында таланттар мен көшбасшыларды анықтау, сондай-ақ олардың дамуына ықпал ету.

ҰЖЫМДЫҚ ШАРТТАР

GRI 102-41

2017 жылы біз жұмысшы-делегаттар атынан сайланған жұмысшы ұжыммен Ұжымдық шарт жасастық. Ұжымдық шарт ең төменгі әлеуметтік-экономикалық кепілдіктерді белгілейді және жұмыс уақытын, демалыс уақытын, еңбек демалысын, айлықақылардың тарифтік мөлшерлемелерін және әлеуметтік төлемдерді нормалау сияқты ережелерді реттейді, сондай-ақ денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау мәселелерін реттейді. Компанияның ұжымдық шарты жұмыстың

тиімділігі мен сапасын арттыру, еңбек жағдайларын жақсарту, жұмыскерлердің құқықтары мен мүдделерін іске асыру мақсатында жұмыскерлердің өзара қарым-қатынасын айқындайды.

Ұжымдық шартқа жұмысқа қабылдау кезеңінде әрбір жұмыскер қол қояды, осы құжаттың мазмұны әрбір үш жыл сайын тұрақты негізде қаралады және жаңартылады, әрбір жұмыскер құжаттың ережелеріне қатысты өз пікірін айтуға құқылы. Біз ұжымдық шартқа қол қойған Қазақстанның бірнеше алдыңғы қатарлы компанияларының қатарына жатамыз. Мұндай әрекет тұрақты дамудың озық тәжірибесіне жатады және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы басқарушылық тәсілдің жетілу деңгейін көрсетеді.



ТӘЖІРБИЕДЕН АЛЫНҒАН МЫСАЛДАР

- 2020 жылдың қорытындысы бойынша Компаниямыз Қазақстан Республикасының үздік әлеуметтік-жауапты кәсіпорындарының бірі болып танылды және «Парыз 2020» республикалық конкурсына қатысқаны үшін Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Алғыс хатына ие болды. Компания Түркістан облысының ірі кәсіпорындары арасында «Үздік ұжымдық шарт» номинациясы бойынша ең жоғары баға алып, бірінші орынға ие болды. Бұл номинацияда жұмыскерлердің еңбек және әлеуметтік құқықтарын едәуір жақсартатын және нығайтатын ұжымдық шарттар қарастырылады. Компания жұмыскерлерінің негізгі бөлігі (90 %) келісім-шарттар тізімін келісіп шешеді. Компанияның ұжымдық шартына 2018 жылы қол қойылды және 2021 жылы жаңартылады, өйткені шартқа әр 3 жыл сайын қол қойылады.
- Біз әрқашан жан-жақты және тұрақты дамуға ұмтыламыз және кәсіпорынның өңірдің әлеуметтік дамуына қосқан үлесі үшін өңір тұрғындары мен мемлекеттік органдардың алғысын жоғары бағалаймыз.



COVID-19



2020 жылдың басынан бастап жұмыскерлерді пандемиядан қорғау және жаңа жағдайларға бейімделу үшін барлық процестерді қайта құру басты міндет болды.

COVID-19 пандемиясы кезінде Компанияда өндірістік процестерді тоқтату болған жоқ, шамамен 300 жұмыскер бұрынғы режимде жұмыс істеді. Біз қысқартуды немесе жұмыстан шығаруды жүргізбедік, сыйақылар өсті, еңбек шарты бойынша 1,5 мөлшерлеме екі есе мөлшерде төленді.

Жаппай сырқаттанушылықты төмендету және жаңа жағдайға бейімдеу мақсатында қажетті кешенді шаралар қабылданды. Бұқаралық іс-шаралар тоқтатылды, іссапарлар шектелді, өндірістік қауіпсіздік бөлімімен жұмыс жүргізілді, Компания жұмыскерлеріне апта сайын қоңырау шалып, қашықтан басқару режиміне бейімделді. Жұмыскерлерге жүргізілген сауалнама бойынша вахталардың ұзақтығын 14/14 форматынан 21/21 және 28/28 форматына дейін ұлғайттық. Вахталық кентте карантин үшін орын ұйымдастырылды және аумақта болу ПТР тест бойынша қатаң қадағаланды.



ӘЛЕУМЕТТІК СКАНЕРЛЕУ

GRI 403-6

2019 жылы ESAP жобасы аясында тұрғындар арасындағы жағдайды жақсы түсіну үшін Тайқоңыр кентінің тұрғындарын әлеуметтік сканерлеу жүргізілді. Әлеуметтік сканерлеу спутниктік картографиялық материалдарды талдауды, елді мекендерге баруды, жер пайдаланушылармен және үкіметтік емес ұйымдармен кеңесуді қамтиды. Осы жоба аясында біз келесі жұмыстар атқардық:

- көшпелі мал шаруашылығының көші-қон жолдарын қоса алғанда, қоршаған аумақтарда су және жер пайдалану түрлерін анықтау және карталау;
- көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын халықты қоса алғанда, су және жер пайдаланушыларды (ықтимал әсер ету рецепторларын) сәйкестендіру;
- кәсіпорындардың экологиялық, әлеуметтік әсеріне назар аударатын жергілікті қоғамдас-



тықтар мен үкіметтік емес ұйымдар арасында мүдделі тараптарды сәйкестендіру;

- сауаттылық деңгейін, мәдени әртүрлілікті, тілдік артықшылықты, халықтың осал топтарының немесе қарым-қатынас қиын болуы мүмкін топтардың (мысалы, әйелдер немесе байырғы халықтар), қарым-қатынас тәсілдері мен әдет-ғұрыптарды қоса алғанда, ақпаратты тиімді ұсыну үшін маңызды мүдделі тараптардың сипаттамалары профилін құру.

Сондай-ақ, жыл сайын Әлеуметтік өзара ықпалдастық және коммуникациялар орталығы (ӘӨКО) тарапынан әлеуметтік тұрақтылық индексіне мониторинг жүргізіледі, оның нәтижелері бойынша жағдайды жақсарту бойынша жоспарлар әзірленіп жатыр.



КОМПАНИЯНЫҢ ВАХТАЛЫҚ КЕНТІНДЕ БАСКЕТБОЛ, ВОЛЕЙБОЛ ЖӘНЕ ФУТБОЛ ОЙНАУҒА АРНАЛҒАН ЖАБЫҚ ӘМБЕБАП ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ- СПОРТ ҒИМАРАТЫ

Ішкі және сыртқы жарыстарға дайындалу, сондай-ақ жұмыскерлердің бос уақытын өткізу үшін 2018 жылы вахталық кент аумағында біз шағын футбол, баскетбол және волейболдан жарыстарға арналған объект салдық. Объектінің ауданы 770 м². Жарыс басқа Қазатомөнеркәсіп компаниялар арасында өтеді.



Ангарлық үлгідегі жабық дене шынықтыру-спорт ғимараты үй-жайының құрамына мынадай үй-жайлар кіреді: шағын футбол, баскетбол және волейбол үшін ойын алаңы біріктірілген спорт залы, 24 орындық әйелдер мен ерлердің киім ауыстыратын бөлмесі, жаттықтырушы бөлмесі, көрермендерге арналған 72 орындық үй-жай, киім шешетін бөлмелердегі душ және санитариялық тораптар. Барлық бөлмелер қажетті заманауи жабдықтармен жасақталған.

Жобалық ангарда: ойын алаңы, киім ауыстыратын бөлмелер, душ бөлмелері, санитарлық тораптар және көрермендерге арналған трибуна қарастырылған. Салынған дене шынықтыру-спорт ғимаратының арқасында біздің спортшыларымыздың жұмыстан қол үзбей, жарыстарға толық дайындалу мүмкіндігі бар.



ИНКАЙ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ БАЛАЛАРЫН ОҚЫТУДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Бұл бағдарламаның мақсаты біздің жұмыскерлеріміздің балаларына оқу ақысын төлеу түрінде қаржылық көмек көрсету болып табылады. Үміткер болу үшін орта мектеп түлегі немесе Компания бекіткен жоғары оқу орындарының тізімінде бар күндізгі оқу бөлімінің студенті болу қажет. Грант жыл сайын конкурсқа қатысу мүмкіндігімен бір оқу жылы мерзіміне беріледі. БД жыл сайын кемінде 5 бөлімше өкілдерінен тұратын комитетті бекітеді. Комитет құрамына балалары қатысуға өтініш берген жұмыскерлер жіберілмейді.

Конкурсқа қатысу үшін кандидат пен Компания жұмыскерінің Қазақстан Республикасының азаматтығы болуы қажет. Жұмыскер 2 жыл немесе одан да көп жұмыс өтілі бар біздің тұрақты жұмыскеріміз болуы керек. Үміткердің жасы 22 жастан аспауы тиіс, орта мектеп түлектері үшін аттестаттың орташа балы 5 балдан кемінде 3 балл, студенттер үшін – GPA (орташа балл) 4 балдан кемінде 2,4 балл.



АДАМДАР ФОКУСТА

ҚОСЫМШАЛАР

GRI 102-55

Индекс	Көрсеткіш	Тарау/кіші тараулар	Сілтеме/ түсініктеме	Бет
102	ЖАЛПЫ АШЫЛЫМДАР			
102-1	Ұйымның атауы	Есеп туралы	-	5
102-2	Қызмет, брендтер, өнім мен қызметтер	Біз туралы	-	16-20
102-3	Штаб-пәтердің орналасуы	Байланыс ақпараты	-	130
102-4	Операциялық қызмет географиясы	Біз туралы	-	16-20
102-5	Меншік сипаты және ұйымдық-құқықтық нысаны	Біз туралы	-	16-20
102-6	Қызмет көрсету нарығы	Экономикалық қызмет	-	22-23
102-7	Ұйым ауқымы	Біз туралы	-	16-20
102-8	Қызметкерлер және басқа да жұмыскерлер туралы ақпарат	Біз туралы Персоналды басқару	-	16-20, 100-104
102-9	Жеткізу тізбегі	Сатып алу тәжірибесі	-	24-25
102-10	Жеткізу тізбегін ұйымдастырудағы	Сатып алу тәжірибесі	-	24-25
102-11	Сақтық принципі немесе тәсілі	Сатып алу тәжірибесі	-	24-25
102-12	Сыртқы бастамалар	Қауымдастықтарға мүшелік және сыртқы бастамалар Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бастамалар мен шығыстар	-	52-53, 73-81
102-13	Қауымдастықтарға мүшелік	Қауымдастықтарға мүшелік және сыртқы бастамалар	-	52-53
102-14	Жоғары басшылықтың үндеуі	Бас директордың үндеуі	-	14-15
102-15	Негізгі әсерлер, тәуекелдер және мүмкіндіктер	Тәуекелдерді басқару	-	40-44
102-16	Мінез-құлық құндылықтары, принциптері, стандарттары мен нормалары	Корпоративтік басқару Этика және нормалар	-	34-36, 44-45
102-17	Этикадағы кеңес беру мен өтініштер тетіктері	Этика және нормалар	-	44-45
102-18	Басқару құрылымы	Корпоративтік басқару	-	34-36
102-40	Мүдделі тараптар топтарының тізімі	Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл	-	46-49
102-41	Ұжымдық шарттар	Ұжымдық шарттар	-	112-113
102-42	Мүдделі тараптарды анықтау және сәйкестендіру	Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл	-	46-49
102-43	Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау тәсілі	Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл	-	46-49
102-45	Шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізілген заңды тұлғалардың тізбесі	Есеп туралы	-	5

Индекс	Көрсеткіш	Тарау/кіші тараулар	Сілтеме/ түсініктеме	Бет
102-46	Есеп мазмұны мен тақырыптар шекарасын анықтау	Маңызды тақырыптарды анықтау	-	50-51
102-47	Маңызды тақырыптар тізімі	Маңызды тақырыптарды анықтау	-	50-51
102-50	Есепті кезең	Есеп туралы	-	5
102-51	Соңғы есептің шығарылған күні		ТДЕ туралы осы есеп Компания үшін бірінші болып табылады	-
102-53	Есепке қатысты сұрақтар үшін байланыс ақпараты	Байланыс ақпараты	-	130
102-54	Gri Standards сәйкес есеп беру	Есеп туралы	-	5
102-55	GRI көрсеткіштерінің кестесі	GRI мазмұн көрсеткіші	-	118-121

МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАР

Экономикалық қызмет				
103-1	Маңызды тақырыпты және оның шекараларын түсіндіру	Экономикалық қызмет	-	22-23
103-2	Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері	Экономикалық қызмет	-	22-23
103-3	Басқарушылық тәсілді бағалау	Экономикалық қызмет	-	22-23
201-1	Құрылған және бөлінген тікелей экономикалық құн	Экономикалық қызмет	-	22-23
201-3	Белгіленген жеңілдіктері бар зейнетақы жоспарларына байланысты міндеттемелердің қамтамасыз етілуі	Зейнетақы аударымдары	-	108
203-1	Инфрақұрылымға және өтеусіз қызметтерге инвестициялардың әсер етуі және дамуы	Жергілікті қамту	-	26-27
204-1	Жергілікті жеткізушілерге арналған шығыстардың үлесі	Жергілікті қамту	-	26-27
205-1	Сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдер мәніне бағаланатын өндірістік бөлімшелер	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл		45-46
205-2	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың саясаты мен әдістері туралы хабардар ету және оларды оқыту	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	-	45-46
207-1	Салықтар	Салықтар	-	23

Қоршаған орта

103-1	Маңызды тақырыпты және оның шекараларын түсіндіру	Қоршаған орта	-	54-58
103-2	Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері	Қоршаған орта	-	54-58
103-3	Басқарушылық тәсілді бағалау	Қоршаған орта	-	54-58

Индекс	Көрсеткіш	Тарау/кіші тараулар	Сілтеме/ түсініктеме	Бет
Энергия				
103-1	Маңызды тақырыпты және оның шекараларын түсіндіру	Қоршаған орта	-	63-65
103-2	Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері	Қоршаған орта	-	63-65
103-3	Басқарушылық тәсілді бағалау	Қоршаған орта	-	63-65
302-1	Ұйым ішінде энергияны тұтыну	Қоршаған орта	-	63-65
302-2	Ұйымнан тыс энергияны тұтыну	Қоршаған орта	-	63-65
302-4	Энергияны тұтынуды азайту	Қоршаған орта	-	63-65
Су				
103-1	Маңызды тақырыпты және оның шекараларын түсіндіру	Қоршаған орта	-	61-62
103-2	Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері	Қоршаған орта	-	61-62
103-3	Басқарушылық тәсілді бағалау	Қоршаған орта	-	61-62
303-1	Көздер бойынша бөлінген алына-тын судың жалпы мөлшері	Қоршаған орта	-	61-62
Шығарындылар				
103-1	Маңызды тақырыпты және оның шекараларын түсіндіру	Қоршаған орта	-	66-67
103-2	Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері	Қоршаған орта	-	66-67
103-3	Басқарушылық тәсілді бағалау	Қоршаған орта	-	66-67
305-1	Парниктік газдардың тікелей шығарындылары (Score 1)	Қоршаған орта	-	66-67
305-2	Парниктік газдардың жанама энергетикалық шығарындылары (Score 2)	Қоршаған орта	-	66-67
305-7	NO _x , SO _x және басқа да маңызды ластаушы заттардың шығарын-дылары	Қоршаған орта	-	66-67
Қалдықтар				
103-1	Маңызды тақырыпты және оның шекараларын түсіндіру	Қоршаған орта	-	68-71
103-2	Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері	Қоршаған орта	-	68-71
103-3	Басқарушылық тәсілді бағалау	Қоршаған орта	-	68-71
306-2	Айналыс түрлері мен тәсілі бойынша қалдықтардың жалпы массасы	Қоршаған орта	-	68-71
307-1	Экологиялық заңнаманы және нормативтік талаптарды сақтау	Қоршаған орта	-	59-60, 73-81

Индекс	Көрсеткіш	Тарау/кіші тараулар	Сілтеме/ түсініктеме	Бет
Жұмыспен қамту				
103-1	Маңызды тақырыпты және оның шекараларын түсіндіру	Персоналды басқару	-	100-104
103-2	Ұйымнан тыс энергияны тұтыну	Персоналды басқару	-	100-104
103-3	Басқарушылық тәсілді бағалау	Персоналды басқару	-	100-104
401-1	Жаңадан жалданған жұмыскер-лер және кадрлардың тұрақта-мауы	Персоналды басқару	-	105-106
401-2	Уақытша немесе толық емес жұмыспен қамту шарттарында жұмыс істейтін жұмыскерлерге берілмейтін, толық жұмыспен қамту шарттарында жұмыс істейтін жұмыскерлерге берілетін жеңілдіктер	Персоналды басқару	-	106-107
401-3	Ана/әке болуға байланысты демалыс	Персоналды басқару	-	108
402-1	Операциялық өзгерістер туралы хабарлаудың ең аз кезеңі	Персоналды басқару	-	108
Өндірістегі қауіпсіздік				
103-1	Маңызды тақырыпты және оның шекараларын түсіндіру	Өндірістегі қауіпсіздік	-	82-95
103-2	Ұйымнан тыс энергияны тұтыну	Өндірістегі қауіпсіздік	-	82-95
103-3	Басқарушылық тәсілді бағалау	Өндірістегі қауіпсіздік	-	82-95
403-2	Өндірістік жарақаттанудың түрлері мен деңгейі, жоғалған күндер мен жұмыс орнында болмау коэффициенті, сондай-ақ өлім-жітімнің жалпы саны	Өндірістегі қауіпсіздік	-	82-95
403-6	Жұмыскерлердің денсаулығын нығайту	Әлеуметтік сканерлеу	-	114-115
Оқыту және білім беру				
103-1	Маңызды тақырыпты және оның шекараларын түсіндіру	Жұмыскерлерді оқыту және да-мыту	-	109-111
103-2	Ұйымнан тыс энергияны тұтыну	Жұмыскерлерді оқыту және да-мыту	-	109-111
103-3	Басқарушылық тәсілді бағалау	Жұмыскерлерді оқыту және да-мыту	-	109-111
404-1	Бір жұмыскерге шаққанда оқу сағаттарының орташа жылдық саны	Жұмыскерлерді оқыту және да-мыту	-	109-111
404-2	Дағдыларды дамыту және білім беру бағдарламалары, сондай-ақ мансапты аяқтау кезіндегі қолдау бағдарламалары	Жұмыскерлерді оқыту және да-мыту	-	109-111
404-3	Нәтижелілігі мен мансабының дамуына мерзімді бағалау жүр-гізілетін жұмыскерлердің үлесі	Жұмыскерлерді оқыту және да-мыту	-	109-111

Индекс	Көрсеткіш	Тарау/кіші тараулар	Сілтеме/ түсініктеме	Бет
GRI STANDARDS ШЕҢБЕРІНЕН ТЫС МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАР				
	Цифрлық инфрақұрылым	Экономикалық қызмет, Цифрлық инфрақұрылым	-	28-29
	Пандемия жағдайларына бейімделу	Экономикалық қызмет, Пандемия жағдайларына бейімделу	-	30-33
	Ішкі бақылау және аудит	Корпоративтік басқару, Ішкі бақылау және аудит	-	36-37
	КӘЖ басқару	Корпоративтік басқару, КӘЖ басқару	-	37-39
	Қоршаған ортаның экологиялық мониторингі	Қоршаған орта , Қоршаған орта-ның экологиялық мониторингі	-	61
	Қоршаған орта саласындағы радиациялық қауіпсіздік	Қоршаған орта , Қоршаған орта саласындағы радиациялық қауіпсіздік	-	71-72
	ТЖ дайындық	Өндірістегі қа-уіпсіздік, ТЖ дайындық	-	95-99

НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

ҚОСЫМШАЛАР

Экологиялық көрсеткіштер

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2018	2019	2020	½ 2021
Су тарту					
ағынды сулар	мың м³	570	590	502	307
Су ағызу					
сүзу өрістері	мың м³	570	590	502	307
Энергияны тұтыну (жаңартылмайтын көздер)					
дизель отыны	ГДж	64 904	57 864	61 403	36 671
Энергияны тұтыну (жаңартылатын көздер)					
күн энергиясы	ГДж				7
Электр энергиясы	ГДж	136 701	144 773	134 015	62 748
Жылу энергиясы	ГДж	64 904	57 864	61 403	36 671
Көлік құралдарының отын тұтынуы					
дизель отыны	литр	292 517	286 018	221 205	99 935
бензин	литр	204 450	194 073	152 089	69 898
Тұрақты көздердің отынды тұтынуы					
Дизель отыны					
Жылыту қазандары	тонна	1 796 913	1 615 887	1 705 011	1 027 436
Генераторлық қондырғылар	тонна	12 478	43 987	10 109	27 520
Жылжымалы компрессорлық қондырғылар	тонна	495 343	444 642	219 324	99 466
Өзге де жабдықтар	тонна	5 656	4 424	8 604	1 699
Бензин					
Өзге де жабдықтар	тонна	5 342	3 308	2 017	557
Парниктік газдардың жалпы тікелей шығарындылары (Score 1), оның ішінде:	тонна CO ₂ -экв	6 764	6 294	5 598	3 235
CO ₂	тонна CO ₂ -экв	6 711	6 244	5 563	3 210
CH ₄	тонна CO ₂ -экв	6,8	6,5	4,8	3
N ₂ O	тонна CO ₂ -экв	46	44	30	21
Орналасқан жеріне байланысты парниктік газдардың жалпы жанама шығарындылары (Score 2), соның ішінде:	тонна CO ₂ -экв	18 569	19 665	18 204	8 478
Атмосфераға ЛЗ шығарындылары, оның ішінде:					
NO _x	тонна	2,4	2,8	2,4	5,5
SO _x	тонна	0,6	0,8	1,6	2,7
Ұшпа органикалық қосылыстар (ҰОҚ)	тонна	3,7	0,2	0,1	0,029
Қатты бөлшектер (PM)	тонна	8,9	8,9	6	2,3
Күкіртсутегі	тонна	0,001	0,001	0,002	0,0002
Аммиак	тонна	0,05	0,06	0,06	3,39
Күйе	тонна	0,26	0,23	0,23	0,31
Метан	тонна	3,09	3,48	3,88	0,35
CO _x	тонна	10,7	12,3	10,5	9,2

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2018	2019	2020	½ 2021
Қауіпті қалдықтардың пайда болуының жалпы көлемі, оның ішінде:					
бұрғылау шламы	тонна	9 026	9 291	5 665	2 863
Өндірістік қалдықтар	тонна	285	308	354	331
ТРҚ	тонна	800	576	196	25
ҚТҚ	тонна	33	34	23	19
Қауіпті емес қалдықтардың пайда болуының жалпы көлемі, оның ішінде:					
ҚТҚ	тонна	33	34	23	16
Қауіпті қалдықтармен жұмыс істеу тәсілі					
Қайталап пайдалану (ТҚП құбырлар Д50)	қума метр	-	-	-	4 400
Қайталап пайдалан (ТҚП құбырлар Д63)	қума метр	-	-	-	1 600
Кәдеге жарату	тонна	322	278	356	334
Көму	тонна	8 774	9 018	5 334	2 565
мамандандырылған ұйымға беру	тонна	322	278	356	334
Қауіпті емес қалдықтармен жұмыс істеу тәсілі					
Көму	тонна	33	34	23	16

Персонал бойынша көрсеткіштер

Көрсеткіш	2018	2019	2020	½ 2021
Жынысы бойынша бөліністегі жұмыскерлердің орташа тізімдік саны				
Ерлер	575	622	641	631
Әйелдер	104	110	113	110
Барлығы	679	732	754	741
Жұмыскерлердің жасы бойынша бөлінудегі үлесі				
30 жасқа дейін	185	195	153	131
30-дан 50 жасқа дейін	409	446	509	517
50 жастан асқан	85	91	92	93
Барлығы	679	732	754	741
ҚР өңірлері бойынша бөліністегі еңбек шарты (тұрақты және уақытша) бойынша жұмыскерлердің жалпы саны				
Шымкент қ.				
тұрақты	80	88	87	83
уақытша	6	4	4	3
Түркістан облысы				
тұрақты	583	631	653	642
уақытша	9	9	9	12
Нұр-Сұлтан қ.				
тұрақты	1	-	1	1
уақытша	-	-	-	-

Көрсеткіш	2018	2019	2020	½ 2021
Жынысы бойынша бөліністегі штаттан тыс жұмыскерлердің жалпы саны				
Ерлер	48	26	26	31
Әйелдер	9	8	8	6
Жынысы бойынша бөліністе қабылданған жұмыскерлердің жалпы саны				
Ерлер	70	144	43	25
Әйелдер	8	24	10	1
Барлығы	78	168	53	26
Жасы бойынша бөліністе қабылданған жұмыскерлердің жалпы саны				
30 жасқа дейін	40	60	18	10
30-дан 50 жасқа дейін	35	104	32	16
50 жастан асқан	3	4	3	-
Барлығы	78	168	53	26
Өңір бойынша бөліністе қабылданған жұмыскерлердің жалпы саны				
Шымкент қ.	7	20	17	3
Түркістан облысы	10	148	35	23
Нұр-Сұлтан қ.	1	-	1	-
Барлығы	78	168	53	26
Кеткен және қабылданған жұмыскерлердің жалпы саны, кадрлардың тұрақтамауы (%)				
Кеткен жұмыскерлердің жалпы саны	77	76	71	32
Қабылданған жұмыскерлердің жалпы саны	78	168	53	26
Кадрлардың тұрақтамауы	11,3	10,4	9,4	4,3
Жынысы бойынша бөліністе кеткен жұмыскерлердің жалпы саны				
Ерлер	60	66	56	31
Әйелдер	17	10	15	1
Барлығы	77	76	71	32
Жасы бойынша бөліністе кеткен жұмыскерлердің жалпы саны				
30 жасқа дейін	14	19	16	8
30-дан 50 жасқа дейін	39	48	43	18
50 жастан асқан	24	9	12	6
Барлығы	77	76	71	32
Өңір бойынша бөліністе қабылданған жұмыскерлердің жалпы саны				
Шымкент қ.	13	14	19	6
Түркістан облысы	64	61	52	26
Нұр-Сұлтан қ.	-	1	-	-
Барлығы	77	76	71	32
Бала күтімі бойынша демалыс алған жұмыскерлердің жынысы бойынша бөліністегі жалпы саны				
Ерлер	-	1	2	5
Әйелдер	8	9	9	15
Барлығы	8	10	11	20

Көрсеткіш	2018	2019	2020	½ 2021
Бір жұмыскерге жынысы бойынша бөліністегі оқу сағаттарының орташа саны, сағат				
Ерлер	9,2	3,2	13,1	7,6
Әйелдер	11,2	11,9	11,0	8,8
Барлығы	9,6	5,4	12,6	7,9
Бағыттар бойынша бөлінген бір жұмыскерге жылына оқу сағаттарының орташа саны, сағат				
Біліктілікті арттыру (ОЖБ)	10	5	13	8
Қайта даярлау	-	400	400	400
Магистратура	-	600	600	-
МВА	-	-	500	500
Санаттар бойынша бөлінген бір жұмыскерге оқу сағаттарының орташа саны, сағат				
Жұмысшы	4,2	31	3	2
Жетекші	15,1	16,2	13,2	9,6
Жұмыскер	8,1	9,9	4,5	2
Маман	7,9	17,9	13,9	9,1
Біліктілігі жоғары маман	15,2	13,4	9,5	10,7
Жұмыскерлердің санаттары бойынша бөлінген нәтижелілігін және мансабының дамуын бағалаудан өткен жұмыскерлердің саны, адам				
Жоғары буын басшылары	13	22	22	23
Орта буын басшылары	45	60	62	63
Мамандар	255	234	229	228

АББРЕВИАТУРАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АЖЖ	Апатты жою жоспары
АЖҚС	Автомобильге жанармай құю станциясы
АҚ	Акционерлік қоғам
АҚ	Азаматтық қорғау
АҚҚ	Азаматтық қорғауды қалыптастыру
АҚХА	Атом қуаты халықаралық агенттігі
АТ	Ақпараттық технологиялар
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары
БЖ	Бағдарламалық жасақтама
БК	Бірлескен кәсіпорын
БМЖ	Біріктірілген менеджмент жүйесі
БС	Бас директор
БҰҰ ЖК	Біріккен Ұлттар Ұйымының Жаһандық келісімі
ГДж	Гигаджоуль
ҒЗЖ	Ғылыми-зерттеу жұмысы
ГТП	Геологиялық-технологиялық полигон
ДӨ	Дайын өнім
ЕҚ	Еңбекті қорғау
ЕҚжӨҚ	Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік
ЕТЖ	Ең төменгі жалақы
ӘӨКО	Әлеуметтік өзара ықпалдастық және коммуникация орталығы
ЖЖМ	Жанар-жағармай материалдары
Жк	Жиілік коэффициенті
ЖКЖ	Жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары
ЖКО	Жол-көлік оқиғасы
ЖҚТК	Жұмыстардың қауіптілігін талдау картасы
ЖШС	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ЗТБ	Заңды тұлғалар бірлестігі
ІНҚ	Ішкі нормативтік құжаттар
КВт	Киловатт
КӘЖ	Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік
КТ	Компьютерлік томография
ҚАӨ	Қазатомөнеркәсіп
ҚББ	Қауіпсіздікті бақылау бөлімі
ҚЕХС	Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарты
ҚӘ	Қауіпті әрекет
ҚЖ	Қауіпті жағдайлар
ҚЖЖ	Қатысушылардың жалпы жиналысы

АББРЕВИАТУРАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚК	Қадағалау кеңесі
ҚМА	Қауіпсіздіктің мінез-құлық аудиті
ҚНЖЕ	Құрылыс нормалары және ережелері
ҚО	Қоршаған орта
ҚОҚ	Қоршаған ортаны қорғау
ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚТ	Қауіпсіздік техникасы
ҚТҚ	Қатты тұрмыстық қалдықтар
ҚЯҚ	Қазақстанның ядролық қоғамы
ЛЗ	Ластаушы заттар
МЕА	Меншікті емес активтер
МТ	Мүдделі тарап
НӨЗ	Негізгі өңдеу зауыты
ОЖ комитеті	Operational Excellence (операциялық жетілдіру)
ӨҚ	Өнеркәсіптік қауіпсіздік
ӨҚД	Өндірістік қауіпсіздік департаменті
ПГ	Парниктік газдар
ПӘК	Пайдалы әсер коэффициенті
ПҚӨС	Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық
ПТР	Полимерлік тізбекті реакция
РҚ	Радиациялық қауіпсіздік
СОР	Стандартты операциялық рәсімдер
ТБЖ	Тәуекелдерді басқару жүйесі
ТГАЖ	Тау-кен геологиялық ақпараттық жүйелер
ТЖ	Төтенше жағдайлар
ТЖҚ	Тауарлар, жұмыстар және қызметтер
ТЖМ	Төтенше жағдайлар министрлігі
ТК	Техникалық комитет
ТҚП	Төмен қысымды полиэтилен
ТРҚ	Төмен радиоактивті қалдықтар
ТРҚКП	Төмен радиоактивті қалдықтарды көмуге арналған полигон
ТТК	Тиімділіктің түйінді көрсеткіштері
ТЭН	Техникалық-экономикалық негіздеме
УТШТ	Уран тотығы-шала тотығы
ҰАК	Ұлттық атом компаниясы
ҰӘҚ	Ұлттық әл-ауқат қоры
ҰОҚ	Ұшпа органикалық қосылыстар
ХӘҚҚ	Халықаралық Әлеуметтік қамсыздандыру қауымдастығы

АББРЕВИАТУРАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ЭК	Экологиялық кодекс
ЭКГ	Электрокардиограмма
ЭТКБ	Эквивалентті тепе-теңдік көлемдік белсенділік
1С ӨКБ	1С Өндірістік кәсіпорынды басқару
BYOD	Bring Your Own Device - жеке құрылғыларды пайдалану концепциясы
Cisco ISE	Cisco Identity Services Engine - қол жеткізуді басқару жүйесін құруға арналған плат-форма
DMAIC	Define, Measure, Analyze, Improve, Control - анықтау, өлшеу, талдау, жетілдіру, бақы-лау
ESAP	Environmental and Social Action Plan - Экологиялық және әлеуметтік іс-шаралар жоспары
FCPA	Foreign Corrupt Practices Act - Шетелдегі сыбайлас жемқорлық туралы заң
GIIP	Good International Industry Practice - озық халықаралық өнеркәсіптік практика
GRI	Global Reporting Initiative - жаһандық тұрақтылық туралы есеп беру бастамасы
HR	Human Resources - адам ресурстары
ISO	International Organization Standadization - Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым
IT	Information Technology - Ақпараттық технологиялар
LTD	Limited Trade Development - Жауапкершілігі шектеулі қоғам
LTIR	Lost Time. Incidence Rate - Жарақат саны / жұмыспен өтелген адам-сағат
MBA	Master of Business Administration - Іскерлік әкімшілендіру магистрі
PM2	Process Manager 2 - жұмыс ортасы процесінің диспетчері
SOX	Sarbanes-Oxley Act - Сарбейнз — Оксли Заңы

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

GRI 102-3,102-53

«Инкай» БК» ЖШС

Мекен-жайы: 160021, Шымкент қ., Қонаев даңғылы, 80 ғим.

Телефон: +7/7252/ 99 71 82

Факс: +7/7252/ 99 71 83

Веб-сайт: www.inkai.kazatomprom.kz

Тұрақты даму мәселелері жөніндегі электрондық пошта: gyussupov@inkai.kz

Тұрақты даму туралы есептілікті дайындау бойынша байланысушы тұлға –
Ғалымжан Юсупов, Сапа менеджменті секторының жетекші маманы, Корпоративтік даму басқармасы.

Есептің шығу күні: 30 қыркүйек 2021 жыл



Inkai

АДАМДАР ФОКУСТА





АДАМДАР ФОКУСТА

